

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәuletбекова, Р. С. Раҳметова, А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мүкеева

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ БАЙШЕШЕК

ОҚУЛЫҚ

7-СЫНЫП

Рекомендовано  
Министерством образования и науки  
Республики Казахстан

1-бөлім

Көкжиек-Горизонт  
2017

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Қаз-922  
Қ17

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәuletбекова, Р. С. Рахметова,  
А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мукеева

Фылыми кеңесшілер:

Өмірзақ Айтбаев — филология ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан Республикасы Үлттық ғылым академиясының академигі,  
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті

Әділ Құрманжанұлы Ахметов — филология ғылымдарының  
докторы, профессор, Ресей Жоғары мектеп халықаралық ғылым  
академиясының академигі, Жоғары оқу орындары Еуропалық  
қауымдастыры атқарушы кеңесінің мүшесі

Қ17 Қазақ тілі мен әдебиеті: Бәйшешек. Оқулық: Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық  
жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған. 1 бөлім /Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәuletбекова,  
Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мукеева. — Алматы: Көкжиең-Горизонт, 2017 — 152 6.

ISBN 978-601-7832-31-5

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-30-8  
ISBN 978-601-7832-31-5 — (1-бөлім)

© «Көкжиең-Горизонт» ЖШС, 2017

## Құрметті жас дос!

Сен қазақ тілінің «Балапан» деп аталатын бөлімін аяқтап, енді «Бәйшешекке» аяқ бастың. «Бәйшешек» сөзі қазақ ұғымында «сену, достық, ададлық, тазалық» дегенді білдіреді. Халық өз ауласында әдемі бәйшешек гүлін өсіруді «жақсылықтың нышаны» деп есептеген. Бәйшешек көктемде қар кете салысымен өсіп шығатын гүл екенін өзің де білесің. Ол қыстың әлі кете қоймаған ызғарынан қорықпай, көктемді шақырады. Ол — ерліктің символы. Бәйшешек адамдардың бойына жылылық дәнін себуге асығады. Олай болса, сен де қазақтың ойлы, мазмұнға бай сөзін көкіргіңде, жадында сақтап, асқақ армандарға жетесің; адам жанын түсінесің; қоршаған ортаның, табиғаттың құпия сырын ұғасың, қазақ тілін меңгеру арқылы айналандағы адамдарға ізгіліктің, жылылықтың нұрын себесің. Тілді білу арқылы сенің танымың кеңейеді, эстетикалық талғамың өсіп, сұлулық пен әсемдіктің асқақ құдіретін түсінесің.

Бұл оқулық сені айналандағы адамдармен еркін қарым-қатынас жасауға, пікірле-суге, сауатты жазуға, дұрыс, әсерлі сөйлеуге үйретеді.

«Бәйшешек» сабактарында сен қазақ халқының әдебиетімен танысасың. Тіл мен әдебиетті қатар меңгересің. Сені қызық тапсырмалар қүтеді: қазақша сөйлей білу-ге, пікіріңді дәлелдеп айтуда үйренесің; ақын-жазушылардың шығармаларымен танысасың, мақал-мәтел арқылы ойынды түйіндеп жеткізесің; дербес, жұптық топтық тапсырмаларды орындаңың. Тілдік жаттығулар ойлануға, өз бетіңмен жаңа сөйлемдер құрай білуге көмектеседі. Оқулықтағы түрлі тапсырмалар сені достарыңмен жақын араласуға, қоршаған ортаңды танып, өз ойынды еркін жеткізу-ге, сырынды бөлісуге көмектеседі.

Мұғалімнің берген тапсырмаларын толық әрі дұрыс орындаі отырып, қазақ тілінің сөз байлығын терең меңгерсөң, қызық шығармалар оқысаң, жұмбақ шешсөң, мақал-мәтел мағынасын түсініп айта білсөң, келесі деңгейге өтіп, қазақ тілінде еркін сөйлейтін боласың.

Талабыңа нұр жаусын, жас дос!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ – ҚАЗАҚ ТІЛІН  
ОҚЫП ҮЙРЕНЕМІЗ.  
ҮШ ТІЛДІ БІЛУ – ҮЛКЕН ӨНЕР.  
М. Жұмабаев «Қазақ тілі» өлеңі**

1–2  
САБАҚ

# Көп тіл білгім келеді

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сөйлемдерді тыңда. Өз ойынды айт.  
Қазақ тілін білу не үшін керек?

1. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.
2. Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әр азamatының міндегі.
3. Бейбіт өмір сүру үшін татулық қажет.
4. Қазақ тілін білген адам қазақ халқының тарихын, мәдениетін біледі.
5. Қөп тіл білу – рухани байлық.

### ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Қанатты сөздерді оқы.  
Түсіндірме сөздіктің көмегімен  
қою қаріппен жазылған  
сөздердің мағынасын анықта. Тіл  
туралы өзіңе ұнаған мақал-мәтел  
мен нақыл сөздерді жазып ал.

### ЖАҢА СӨЗДЕР

шет тілдері, тіл үйрену  
курстары, тілдік деңгей,  
белсенді сөздер

1. Жеті түрлі **ілім** біл, жеті жүрттың тілін біл (мәтеп)
2. Ана сүті бой өсіреді,  
Ана тілі ой өсіреді (**мақал**).
3. Қөп тіл білген адамның жолы **данғыл**  
(С. Шаймерденов).
4. Аナンыздың ақ сүтімен бойымызға **дарыған**  
тілімізді ұмыту — бүкіл ата-бабамызды,  
тарихымызды ұмыту (**Бауыржан Момышұлы**).
5. Ана тілін білмейтін адам бір қолы жоқ **шолақ**  
адам сияқты... (**Ғабиден Мұстафин**).

## ТІЛДІК БАҒДАР

### Көмекші есімдер


**Көмекші есім — лексикалық мағынасынан айырыла бастаған, сөйлемде зат есімдермен тіркесіп қолданылатын есім сөздер.** Көмекші есімдер: *тұби, шеті, бойы, жсаны, маңы, төңірегі, қасы, арасы, ортасы, іши, басы, жасы, соңы. Мысалы: жаз ортасы, түн іши, маң алды.*

Көмекші есім тәуелдік жалғаудың үшінші жағында тұрады: *ауылдың жсаны, үйдің қасы,*

*мектеп іши.*

Кейір көмекші есімдер толық мағыналы сөз ретінде қолданылып, **сөйлем мүшесі** бола алады. Олар: *төңірек, айнала, маң, жсақ. Мысалы: Төңірек мұлгіген орман.*

Көмекші есімдер **зат есіммен** тіркесіп, сөйлемнің бір ғана мүшесі болады. Мысалы: Ауыл маңында (қайда?) үлкен көл бар.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Кестеге көмекші есімдер тіркескен сөздерді жазып, толықтырыңдар.

**Улғи:** мектептің маңы.

сырты	іші	қасы	асты	үсті	жаны

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Сөйлемдегі көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жаз.

**Керекti сөздер:** ішінде, алды, артында, сыртында, артта, арты

1. Өнер ... — қызыл тіл. 2. Үй ..... кісі бар, әр нәрсемен ісі бар. 3. Мал аласы ....., адам аласы ..... 4. Адасқанның алды — жән, ... — соқпақ. 5. Бала — ..... қалған із.

## АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

«Кім жылдам?» Жұптық жұмыс. Бірінші оқушы зат есімді айтады, екінші оқушы оған тіркесетін көмекші есімді жылдам тауып айтуды керек. Қай жұп көп әрі дұрыс сөз тіркесін құраса, сол жұп жеңімпаз болады. Мысалы: 1-оқушы: «Көше», — десе, 2-оқушы: «Көшенің бойы» деп айтуды керек.

## МЕТИНМЕН ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтінді түсініп оқы. Мазмұнын өз сөзіңмен айт.

Басқа тілді үйрену үшін, ең алдымен, ана тілінің қыр-сырын жақсы білуің керек. Өз тілінді жақсы білсең ғана, басқа тілді үйрене аласың.

Кейір зерттеушілердің пікірінше, басқа тілде өз ойыңды жеткізу үшін 2 мың белсенді сөзді білген дұрыс. Сонда ғана кітап оқып, емін-еркін ақпарат алуға болады. Ол үшін тіл үйрену курстарына барған дұрыс. Кем дегенде 5 мың сөз игерсөн, ақпарат есігі ашылады.

Қазақ тілі — көркем тіл. Ол синоним сөздерге, фразеологизмдерге, мақал-мәтелге бай. Қазақ тілі түркі тілдер тобына жатады. Қазақ тілін білген адамға өзбек, түрікмен, үйғыр тілдерін түсіну оңай.

Орыс тілі славян тілдері тобына жатады. Олай болса, орыс тілін билетін адам украин, белорус, поляк, чех тілдерінің ерекшеліктерін тез менгереді.

Қытай тілінде 10 мыңдай таңбаны үйренсөн, жапон жазуын да тез үйренесін.

## АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Мәтін мазмұны бойынша бірнеше сұрақ қой.

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер.

Ақпарат	Иә	Жоқ
Басқа тілді үйрену үшін ана тілінді жақсы білуің керек.		
Басқа тілде өз ойынды жеткізу үшін 5 мың белсенді сөз білген дұрыс.		
Тілді тез меңгеру үшін тіл үйрену курстарына барған дұрыс.		
Бір тілде 5 мың сөз игерсең, ақпарат есігі ашылады.		
Қазақ тілі славян тілдер тобына жатады.		
Қазақ тілін білген адамға өзбек, түрікмен, үйғыр тілдерін түсіну қыын.		
Орыс тілі роман-герман тілдері тобына жатады		
Орыс тілін билетін адам ағылшын тілін де тез менгереді.		

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Мәтіндегі ойды сақтай отырып, сөйлем құрап жаз. Әр сөйлемде көмекші есім сөздер болсын.

**Үлгі:** 5 мың белсенді сөз білген адамның алдынан ақпарат есігі ашылады.

## ТЫҢДАЛЫМ

### 10 -тапсырма.

Тіл  
үйренушілердің  
өз тәжірибесі  
туралы пікірін  
тыңда.

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

1. « ... Шет тілдерін үйрену үшін сөз жаттау, ғаламтор арқылы түрлі үлт өкілдерімен байланыс орнату қажет».

2. «...Корей тіліне қатты қызықтый. Мультфильмдерді, фильмдерді көру арқылы корей тілін үйрендім. Корей музыкасын жиі тыңдаймын. Корей тілін меңгеру үшін арнайы курстарға қатысқан жоқпын. Барлығын жеке кітап-дискілермен менгердім. Ал қытай тілін ғаламтордағы аудиокурстар арқылы оқыдым».

3. «Жалпы, тіл үйрену үшін ғаламтордағы онлайн-курстардың көмегі зор».

4. «... Күніне ғаламтордан қойын дәптеріме 50 белсенді сөз көшіріп жаздым. Соны жолда, қолым бос кезде, қоғамдық көлікте жаттап жүрдім. Күніне 40 сөз тіркесін жаттаймын».

5. «Жалпы, тіл үйрену үшін адамның өзінде қызығушылық болу керек».

6. «Негізгі тіл үйренудің ең оңай жолы — сол елдің Отанына бару».

7. «... Бала өзінің ана тілін жақсы білсе, басқа тілді үйренуі женіл болады».



## ЖАЗЫЛЫМ

### 11 -тапсырма.

Тіл үйренушілердің пікірінен қандай ой түйдің? Өзің ше, не айтар едің? Сен неше тіл білесің? Енді неше тіл білгің келеді?

Тіл үйренушілерден түйгенім	Тіл үйренудегі өз тәжірибем

## ЖАЗЫЛЫМ

### 12 -тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып жаз.


Қазақстан Республикасының ... тілі — қазақ тілі. Қазақ тілі — қазақ халқының ... тілі. Біздің елімізде .... тілі — ресми тіл. Ал ... тілі — халықаралық қатынас тілі. Қазақ ... — менің ана тілім. Сондықтан ол тілде еркін сөйлеймін. Ал... тілінде шағын әңгімелер оқимын, теледидардан деректі фильмдер көремін, ... тыңдаймын. ... тілінде шетелдегі достарыма хат жазамын. Болашақта ..., ..., ... тілдерін менгергім келеді.

**Қажетті сөздер:** ана, мемлекеттік, ағылшын, орыс, қазақ, тіл.

## ЖАЗЫЛЫМ

**13**-тапсырма. Қосымша дереккөздерден қазақ тілі туралы ақпарат жина.

«Қазақ тілі — қандай тіл?» тақырыбына кластер құрастыр.



## АЙТЫЛЫМ

**14**-тапсырма.

Диалог. «Көп тіл білу үшін...» тақырыбында диалог құрындар. Диалогте тіл туралы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді қолданындар. Сөздеріне көмекші есімдерді кірістіріндер.

### ЕСТЕ САҚТА!

Тіл үйренемін.  
Тіл үйрену курстарына барамын.  
Белсенді сөздерді жаттаймын.  
Қазақ тілінің ерекшеліктерін үйренемін.

# Талаптың нұр жаудар!



## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Бұындардан сөз, ол сөздерден сөйлем құрап жаз.  
Құралған сөйлемнің мағынасын өз ойыңмен таратып айт.

нұр	жа	та	ты	ур	ға	лап
-----	----	----	----	----	----	-----

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Берілген қатардан «талапты» сөзіне синоним болатын сөздерді тап. Сол сөздерді қатыстырып, тіл үйренуге байланысты 3 сөйлем құрап жаз.

ақылды  
жалқау  
тапқыр  
тәртіпсіз

дарынды  
ізденімпаз  
еріншек  
өнерлі

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Сөздерге тиісті көмекші есімдерді жалғап жаз.

**Көмекші есімдер:** бойында, жанында, маңында, қасында.

Елдардың үйінің ... тіл үйірмесі бар. Оның үйі көшениң ... орналасқан. Көшениң ... тал көп. Алуаның үйі мектептің ... . Мектептің ... кітап дүкені бар.

### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 4 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы. Түсінгеніңді айт.

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

Анна сабактан кейін мектептегі қазақ тілі үйірмесіне қатысады. Үйірмеде олар қазақ тілін үйренеді. Ақын-жазушылардың шығармаларымен танысады.

Анна «Мұқағали Мақатаев оқуларына» қатысты. Жарыстың алдында ол жақсы дайындалды. Анна ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, бірінші орын алды. Осы байқаудан соң оның қазақ тіліне деген қызығушылығы арта түсті.



Анна — өте талапты, ақылды, ізденімпаз оқушы. Ол түрлі әдеби шығармаларды, әсіресе, поэзияны ерекше ұнатады. Анна оқу жылының басында Мұқағали Мақатаев шығармашылығы туралы көп материал жинады. Оның үстіне әпкесі жобаға қатысуға кеңес берді. Анна жоба жұмысын да жоғары деңгейде дайындады. Жоба жұмысы көп ізденуді талап етеді. Анна жоба жұмыстары бойынша мектеп оқушыларының қалалық байқауына қатысты. Байқауда терең білімін, тіл байлығын, шешендік өнерін көрсетіп, женімпаз атанды. Байқауға қатысушылардың арасынан ол өзіне жақсы достар тапты.

«Талаптыға нұр жауар» деген — осы.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтіннің ішінен құрамында көмекші есімдер бар сөйлемдерді теріп жаз.

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Әр сөйлем бойынша сұрақ қой.

1	Анна — өте талапты, ақылды, ізденімпаз оқушы.	
2	Ақын-жазушылардың шығармаларымен танысады.	
3	Оның үстіне әпкесі жобаға қатысуға кеңес берді.	
4	Ол оқу жылының басында М. Мақатаев туралы көп материал жинады.	
5	Анна жоба жұмысына көп дайындалды.	
6	Анна байқауда тіл байлығын, шешендік өнерін көрсетіп, женімпаз атанды.	
7	Байқауға қатысқандардың арасынан ол өзіне жақсы достар тапты.	

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Сөйлемдерді оқы. Мәтін мазмұнына сәйкес ретімен айт.

- Ол ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқудан бірінші орын алды.
- Анна «М. Мақатаев оқуларына» қатысты.
- Үйірмеде олар қазақ тілін терең үйренеді.
- Анна мектептегі қазақ тілі үйірмесіне қатысады.
- Ақын-жазушылардың шығармаларымен танысады.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Аннаның қазақ тілін үйрену баспалдақтарын сызба бойынша жаз.

4

3


2

1

## АЙТЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Диалог. Рөлдік ойын.  
Жағдай: Анна жеңіске жеткеннен кейін оған «Хабар» телеарнасының тілшісі келіп сұхбат алуы керек. Тақта алдына екі оқушыдан шығып, Анна мен журналистің сұхбатын көрсетіңдер. Сынып ең үздік диалогті анықтасын.



## ЖАЗЫЛЫМ

**10** -тапсырма.  
Әр сөйлемді қажетті сөздермен толықтырып жаз.

**Қажетті сөздер:** белсенді сөздік қоры, материал жинау, іздену, жоба жұмысы, еңбектену, көп.

1. \_\_\_\_\_ ізденуге, талаптануға үйретеді. 2. Жоба жұмысы көп \_\_\_\_\_ талап етеді. 3. Жоба жұмысына \_\_\_\_\_ керек. 4. Оқушы жеңіске жету үшін \_\_\_\_\_ мол болуы керек. 5. Анна оқу жылының басынан қалалық байқауға \_\_\_\_\_ дайындалды.

## АЙТЫЛЫМ

**11** -тапсырма.

«Оймоншақ». Топқа бірігіндер. «Анна жоба жұмысында қалай жеңімпаз атанды?» деген сұрақта топтағы әр бала кезекпен 1 сөйлемнен құрай отырып жауап беріңдер. Сөйлемдерің бір-бірімен байланысып, соңында тұтас мәтін болып шығуы тиіс.

## ЖАЗЫЛЫМ

**12** -тапсырма. Төменде берілген сөздерге көмекші есімдерді тіркестіріп жаз. Өзің қалаған тіркестерді қатыстырып, жоба жұмысына, тіл үйрену курстарына байланысты 4 сөйлем құрап жаз.

Оқу жылының	Жеңімпаздардың	Жобаның	Қатысуышылардың	Жұмыстардың
басында, орта-сында, соңында				

## ЖАЗЫЛЫМ

**13** -тапсырма.

«Қазақ тілі олимпиадасына қатысқым келеді» тақырыбына мәтін құрап жаз. Мәтінде көмекші сөздерді қолдан.

## АЙТЫЛЫМ

**14** -тапсырма. **Жағдаят:**

Полилог. Сынып 4 топқа бөлінсін. Мектептің жанынан «Қазақ тілі үйірмесі» ашылғалы жатыр. Үйірме жұмысы оқушылардың қалауы бойынша жұмыс бағыты мен уақыт кестесін құратынын хабарлады. Енді сендер үйірмеде нені үйренгілерің келетінін, қай уақыт қолайлы екенін шешу үшін пікірлесіңдер, ортақ келісімге келіңдер. Сөздерінде тілге, білімге қатысты мақал-мәтелді қолданыңдар.

### ЕСТЕ САҚТА!

Анна жоба жұмысын жасады. Ол көп материал жинады. Жоба жұмысы көп ізденуді талап етеді. Аннаның жобасы байқауда жеңімпаз атанды.

# «Қазақ тілі» өлеңі

5 – 6  
САБАҚ

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Суреттегі адамды танисың ба? Ол туралы не білесің? Оның қандай шығармаларын оқыдың?
- Тіл туралы қандай өлең, әндер білесің? Айтып көр.
- Тіл туралы қандай мақал-мәтел білесің?

### ЖАҢА СӨЗДЕР

айбынды, жасауды тағдыр,  
бақ, кен тілім, ұмытылды,  
тарады

### ОҚЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Суретке қара. Мәтінді оқы.

Мағжан Жұмабаев — қазақтың ұлы ақыны. 1893 жылды Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Сасыққол деген жерде туған. Бала кезінен өте зерек болған. Мағжан төрт жасынан хат таныған. Қызылжардағы М.Бегішев ашқан медреседе 5 жыл, Уфадағы «Фалия» медресесінде 3 жыл оқыған. 1912 жылды Қазан қаласында «Шолпан» атты тұңғыш жинағы басылды. М. Жұмабаев Омбыдағы мұғалімдер семинариясын бітірген соң, «Алаш» партиясын құруға қатысты. 1938 жылды «халық жауы» деген жаламен жазықсыз атылды. Ол — қазақ әдебиетінің тарихында өз орны бар үлкен ақын. Мағжан — «Батыр Баян», «Қорқыт», «Ертегі» атты поэмалардың және «Педагогика» оқулығының авторы. Мағжан поэзиясында отаншылдық, ұлттық рух, патриотизм бар. Оның тілі көркем, жаңашылдыры жоғары.


(Ғаламтор материалдарынан)



## ЖАЗЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, «Мағжан — кім?» деген сұрақта жауап бер. Ол үшін төмендегі диаграмманы толтыр. Мәтіндегі деректерді кіристіріп, ақын туралы шағын мәтін құрап жаз.



## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Ақынның суретіне қара. Төмендегі тірек сөздерді қатыстырып, оның бейнесін сипаттап айт.

*Tіrek сөздер:* келбетті, бүйра шашты, кең маңдайлы, мейірімді, қыр мұрынды, қара қасты және т.б.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Өлеңді тыңда. Мәнерлеп оқы.

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### Қазақ тілі

Күш **кеміді, айбынды** ту құлады,  
Кеше батыр — бүгін қорқақ, **бұғады**.  
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісендे,  
Қан суынған, жүрек **солғын** соғады.

Қыран құстың қос қанаты қырқылды,  
Құндей құшті, құрқіреген ел тыңды.  
Асқар Алтай — алтын ана есте жоқ,  
Батыр, хандар — асқан жандар ұмытылды!

Ерлік, елдік, бірлік, **қайрат, бақ, ардың**  
Жауыз тағдыр жойды бәрін, не бардың...  
Алтын Құннен бағасыз бір белгі бол,  
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, **кен** тілім,  
Таза, терен, өткір, күшті, кең тілім.  
**Тарап кеткен** балаларынды бауырыңа  
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

(М.Жұмабаев)

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Өлең мәтініндегі қою қаріппен жазылған сөздерді дәптеріңе жаз. Олардың мағынасын Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін пайдаланып анықта.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Берілген сөздердің синонимін, антонимін тауып жаз.

Сөз	өткір	аибынды	батыр	кушті	қос	солғын	бірлік
синонимі							
антонимі							
Сөз	бақ	жауыз	бағасыз	белгі	ұзақ	тарау	тарту
синонимі							
антонимі							

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

М. Жұмабаев өлеңінің мазмұны бағандада жазылған қай сөйлеммен сәйкес келетінін айт.

Ана тілім, енді ұзақ уақыт жарыққа шыға алмай жатарсың. Бірақ бізді өзіңің бауырыңа тартарсың. Өйткені сен ең күшті тілсің!	Қатал тағдыр бізде-гі асыл, жақсы қасиеттердің барлығын жойып, жоқ қылды. Тек, ана тілі, сен ғана қалдың.	Тұымыз құлады, кешегі мықтылықтан еш нәрсе қалған жоқ, батырымыз еркіндікке жете алмай, күрестен үмітін үзді.	Біздің ең асыл тұлғаларымыздың аты жоқ болды. Тұған жеріміз естен шықты, күшті елдің үні өшті.
---	---	---	--

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

«Қазақ тілі» өлеңін талдау үшін мынадай сұрақтарға жауап жаз.

1. Өлең не туралы?
2. Автор оны не үшін жазған?
3. Автор өз ойын әсерлі жеткізу үшін қандай сөздерді қолданған?
4. Өлеңді оқыған соң саған қандай ой келді?

## АЙТЫЛЫМ

### 10 -тапсырма. Қағдаят:

Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңінің мазмұны туралы досың екеуің сөйлесіндер. Бір-бірінің ойынды жалғастыра отырып, автордың бұл өлеңді кімге арнағаны, не үшін жазғаны туралы айтыңдар.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 11 -тапсырма.

Өлеңді оқы. Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңімен салыстыр. Кестеге жаз.

#### Мужество

Мы знаем, что ныне лежит на весах  
И что совершается ныне.  
Час мужества пробил на наших часах,  
И мужество нас не покинет.

Не страшно под пулями мёртвыми лечь,  
Не горько остаться без кровя,—  
И мы сохраним тебя, русская речь,  
Великое русское слово.

## МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС



Анна Ахматова

Сұрақтар	Мағжан Жұмабаевтың «Қазақ тілі» өлеңі	Анна Ахматовының «Мужество» өлеңі
Өлең не туралы?		
Тілді неге теңейді?		
Қандай ортақ ой бар?		
Қандай ерекшелік бар?		

## ЖАЗЫЛЫМ

### 12 -тапсырма.

Дереккөздерден Мағжан Жұмабаев туралы ақпарат жинаңдар. Соның негізінде «Мағжан Жұмабаев — ұлы тұлға» тақырыбында постер жасаңдар.

#### ЕСТЕ САҚТА!

Айбынды ту құлады. Жауыз тағдыр бәрін жойды. Бақ, ар жойылды. Асыл ерлер ұмытылды. Бірақ, кен тілім, сен бізді сақтайсың!

# Біз омбасымызben мемлекеттік тілде сойлеміз



## МӘТИАЛДЫ ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Өлеңді мәнерлеп оқы. Өлең мазмұнын өз сөзіңмен айт.

Ана тілім,  
Жүргісің анамның.  
Жүрек-ана,  
Мен өзіңнен жарапдым.  
Сағат сайын саулығыңды тілеймін,  
Сенсіз мынау керегі не ғаламның?!

Сенің әрбір тынысыңмен күн кешем,  
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.  
Ел бетіне қалай тұзу қараймын,  
Ана тілім,  
Егер сені білмесем?!

Сенің арқаң — дүниеден сыр ұқсам,  
Сенің арқаң — жүзіп ішсем тұнықтан.  
Туған анамды ұмытқаным емес пе,  
Туған тілім,  
Егер сені ұмытсам?!

(Н. Аитов)

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма. «Қосжазба күнделігі». Ақынның сөзін өз ойыңмен түсіндіріп жаз.

Сөйлем	Түсіндірме
Ана тілім — жүргісің анамның	
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем	
Туған анамды ұмытқаным емес пе, Туған тілім, Егер сені ұмытсам?!	

## ЖАЗЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Өлеңнің әр шумағындағы ойды сызба түрінде жаз. М. Жұмабаев пен Н. Аитовтың тіл туралы ойларында қандай байланыс бар?

1-шумақта:

2-шумақта:

3-шумақта:

## ТІЛДІК БАҒДАР

### ЕКПІН

**Екпін** — сөйлем ішіндегі кейбір сөздердің немесе сөз ішіндегі бір буынның басқаларына қарағанда арнайы ерекшеленіп айтылуы.

Сөз екпіні	Ой екпіні
<p>Сөздің ішіндегі бір буынның көтеріңкі айтылуы «сөз екпіні» деп аталады.</p> <p>Мысалы: Мен мектепке бардым.</p> <p>Балалар ойнады.</p> <p>Қазақ тілінде сөз екпіні тұрақты болады. Екпін сөздің ең соңғы буынына түседі.</p>	<p>Сөйлем ішіндегі бір сөзді бөліп айту ой екпіні деп аталады.</p> <p>Мысалы: Мен <b>мемлекеттік тілде</b> сөйлеймін.</p> <p>Ол <b>қазақша ән</b> айтады.</p>

## ЙАТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қой.

Сөйлемдерді ой екпінін қойып оқы.

1. Мен ... үйреніп жүрмін.
2. Менің анам ... тілін біледі.
3. Менің нағашым ... өте жақсы сөйлейді.
4. Менің жиенім ... тіл біледі.
5. Мемлекеттік тіл — ... ... .

## МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ

### ОҚЫЛЫМ

#### 5 -тапсырма.

Мәтінді  
тыңда.  
Оқы.

Біздің отбасымыз үлкен. Отбасымызда атам, әжем, әкем, анам, ағам, жеңгем, әпкем, інім бар. Бәріміз бірге тұрамыз. Біз отбасымызда ана тілімізде сөйлесеміз.

Қазақ тілі — қазақ халқының ана тілі. Ол — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Елімізде қазақ тілін үйренгісі келетіндерге көп мүмкіндік жасалған.

Атам Мағжан Жұмабаевтың, ал әжем Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін сүйіп оқиды. Ата-анам үш тілді жақсы менгерген. Олар жұмыста қазақ тілінде қызмет көрсетеді. Әкем — пойызыда жолсерік, ал анам — дүкенде сатушы.

Нағашым да орыс тілін жетік біледі. Ол қазақша ән айтады. Ал жиенім қазақша өте жақсы сөйлейді. Себебі ол тіл үйірмесіне барады, қазақша көркем-әдеби кітаптар оқиды, әртүрлі байқауларға қатысады. Ол жақында Мағжан ақынның «Қазақ тілі» өлеңін жаттап алды.

Менің ағам көп тіл біледі. Көп тіл білген жақсы. Көп тіл білген адамның өмірдегі мүмкіндігі де көп. Ағам жақында жоба жұмысын ағылшын тілінде дайындағы. Ол халықаралық грант үтүп алды. Жеңгем де француз тілін үйреніп жүр. Біз отбасымызben мемлекеттік тілде еркін сөйлейміз, өзге тілдерді де жақсы білеміз.

### АЙТЫЛЫМ

#### 6 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұны бойынша отбасында кім қай тілде сөйлейтіні туралы айт.

Әкем .... 	Атам... 	Әжем.... 
Нағашым ... 	<b>Кім қай тілді біледі?</b>  <b>Кім қай тілде сөйлейді?</b>	Ағам... 
Жеңгем... 	Анам... 	Жиенім ... 

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

«Мағынасын анықта!» Мәтіндегі туыстық атауды білдіретін сөздердің мағынасын анықтап жаз. **Улгі:** нағашым — анамның туысы. Туыстық атауларды сөз екпінін қойып айт.

## ОҚЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына жақша ішінен тиісті нұсқасын қойып, оқы. Сөз екпіні, ой екпінін сақта.

Біздің отбасымыз ... (улкен, шағын, онша үлкен емес). Отбасымызда атам, әжем, әкем, анам, ағам, женгем, әпкем, інім — бәріміз ... (бірге, бөлек, кейде бірге) тұрамыз. Біз отбасымызда ... (қазақ, орыс, неміс, француз, түрік, ағылшын) тілдерінде сөйлесеміз. Қазақ тілі — қазақ халқының (ана, туыс, туыстас) тілі. Ол — ... (Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан) Республикасының мемлекеттік тілі. Елімізде қазақ тілін үйренгісі келетіндерге көп ... (мүмкіндік, сыйлық, орын) жасалған.

## АЙТЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Диалог. Мәтіннің мазмұны бойынша Әлібекпен диалог құрындар. Бір-біріңін отбасында кім қандай тіл білетіні туралы әңгімелесіндер.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

Мәтіндегі зат есімдерді түрлеріне қарай бағандарға бөліп жаз.

Дара	Құрделі	Жалпы	Жалқы	Деректі	Дерексіз
әке	ата-анам	тіл	Қазақстан Республикасы	әже	мүмкіндік

## АЙТЫЛЫМ

### 11 -тапсырма.

Төмендегі зат есімдерге көмекші есім сөздерді тіркестір. Оларды қатыстырып, қазақ тілін үйренуге байланысты сөйлем құрап айт.

## МЕТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

Оқу жылы, тіл үйірмесі, бес ай, «Тілашар» кітабы, жоба жұмысы, белсенді сөздер, сатушы.

## АЙТЫЛЫМ

### 12 -тапсырма. Ойланыңдар, табыңдар.

- Оның анасы — менің қарындастым. Сонда ол — маған қандай туыс?
- Оның әкесі — менің нағашым. Сонда мен оған қандай туыс боламын?
- Ол — менің ағамның әйелі. Ол маған кім болады?
- Ол — менің әпкемнің күйеуі. Ол маған кім болады?


## ЖАЗЫЛЫМ

### 13 -тапсырма. Мәтінге сүйеніп, өзінің қай тілдерді білеңдерінің немесе үйреніп жүргенің туралы мәтін құра. Сұрақтарға жауап жаз.

1. Сен қандай тілдерді білесін?
2. Туыстарың қай тілдерді біледі?
3. Нағашың /жиенің/ қай тілде сөйлейді?

## АЙТЫЛЫМ

### 14 -тапсырма. Суреттерге қарап, кімнің қай тілде сөйлей алғатыны туралы айтып бер.



Атам мен әжем ... сөйлеседі.



Нағашым ... сөйлейді.



Ағам мен женгем ... үйреніп жүр.



Әжем ... біледі.

**Қажетті сөздер:** қазақ тілінде, қазақ тілін, көп тіл, қазақша өтө жақсы.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 15 -тапсырма.

Тірек сөздерді пайдаланып, бес сұраулы сөйлем құрап жаз.

**Tірек сөздер:** қазақ тілі, орыс тілі, үйрену, халықаралық тіл, білу, менгеру, мемлекеттік тіл, көп тіл, жиен, әке, нағашы, ана.

## АЙТЫЛЫМ

### 16 -тапсырма. Жағдаят:

Қазақ тілі — мемлекеттік тіл. Оны тез әрі сапалы менгеру үшін не істей керек? Досыңмен ақылдастып, жоспар құрыңдар.

### ЕСТЕ САҚТА!

Қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Менің туыстарым — жездем, женгем, нағашым, жиенім қазақ тілінде жақсы сөйлейді. Ағам қазақша жоба жұмысын жазды.

# Бүгінен бастаймын...



## МӘТИАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Бағандағы сөздерден сөйлем құрап жаз. Құрамында көмекші есімі бар сөйлемдерді анықта.

Мағжан Жұмабаев	оқу жылының	ағам	Тіл олимпиадасына	оқиды
Анна	ішінде	басында	үздік	қатысты.
Әжем	ауылдың	сыртына	«күш кеміді»	болды.
Осы айдың	«Қазақ тілі» өлеңінің	өлеңдерін	жоба жұмысын	салыныпты.
Киіз	үйдің	оқушылары	қызыл ою	деп жазады.
Біздің	Мұқағалидың	ортасында	сүйіп	қорғайды.

### АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Төмендегі көмекші есімдердің қай сөздермен тіркесетінін айт. Өзің қалаған бес тіркесті қатыстырып, тіл үйрену курсы туралы шағын мәтін құрап жаз.

Ай  
Күн  
адам  
үй  
тіл  
көшес  
жарыс  
курс  
кеш

сырт, іш  
ман, жан  
тұс, қас  
алды, арты,  
шет, бет, бой  
бас, орта

ауыл  
кітап  
үйірме  
мемлекет  
кітапхана  
өлең  
ақын  
жоба  
тілек

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### 3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы.

Мен жақында Джеймс Лейн Алленнің «Дәл бүгінгі күннен бастап...» деген тамаша бағдарламасымен таныстым. Ол өмірін жақсарту әр адамның өз қолында екенін айтады. Адам алдына нақты мақсат қойса, ол бәрібір соған жетеді. Бұл туралы ғалым былай деп жазыпты: «Адам баласы өзінің айналасына, басқаларға деген **көзқарасын, ниетін** өзгертсе, олардың да бұған деген қатынасы өзгереді. Адам өзінің ой-пікірін, ниетін өзгертсе, оның өмірі де **өзгереді**. Яғни, тағдырымыз өз қолымызда. Сондықтан да өз бақыттымыз үшін өзіміз күресейік. Сіздерге өз бағдарламамың ұсынамын. Сонымен, бүгіннен бастап «Мен бақыттымын» деген сөзді **басшылықта аламын;**

— бүгіннен бастап мен өзімнің **ой-өрісімді**, білімімді кеңейтемін. Ой қозғауға күш беретін кітаптар оқымын;

— бүгіннен бастап барлық адамға достық ниетпен қараймын. Адамдармен **дауыс көтермей** сөйлесемін, ешкімді сынамауға, ешкімге жөнсіз тиіспеуге тырысамын; қарым-қатынас әдебін сақтаймын;

— бүгіннен бастап мен өз істерімді жоспарлап, күн сайын не істейтінімді жазып отырамын; ерік-кушімді тәрбиелеймін қолға аламын;

Бәріміз осы бағдарламаны **берік** ұстансақ, өміріміз жақсарып, айналадағы адамдармен қарым-қатынасымыз ізгілікке, сүйіспеншілікке құрылатын болады».

Маған бұл бағдарлама ой салды. Оны достарыма көрсеттім. Бағдарлама достарыма да өте үнады. Бағдарламада адамның тағдырында тілдің үлкен рөл атқаратының көрсетілген. Мен бұл бағдарламаның тіл үйренуге де көмегі болатынына сенемін.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Аударма сөздікті пайдаланып, мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің аудармасын жаз.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтінді қайталап оқы. Одан түйген ой қорытындынды З сөйлеммен жаз. Ой түжкүримынды таратып айт.

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Аллен неге: «Адамның тағдыры өз қолында!» — дейді?
2. Адам неге: «Мен бақыттымын!» — деп айтты тиіс?
3. «Адамдарға достық ниетпен қаралу» дегенді қалай түсінесің?
4. Қарым-қатынас әдебіне не жатады?
5. Жоспарлаудың адамның бақытты болуына қандай әсері бар?
6. «Ерік-күшті тәрбиелеу» дегенді қалай түсінесің?
7. «Өзін тәрбиелеу» деген не? Сен бұл бағдарды орындауды неден бастар едің?
8. Күнді жоспарлау арқылы қандай жетістіктерге жетуге болады деп ойлайсың?
9. Алленнің бағдарлары саған ұнады ма? Неге?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Автордың бағдарламасындағы өз ойыңмен үндесетін пікірлерді жазып ал. Неге дәл осы бағдарларды таңдағаныңды айт.

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.


Мәтіндегі автордың ұсыныстары бойынша өз пікірінді айт. Өз тәжірибелде мұндай тәсілді қолданып көрдің бе?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Автордың стилін сақтай отырып, өзіңің қазақ тілін үйренуге қатысты бағдарларыңды 7 пункт етіп жаз. Осы бағдарларды не себепті таңдағаныңды түсіндір. Жазғаныңды көрінетін жерге іліп қой да күн сайын оқып жүр.

**Үлгі:** 1. Бүгіннен бастап күн сайын қазақ тіліндегі белсенді сөздік қорымды 5 сөзге көбейтіп отырамын. 2. Осы аптада Мағжан ақынның «Қазақ тілі» өлеңін жараттаймын...



## АЙТЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

Қайсысы қарым-қатынас әдебіне жатады? Белгіле, өз пікірінді дәлелдеп айт.

1	Телефонмен сөйлесу	Жылдам сөйлеу	Кешірім сұрау	Бұйыра сөйлеу
2	Сыпайы сөйлесу	Баяу сөйлеу	Рұқсат сұрау	Жаргонмен сөйлеу
3	Дауыс көтеру	Дұрыс сөйлеу	Күліп сөйлеу	Тіл тазалығын сақтау
4	Сұрақ қою	Бұрыс сөйлеу	Өтініш айту	Жатып жауап беру

## АЙТЫЛЫМ

### 11 -тапсырма.

«Не істен керек?» ойыны. Сынып екі топқа бөлінсін. Екі топ бір-біріне кезектесіп, тосын сұрақтар қойып, жауап берсін. Сұрақтар сөз әдебіне, сөйлесу мәдениетіне қатысты болсын.

1. Жақын адамыңды ренжітіп қойсан, не істен керек?
2. Саған танысың жазықсыз айқайласа, не істен керек?
3. Өзіңе қай мінезің ұнамайды? Не істен керек?
4. Қазақтарға тән қандай қарым-қатынас әдебін білесің?
5. Досың уәдесінде тұрмады. Не істен керек?
6. Сыныптастың кішкентай баланы алдаң кетті. Не істен керек?
7. Сен ашушаң болып кеттің. Не істен керек?



### ЕСТЕ САҚТА!

Әр адамның тағдыры өз қолында. Қарым-қатынас әдебін сақтау қажет. Досың уәдесінде тұрса, сен оны сыйла.

# Тіл табысу – онер

11 – 12  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Суретке қара. Суреттердегі балалардың әрекеттерін баяндайтын мәтін құрап айт.



### ЖАҢА СӨЗДЕР

қасиет, иемдену, өмір тәжірибесі, құбылыс

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Екі суреттегі балалардың диалогін құрып жаз. Әр диалог 10-12 үнқатпадан тұрсын. Диалогте сыпайы балалар мен дәрекі балалардың қарым-қатынас әдебіне байланысты сөз орамдарын қолдан.

### ТІЛДІК БАҒДАР

#### Эвфемизмдер

**Эвфемизм** (грек. *eu* – жақсы, *rhemē* – айтамын) – дәрекі сөздерді басқа сөзben ауыстырып, сыпайылап жеткізу. Қазақ тілі эвфемизмге бай. Эвфемизм қоғамдағы моральдық, этикалық норма негізінде, сыпайыгершілік пен әдептілікке байланысты туған. Мысалы, «туды» деудің орнына «дүниеге келді», «жарық дүние есігін ашты», т. б. сөз орамдары айтылады. Сондай-ақ адамның дене мүшесіндегі кем-кетікті (саңырау – құлағының мүкісі бар) басқа сөздермен ауыстырып қолданады.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Бағандағы сөздерді сәйкестендір.

1	ұры	дүниеден өтті
2	өтірік айтады	тіл ұзын
3	өлді	қолы сұық
4	ашуланды	сөзінің қоспасы бар
5	өсекші	дауыс көтерді

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### 4 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы.

Тіл — адамзат баласына ғана берілген ұлы **қасиет**, ерекше **қабілет**, табиғаттың **ғажап сыйы**. Әр адамның тілді орынды қолдана алуы оның өмірде жетістіктерге жетуінің негізі болып саналады. Өйткені тіл ғана адамның өзі өмір сүріп отырған ортада өзгелермен тіл табыса білуіне, бірігіп еңбек етуіне, өз орнын **иемденуіне**, өзгелерді тануына, өзін танытуға мүмкіндік береді.

Адамдармен тіл табыса білу — үлкен өнер. Тілсіз адамның биік нәтижеге жетуі, рухани дамуы мүмкін емес. Өйткені адам тек тіл арқылы басқалармен қарым-қатынас жасап, бірлесе өмір суреті, биік арманға қол жеткізеді. Тілдің көмегімен ғана дүние туралы білім алып, өз **көзқарасын** қалыптастырады, адамзаттың **өмір тәжірибесін** үйренеді. Тек тіл арқылы көңіл күйін, ішкі сезімін білдіреді, өзіне өмірлік дос, жақсы **жар** табады.

Кез келген ортада өзін ұстай білетін, ақылды, мінезі жайлы, сөзі түзу адамның беделі жоғары болады. Ол үшін адам барлық нәрсеге ойланған қарап, таныс-бейтансыс адамдармен сыпайы сөйлесе алуы, сөзді дұрыс қолдануы қажет.

Сонымен, тіл — адамдардың өзара пікір алысуының, ой бөлісіүінің ғана құралы емес, тіл — қоғамдық мәні зор, ерекше **құбылыс**. Әр тілдің өзіне тән ерекшелігі, қарым-қатынас ережелері болады. Сондықтан адам қанша тіл білсе, сонша түрлі қарым-қатынас әдебін де үйренеді.

## АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, төмендегі сұрақтарға жауап бер. Мәтінге ат қой.

1. «Тіл» деген не?
2. Адамның сәттілікке қол жеткізуінің шарты не?
3. Тіл адамға қандай мүмкіндік береді?
4. Тілсіз адам биік нәтижеге жете ала ма?
5. Адам көп тіл білу арқылы өз арманына қалай қол жеткізеді?
6. Тілдің көмегімен адам не істейді?
7. Адамға тіл не үшін керек?
8. Тіл табыса білу — өнер ме? Көп тіл білу ше?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.


Бағандағы сөздерді сәйкестендіріп жаз.  
Оларды орыс тіліне аудар. Сөз түркесінің мағынасын өз сөзінмен түсіндір.

1	ұлы	а	иемдену
2	табиғаттың	ә	қабілет
3	орын	б	қасиет
4	сәттілікке	в	даму
5	рухани	ғ	сыйы
6	пікір	ғ	жету
7	ерекше	д	алмасу

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, тәмендегі сызбаны толтыр.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерді етістікпен тіркестіріп, «Көп тіл білгім келеді...» тақырыбында шағын мәтін құрап жаз.

## АЙЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Мәтін бойынша кестедегі ақпараттың дұрыстығын тексер. Әр сөйлемдегі ойға қатысты өз пікірінді айт.

	Дұрыс	Дұрыс емес
1	Тіл — адамзат баласына ғана берілген ұлы қасиет.	
2	Тілді орынды қолдана алу — білім алудың ғана ең басты шарты.	
3	Тілсіз де адамның биік нәтижеге жетуі, рухани дамуы мүмкін.	
4	Тілдің көмегімен ғана дүние туралы білім алып, өз көзқарасын қалыптастырады.	
5	Тіл арқылы адамзаттың өмір тәжірибесін үйренеді.	
6	Әр тілдің өзіне тән ерекшелігі, қарым-қатынас ережелері болады.	
7	Адам қанша тіл білсе де, қарым-қатынас әдебін үйрене алмайды.	

## ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Мәтіндегі негізгі ойды түйіндеп, үш сөйлем жаз. Жоспарың мен ойыңды айт.

## АЙТЫЛЫМ

### 11 -тапсырма.

**Полилог.** Берілген сөздерді, сөз тіркестерін пайдаланып, «Сыпайы сейлесе білу де — өнер» деген тақырыпта пікірлесіңдер.

**Қажетті сөздер:** тіл табысу, қасиет, қабілет, жаратылыс, сәттілік, шарт, өмір тәжірибесі, бедел, пікір алысу, ой бөлісу, қоғамдық құбылыс.

## МЕТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 12 -тапсырма.

**Мәтінді оқы.**  
Мазмұнын өз ойынмен дамытып айт.

Қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі бар: 1) қазақ тілі — әлемдегі ең бай тілдердің бірі; 2) қазақ тілі — ең оралымды, сыпайы тіл; 3) қазақ тілінің сөздік қорында қарым-қатынас әдебіне байланысты сөздер мен сөз орамдары өте мол.

Қазақтар өзінен үлкен адамның атын, оның әкесінің атымен қоса атамайды. Үлкенге де, кішіге де бауырмалдық танытатын халықтың мейірімділік қасиеті тілде айқын көрінеді. Оған «айналайын», «қарағым», «шырағым» деген еркелету, жақын тарту мәніндегі сөздердің молдығы дәлел. Қазақта ата-анасына, үлкен кісілерге «Сіз» деп сөйлеу — үлкен құрметтің белгісі.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 13 -тапсырма.

**Тіл туралы мақал-мәтелді керекті сөздермен толықтырып оқы.** Нақыл сөздердің мағынасын бірігіп талдаңдар. Сөз әдебіне қатысты мақал-мәтелді көшіріп жазындар.

1. Тіл — адам ойының ... . 2. Аңдамай сөйлеген ... . 3. Ойнап сейлесең де, ... .
4. Тисе — терекке, тимесе — ... . 5. Айтылған сөз ... оқпен тең. 6. Бал тамған тілден ... тамар. 7. Көп сөз ... — ... . 8. Көп сөз — күміс, аз сөз — ... . 9. Жасында қылжың болсан, өскенде ... . 10. Таза сөйлеу — биік ... . 11. Көнілсіз ... — ойға олақ.

**Керекті сөздер:** құлақ, мылжың боласың, мәдениеттілік, у, атылған, бос сөз, айнасы, ауырмай өледі, ойлап сөйле, алтын, бұтаққа.

## АЙТЫЛЫМ

### 14 -тапсырма.

**Диалог.** Төмендегі сұрақтардың негізінде диалог құрындар. Өз сөздерінде эвфемизмдерді, мақал-мәтелдерді кең пайдаланындар.

- 1) «Қарым-қатынас әдебі» дегенді қалай түсінесін?
- 2) Адам қалай мәдениетті бола алады?
- 3) Сөйлеу мәдениетінің адам тағдырындағы орны қандай?


# Нәтиже сабак. Мен не үйрендім?



## АЙТЫЛЫМ

### 1 -тапсырма.

Көп тіл білетін достарың туралы айт. Сызбаны толықтыр.



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 2 -тапсырма.

Дереккөздерден әлемдегі атақты полиглottар туралы ақпарат жина. «Атақты полиглottар» тақырыбында фотоколлаж дайында. Оны сынып алдында айт.

## АЙТЫЛЫМ

### 3 -тапсырма. Жағдаят:

Сенің досың қазақ тілін үйренгісі келеді. Ол сенен кеңес сұрады. Қандай кеңес бересің? Екеуің ақылдасып, «Бұгіннен бастап...» бағдарын жасаңдар.

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

«Оймоншақ». Оқушылар шеңбер бойымен тұрсын. Бастаушы бір сөйлем айтсын. Одан кейінгі оқушы сол ойды әрі қарай жалғастыратын бір сөйлем айтсын. Нәтижесінде «Сөйлеу әдебі» атты мәтін құрылсын.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Өлеңді мәнерлеп оқы. Өлең мазмұнын өз сөзіңмен айт. Ақынның сөзі мен өзің жасаған ой қорытындыларында сабактастырып, «Әркім өзінен бастауды керек» тақырыбында шағын мәтін құрап жаз.

Жақсы болу — өзіңнен  
Жаман болу — өзіңнен.  
Өзінді өзің ая да  
Өзің үйрен өзіңнен.  
Жақсылық көрсөң біреуден;  
«Мен қандаймын?» деп ойла.  
Өзінді өзің қолыңа ал,  
Өзіңсің — ақыл айнасы.  
Тиеді саған мәні бар,  
«Өзінді тану» пайдасы.

(Өтепберген Ақылбеков)

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Полилог. «Сіз» деген — сөздің әдебі» тақырыбында ойбөліс өткізіндер. Ойбөлісте тақырып бойынша тіл туралы ұсынылған нақыл сөздерді қолданыңдар.

## АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Полилог. «Тілдік қатынас — табыстың кілті» ойыны. 5 оқушы психологиялы болады. Қалғандары — баспасөз конференциясына келген журналисттер. Журналисттер психолог мамандарға адам өміріндегі сәттілік, өз өмірін жоспарлау, тіл табысудың шарттары, көп тіл білудің маңызы, мәдениетті қарым-қатынас жасауға үйренудің жолдары, табысты өмірдің құпиясы және т.б. мәселелер жөнінде сұрақтар қойсын. Психологтер оларға жауап берсін.

# Уақыт – сый

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

1 – 2  
САБАҚ


### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Бір-бірінен: «Сағат неше болды?» — деп сұраңдар.  
Суреттерді пайдаланыңдар.

### ЖАҢА СӨЗДЕР

көремет,  
мәдениеттілік, азық



### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Сөздерден сөйлем құра.

**Үлгі:** Азамат, сағат неше болды?

Сағат онға бес минут қалды, кешкі сағат сегіз, таңертең сағат тоғызда, екіден он бес минут кеткенде түнгі он екіде, тоғыз жарымға дейін.

## ТІЛДІК БАҒДАР

### Сын есімнің шырайлары

Сын есімнің шырай категориясы үқсас заттардың сынын, санын, сапасын өзара салыстырып көрсетеді. Сын есімнің шырайлары сапалық сын есімдерден

жасалады. Олар қосымшалар жалғану арқылы, күшейткіш буынның үстелуі немесе сөздер үстеулер арқылы жасалады.

Салыстырмалы шырай	Күшейтпелі шырай
<ul style="list-style-type: none"><li>-ырақ/-ірек, -рак/-рек: <i>қаттырақ, жақсырақ, қызылырақ</i> және т.б.</li><li>-лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу: <i>жасылдау, қызылдау, биіктеу, аласалау</i> және т.б.</li><li>-қыл, -ғыл, -қылт, -ғылт: <i>сағылт, дымқыл, қызылт</i> және т.б., сөз тудырушы қосымшалар.</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>Күшейткіш буынды қосу арқылы жасалады: <i>жас-жасыл, қап-қара, аппақ, ұп-ұзын, қып-қызыл, сап-сары</i> және т.б.</li><li>Өте, тым, аса, ең, тіпті, нақ, ал, орасан, керемет және т.б. үстеулердің тіркесуінен жасалады: <i>өте жақсы, тым нашар, тым үлкен, ең жақсы</i> және т.б.</li></ul>

## ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### 3 -тапсырма.

Диалогті тында. Оқы. Түсінгенінді баянда.

- Анашым**, мені таңертең ертерек оятыңызшы!
- Жарайды, **ботам**. Не үшін ерте тұрасың? Ертең демалыс қой.
- Дүйсенбі күні мектепте **ардагерлермен** кездесу болады. Соған дайындаламыз.
- Қай уақытта дайындаласыңдар?
- Таңертең сағат онда мектепке жиналамыз. Уақытында баруым керек.
- Дұрыс, балам. Кез келген кездесуге уақытынан кешікпей бару қажет. Ол — мәдениеттіліктің белгісі.
- Иә, анашым. Біздің сыныптағы кейбір балалар кешігіп келеді. Мұғалім «Кешікпей келуге дағдыланыңдар, уақытты бағалау керек!» — деп, үнемі айтып отырады.
- Мұғалім дұрыс айтады. Сенің қазіргі кездегі ең басты жұмысың — сабак оқу. **Уақыт** — саған берілген керемет сый. Сондықтан оны тиімді пайдалан. Сабағыңды өте жақсы оқы. Мектепте алған білімің саған өмір бойы азық болатынын да ұмытпа. Уақытында келу арқылы сен басқа балаларды да қалай сыйлайтыныңды көрсетесің. Уақыт — ең қымбат дүние. Сондықтан оны бағалау керек!

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Мәтіндегі «Уақыт — керемет сый», «Уақыт — ең қымбат дүние» деген тұжырымдар бойынша ой бөлісіндер.

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Жағдаят: Бүгін кешке досың екеуің киноға баруға уәделестіңдер. Жарты сағат бұрын кинотеатрдың алдында кездесекші болдыңдар. Бірақ досың кездесуге келмеді. Алдын ала хабарласып, келе алмайтынын да ескертпеді. Не істейсің?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Берілген сын есімдерді пайдаланып, сөйлем құра.

Биіктеу, дымқыл, ащылау, қызылдау, тым үлкен.

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Иоганн Вольфганг Гетеңің: «Уақытты босқа жіберіп алушан артық өкініш жоқ», — деген нақыл сөзі бойынша диалог құрыңдар. Диалогте сын есімнің шырайларын қолданыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөз тіркестерінің қалай жасалып тұрғанын айт. Осы сөздерден сөйлем құра.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

«Уақыт — керемет сый» деген тақырыпта эссе жаз.

### Талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланысты болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлері келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көріктеуіш тілдік құралдарды ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 100-150 сөз.

## ЕСТЕ САҚТА!

Уақыт — керемет сый, мәдениеттіліктің белгісі, өмір бойы азық болады.

# Уақыттың бас омкені...

3-4  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Суреттер бойынша әңгіме құра.



### ЖАҢА СӨЗДЕР

қадам, өсімет,  
үлгі-өнеге,  
ақыл-кеңес,  
толғандырады



### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына жақшы ішіндегі қажет сөзді қойып жаз.

Айзере жетінші сыныпта ... (оқыған, оқиды, оқыпты). Бүгін таңертең Айзере ерте ... (оянды, оянбақшы, ояныпты). Сабақ таңертеңгі ... (төртте, сегізде, үште) басталады. Ол мектепке сегізге жиырма минут ... (кеткенде, қалғанда, жеткенде) келді. Ол бүгін — ... (мектептен, мектепте, мектеппен) кезекші. Айзере сыныпқа ерте ... (келген соң, келді, келгенмен).

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

### 3 -тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.

Уақыт — адамның өмірі. Біз өмірге келгеннен бастап, уақыт сағаты іске қосылады. Балалық шақтағы әрбір қадамымыз да осы уақытқа кіреді. Қазақтың заңғар жазушысы — Мұхтар Әуезов: «Жұмысың өнсін десен, өткенге өкінгің келмесе, әр минутыңды үқыпты пайдалана біл», — деп, өситет қалдырыған. Осы өситетті қалай орындалап жүрміз?!

Біз қазір мектеп оқушысымыз. Жасымыз 12—13-те. Бұл — «өміріміздің 12 жылы өтті» деген сөз. Осы жылдарды біз қалай пайдаландық. Ойланып көрші! Осы уақытқа дейін не үйрендік! Қандай жақсы істер орындағық? Уақытымыз босқа өтіп жатқан жоқ па? Сабакты қалай оқып жүрміз? Ата-анамыздың айтқан ақыл-кеңесін толық тыңдалап жүрміз бе? Мектепте қандай жақсы істер істеп жүрміз? Өзімізден кіші балаларға қандай үлгі-өнеге көрсеттік? Мені осы сұрақтар толғандырады. Ал сені ше? Сен осы сұрақтар тура-лы ойланып көрдің бе? «Уақыттың бос өткені — өмірдің бос кеткені» деген нақыл бар. Біздің өміріміз босқа өтіп жатқан жоқ па? Сен не дейсің?

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма. Мәтіндегі сұрақтар бойынша пікір таластырыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтырыңдар. Түсіндіріңдер.

Үзінді	Түсініктеме

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құрап айт.

1	пайдалана	а	бастап	1	мектеп	А	үйрендік
2	уақыт	ә	келмесе	2	қалай	Ә	жүрміз
3	занғар	б	өмірі	3	осы	Б	жүрміз бе
4	өкінгің	в	біл	4	не	В	істер
5	келгеннен	ғ	сағаты	5	оқып	Ғ	бос кеткені
6	пайдалана	ғ	қалдырыған	6	тыңдалап	Ғ	жылдарды
7	өситет	д	біл	7	жақсы	Д	оқушысымыз
8	адамның	ж	жазушысы	8	өмірдің	Ж	пайдаландық

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Мәтіндегі қате жазылған сөйлемдерді тауып, себебін түсіндір.

- Шамамен 800 миллион жыл бұрын, ерте замандағы тіршілік пайда болғанға дейін Жер бетін қалың мұздық басып тұрған дәуірте бір жылда 486 күн болыпты.
- Ал 100 миллиондаған жылдар өткен соң — динозаврлар дәуірінде бір жыл 370 тәулікке дейін қысқарған.
- Дәл қазір оның небәрі 365 күннан ғана тұратыны белгілі.
- Неліктен бұлай? Өйткені ғасырлер өткен сайын ай гравитациясының әсерінен Жер ғаламшарының айналу жылдамдығы азайып келе жатыр.
- Соның салдарынан күндер ұзарып (шамамен бір мыңжылдықта 1,7 миллисекундқа), ал жылдар қысқаруда.
- Уақыт гравитация әсерінен өзгеріслерге ұшырайды.
- Мысалы, гравитация көзі болып табылатын Жер ортасына нысан неғұрлым жақын болған сайын, уақыт соғұрлым баяу жылжиды.
- Мәселен, әлемнің ең биік шыңы — Эвересте бір жыл теңіз деңгейімен салыстырқанда 15 микросекундқа аз.

(«Ана тілі» газетінен)

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

«ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірінді дәлелде.

**Бірінші сөйлем.** «Менің ойымша, ...».

**Екінші сөйлем.** «Себебі мен оны .... деп түсінемін».

**Үшінші сөйлем.** «Оны мен .... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Соңғы сөйлем.** «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Мәтіннен сын есімдерді тауып, сөйлем құра.

## АЙТЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

«Желаяқ» ойыны. Топқа бөлініңдер. Топ санына қарай мәтін ілінеді. Топ мүшелері кезекпен тақтадағы мәтіннің бір сөйлемін ішінен оқиды. Оқыған сөйлемін тобына келіп жаздырады. Ойын осы ретпен мәтін аяқталғанша жалғасады. Ойын соңында желаяқтар баяндаған мәтін мен тақтадағы түпнұсқа мәтін салыстырылады. Жылдам әрі мәтінді дұрыс құраған топ жеңімпаз атанады.

### ЕСТЕ САҚТА!

«Уақыттың бос өткені — өмірдің бос кеткені» деген нақыл бар.

Уақыт — адам өмірі.

# Уақытты базалайсың, ба?

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

5 – 6  
САБАҚ

### ЖАҢА СӨЗДЕР

уақытты базалау,  
үнемдеу, күнделікті,  
парыз

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Сен уақытты қалай пайдаланасың?
- Уақытты үнемдей білесің бе?
- Күнделікті істейтін жұмыстарыңды алдын ала жоспарлайсың ба?
- Уақытты бағалайсың ба?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Суреттерді пайдаланып, мәтін құра. Олар уақыттарын тиімді пайдалана ма?





## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді баянда.

Мен күнде алты жарымда тұрамын. Төсегімді жинап, 10 минут таңғы жаттығу жасаймын. Беті-қолымды жуып, асықпай таңертеңгі тамағымды ішемін. Мектебім үйден алыс болғандықтан, жетіде үйден шығамын. Жетіден бес минут кеткенде аялдамаға автобус келеді. Автобуспен 20 минутта мектепке жетемін. Сабак сегізде басталып, екіде аяқталады. Сабактан соң асханаға барып, тамақ ішемін.

Биыл қазақ тілінен қосымша сабакқа барып жүрмін. Қосымша сабак қазақ тілін жақсы үйренуіме көмектесті. Мен қазір қазақ тілінде еркін сөйлей аламын.

Аптасына екі рет қалалық кітапхананың оқу залында сабактарыма дайындаламын. Болашақта бағдарламашы болғым келеді. Қазір нанотехнология туралы ақпараттармен танысып жүрмін.

Менің сүйікті ісім — спортпен айналысу. Сабактан соң аптасына екі рет мектептегі жүзу бассейніне барамын. Бассейн кең әрі таза. Маған суда жүзген үнайды.

Кешкे теледидардан жаңалықтар тыңдаймын, кино көремін. Кешкі жаңалықты көруге тырысамын. Себебі біз тарих сабағында жаңалықтарды талдап, ой бөлісеміз. Қазіргі кезде ғаламтордан аудиокітаптарды оқып жүрмін.

Үй шаруасына да көмектесемін. Өйткені ата-анам жұмыстан шаршап келеді. Ата-анама көмектесу — менің балалық парызым.

Түнгі он бірде үйкіттаймын.

Демалыс күндері достарыммен қыдырамын, кейде отбасыммен серуендеймін. Мен әр күнімді алдын ала жоспарлаймын. Демалыс күні алдағы аптаның жоспарын құрамын. Күнімді босқа өткізбеуге тырысамын. Өйткені «уақыт — бізге берілген сый» деп есептеймін.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Мен күнде алты жарымда тұрамын.		
Төсегімді жинап, 20 минут таңғы жаттығу жасаймын.		
Мектебім үйге жақын болғандықтан жетіде үйден шығамын.		
Биыл орыс тілінен қосымша сабакқа барып жүрмін.		
Болашақта суретші болғым келеді. Қазір нанотехнология туралы ақпараттармен танысып жүрмін.		
Сабактан соң аптасына екі рет орталықтағы жүзу бас-сейініне барамын.		
Қазіргі кезде ғаламтордан кино көріп жүрмін.		
Мен күнімді алдын ала жоспарламаймын.		

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

«Ата-анама көмектесу — менің балалық парызыым» деген тақырыпта шағын әңгіме құра.

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтындар.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікірінді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## МЕТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

«Менің бір күнім» деген тақырыпта өзіңің күн тәртібінді құра.

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма. Диалогті толықтырындар.

- Сен таңертең нешеде тұрасың?
- .....
- Таңертең жаттығу жасайсың ба?
- .....
- Мектепке нешеде барасың?
- .....
- Мектепке немен барасың?
- .....
- Сабағың нешеде басталады?
- .....
- Сабақтан нешеде шығасың?
- .....
- Сабақтан соң не істейсің?
- .....
- Кешке не істейсің?
- .....

## АЙТЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Төмөндегі пікірмен келісесің бе? Сен тағы не қосар едің? Өз пікірінді дәлелдеп айт.



# «Өмір», «дүние» дегенің – ағын жатқан су екен...

7 – 8  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- «Өмір» деген – не?
- Сен өзіңің болашақ өмірінді елестете аласың ба?
- Абайдың: ««Өмір», «дүние» дегенің – ағып жатқан су екен» деген сөзін қалай түсінесің? Өмір су тәрізді тез ағып кете ме?

### ЖАҢА СӨЗДЕР

дүние, толғандырды, асершіл,  
ержеткен, әнмен алдилеген,  
кеш сермеу, күресу

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Суреттерді пайдаланып,  
адамдардың түрлі өмірі  
жайлы әңгімелे.



## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### 3 -тапсырма.

**Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді баянда. Мәтін бойынша жоспар құра.**

Абай өмірі – ғажап өмір. Бесікте әнмен әлдиленген ол көшпелі елде, әртүрлі рулардың салтында әсершіл болып өседі. Абай өн төрт жасынан бастап өлең шығарған. Семей қаласындағы Ахмет Риза медресінде оқыған. Медреседе ол араб, парсы тілдерін үйренеді. Шығыс ақындарының өлеңдерін оқиды. Медреседе оқып жүрген жылдарының соңында Семейдегі орыс мектебіне түсіп оқиды. Кейін балалық шағында дұрыс оқи алмаған орыс тілін қайтадан оқи бастайды. Семейдегі Гоголь атындағы кітапханадан орыс тілінде шыққан кітаптарды көп оқиды. Осы кітапханада Е. П. Михаэлиспен танысады.

Абай ақындықты халықтың даналығынан, тапқырлығынан, шеберлігінен үйренеді. Абай орыс мәдениеті арқылы Еуропа мәдениетімен танысты. Абайды қарапайым халықтың өмірі қатты толғандырды. Олардың өмірі үшін қресті.

Абай жас үрпаққа көп көңіл бөлді. Жағымсыз қылыштан аулақ болуға шақырды. Жасы үлкенді құрметтеуге, достыққа адаптуға, білім-ғылымды үйренуге шақырды. Жастарға уақытты тиімді пайдалану керектігін айтты. «Өмір-дүние дегенің — ағып жатқан су екен. Жақсы-жаман көргенің — ойлай берсен, у екен», — деп, өзінің ішкі уайымын жазды. «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң, арқалан. Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та, бар қалан!» — деп, өмірден өз орнын табуды өситет етіп қалдырды. Ол «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, пайдасын көре тұра тексермедім. Ержеткен соң түспеді уысыма, қолымды мезгілінен кеш сермедім!» — деп, «ғылым-білімді толық игере алмадым» деп өкінді.

(Тәкен Әлімқұловтан)



## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

**Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.**

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша пікірінді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## ОҚЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

**Мәтінді оқы.** Өзің үшін маңызды деп санайтын сөйлемдерді теріп жазып, себебін түсіндір.  
Мәтіндегі сын есімдерді теріп жазып, сөйлем құра.

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Диалогті толықтырыңдар.

- Автор не себепті «Абайдың өмірі — ғажап өмір» деп есептейді?
- .....
- Абай медреседе өз уақытын қалай пайдаланған?
- .....
- Сен мектептегі уақытыңды тиімді пайдаланып жүрсің бе? Қандай тілдерді білесің?
- .....
- Абай Е. П. Михаэлиспен қай жерде танысқан?
- .....
- Сен кітапханаға жиі барасың ба?
- .....
- Ақынды кімнің өмірі қатты толғандырды?
- .....
- Сен айналаңдағы адамдардың өмірі туралы ойлайсың ба? Не себепті?
- .....

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан!» деген өлең жолдары бойынша ойталқы өткізіндер.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

«Өмір-дүние дегенің — ағып жатқан су екен» деген тақырыпта эссе жаз.

#### Талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланысты болуы тиіс;

- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көріктеуіш тілдік құралдарды үтімді қолдану қажет;
- көлемі — 100-150 сөз;


## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Абай Құнанбайұлы туралы қосымша мәлімет жина. «Ол — кім? Ол — қандай ақын?» деген сұрақтарға жауап беріп, диаграмманы толтыр.

#### Талаптар:

1. көлемі — 4-6 сөйлем;
2. сын есім сөздерді жиі пайдалан;
3. міндетті түрде жаңа сөздерді қолдан.



#### ЕСТЕ САҚТА!

Дүние ағып жатқан су.  
Абай өмірде өз орнын табу  
керектігін өсінет еткен.

# Бір минут бір кісінің өмірі

9 – 10  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Сағаттың адамның өміріне қандай қатысы бар?
- «Өткен өмір» дегенді қалай түсінесін?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.


«Өмір» сөзіне кластер құра. Осы сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Мәнерлеп оқы. Түсінгенінді айт.



### ЖАҢА СӨЗДЕР

шықылдау, тиянақ жоқ,  
ұрлау, бұлдыр, дәурен, заман

### Сағаттың шықылдағы — емес ермек

Сағаттың шықылдағы — емес ермек,  
һәмиша өмір өтпек, ол білдірмек.  
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,  
Отті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.  
Сағаттың өзі — ұры шықылдаған,  
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.  
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,  
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.  
Өткен өмір белгісі — осы сыбдыр,  
Көнілді күнде сындыр әлде тындыр.

Ақыл анық байқаған қылышыңды,  
Құ шықсансып қарасып, босқа бұлдыр.  
Күн жайылып ай болды, он екі ай — жыл,  
Жыл жайылып, қартайтып қылғаны —  
бұл.  
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,  
Жалғаны жоқ бір Тәнірім, кеңшілік қыл.

(Абай Құнанбаев)

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

«ПОПС» формуласын қолданып, өлең мазмұны бойынша өз пікірінді дәлелде.

**Бірінші сөйлем.** «Менің ойымша....».

**Екінші сөйлем.** «Себебі мен оны .... деп түсінемін».

**Үшінші сөйлем.** «Оны мен .... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Соңғы сөйлем.** «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құрап жаз.

1	сағаттың	а	минут	1	бұлдыр	а	қылышынды
2	өмір	ә	жоқ	2	өткен	ә	болды
3	бір	б	шықылдаған	3	осы	б	жайылып
4	өміріне	в	шықылдағы	4	байқаған	в	болса
5	тағдыр	ғ	білдірмеген	5	ай	ғ	заман
6	ұры	ғ	жоқ	6	жыл	ғ	жоқ
7	өмірді	д	ұқсас	7	жалған	д	өмір
8	тиянақ	ж	өтпек	8	жалғаны	ж	сыбдыр

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Өлеңнің негізгі идеясы — не?
2. Ақын не себепті өмірді сағатпен байланыстырған?
3. Абай неге сағатты ұрыға теңейді?
4. Сағат адамның өмірін қалай ұрлайды?
5. Ақынның «сағаттың сыбдыры — өткен өмірдің белгісі» деген ойын қалай түсінесін?

## ЖАЗЫЛЫМ

## МӘТИНСОЦЫ ЖҰМЫС

### 7 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын түсіндір. Осы сөздерді пайдаланып, шағын мәтін құра.

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

«Бір минут бір кісінің өміріне үқсас» деген өлең жолдары бойынша ой бөлісіндер.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Берілген көмекші есімдерді қатыстырып, сөйлем құра.

Жаз ортасы, ауылдың маңы, үйдің іші, сағаттың жанында, таң алдында.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

«Абай Құнанбайұлы» тақырыбына синквейн (бес жолды тақпақ) дайында.

**Бес жолды тақпақтың құрылымы:**

1. тақырыпқа қатысты **бір** зат есім;
2. бірінші зат есімге қатысты **екі** сын есім;
3. бірінші зат есімге қатысты **үш** етістік;
4. бірінші зат есімді суреттеп толықтыратын **төрт** кілт сөз;
5. тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім).



# Уақыт – өмір



## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Қате жазылған сөйлемдерді тауып, себебін түсіндір.

#### ЖАҢА СӨЗДЕР

қайрат-жігер, қалтқысыз, игілік, құн, зымырау

Табысты адамдар тәнертең ерте тұрамын. Бірақ бұл өте ерте тұрып алууды көзdemейді. Тек сіз үлгеретін уақытынызды анықтап алыңыз, сосын сол уақытда тұрып үйреніңіз. Бизнесменде әрқашан да жұмысқа ерте барады. «Ерте тұрған адамның ырысы да, бір ісі де артық» екенін ұлттаңыз. «Persi» компаниясынің бұрынғы төрағасы — Стив Рейнмунд таңғы 5.00-де тұрып алып, 7 шақырымды жүгіріп өтеді екен. Ал «Apple» компаниясының бас директоры — Тим Кук таңғы 5.00-де жаттығу залынде болады. Табысты адамлар бір күннің жоспарын жазып алады. Қунді қалай өткіzetінін білесің. Өйткені әр минуттің олар үшін құны бар. Олар жоспардағы істерінің тәртібі бұзса, талай мәселелері шешілмей қалатынын түсінеді.

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

1-тапсырмадағы мәліметтерді пайдаланып, кестені толтыр.

Табысты адамдар — кімдер?	Олар не істейді?	Пайдалы кеңестер

### ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Мәтінді тында. Оқы. Мәтінге тақырып қой. Мәтін бойынша жоспар құр.

### МӘТИМЕН ЖҰМЫС

Адамның әрбір күні, әрбір сағаты мақсатсыз өтпеуі қажет. Адам уақытын, бойындағы қайрат-жігерін, ақыл-ойын өмірге, өзі өмір сүріп отырған қоғамға жұмсап, қалтқысыз еңбек етуге, сөйтіп, өзі үшін де, өзгелер үшін де, игілік жасауға жұмсауы тиіс. Уақыт бізбен санаспайды, тез өтіп кетеді. Сондықтан өмірдің әрбір сәтін бір күндік

қызықтармен ғана өткізбей, өмірді мәнді, мағыналы өткізуге тырысу керек. Қазіргі шақ — адамның өмірінің қайратты да мүмкіндігі мол тамаша шағы. Ендеше, жастықтың бір күні сенің бүкіл, өміріңе азық болады. «Уақыт бар ғой!» — деп бүгінгі ісінді ертеңге қалдырма! Өмірдің ұзақ екені рас, бірақ ол біреу ғана. Уақыт зымырап өтіп жатыр. Ол ешқашан тоқтамайды. Расында да, біз өтіп жатқан уақыттың құнын біле бермейміз. Көбінесе уақыт өтіп кеткеннен кейін ғана аһ ұрамыз. Демек, уақыт — адам баласына берілген өткінші бағалы зат. Уақыт қайта айналып келмейді.

Халқымыз уақытты дүниедегі ең қымбат нәрсе болғандықтан, алтынға балайды. Алтының әзірше өзінде. Оған басқалар көз салмасын десен, дұрыстап сақта. Әрбір жыл, ай, апта, бір күн, бір сағат, бір минут, бір секундтың өзіндік құны бар. Осыны түсіне біл!

(<http://testent.ru> сайтынан).

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша пікірінді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап жаз.

Адамның несі мақсатсыз өтпеуі тиіс?	
Адам нені дұрыс жұмсауды үйренуі қажет?	
Әр күнді қалай өткізу керек?	
Уақыт қалай өтуде?	
Қазіргі шақты қалай пайдаланған дұрыс?	
Адам үшін ең қымбат нәрсе — не?	

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтіннен одағай сөзді тап. Бірнеше одағай сөзді пайдаланып, сөйлем құра.

## АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

«Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман. Өткен өмір белгісі — осы сыйдыр, Қөңілді күнде сындыр әлде тыңдыр» деген Абайдың өлең жолдарымен үндесетін мәтіндегі ақпаратты тап. Олардың арасындағы үқастық пен айырмашылықты дәлелде.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

«Қос жазба» күнделігін пайдаланып, уақыт туралы берілген дәйексөздерге түсініктеме жаз.

Дәйексөз	Түсініктеме
Қандай әрекет қылатыныңды ойлан, бірақ оны қалай орындастыныңды көбірек ойлан (Иоганн Вольфганг Гете).	
Уақыт біреуге ұзақ, біреуге қысқа болып көрінуі мүмкін. Бұл — оның қандай іспен, не тірлікпен толтырылғандығына байланысты (Самуил Маршак).	

## АЙТЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Жағдаят: Досың екеуің кездесуге уәделестіңдер. Сен кездесуге кешігіп келдің. Досың сені ұзақ күтіп, сен келгенше кетіп қалды. Не істейсің?

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС



### ЕСТЕ САҚТА!

Өз бойындағы қайрат-жігерді игілікке жұмса.  
Уақыт ешқашан тоқтамайды.

# Нәтиже сабак. Мен не үйрендім?



## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 1 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Мәтінге тақырып қой. Жоспар құр.

Уақыт — адам өмірінің ақшалай құны. Уақыт — әркімнің өмірлік капиталы. Адамның босқа кеткен әрбір минуты отқа жақсан теңгемен тең. Адамның ақшалай уақыты адамның өзіне байланысты. Біреудің бір сағаты мың теңге болса, енді біреулердікі — бір тыын.

Данаалық жасқа байланысты емес. Елдің бәріне ортақ бір-ақ күнтізбе бар, тек оны әркім әр түрліше пайдаланады. Байларға да, қарапайым адамдарға да берілетін мерзім — тәулігіне жиырма төрт сағат. Дүниеде уақыт белгілегеннен артық демократия жоқ. Кім уақытын бағалай білсе, сол ғана табысты адамдардың қатарына қосыла алады. Адам уақытты бағалай білгенде ғана өзін өзі қадағалап отырады. Күнделікті жоспарын құрады. Сол арқылы ең жаман дерт — еріншектікті женеді. Өзін нағыз адам етіп тәрбиелеп шығады.

(<http://testent.ru> сайтынан).

## АЙТЫЛЫМ

### 2 -тапсырма.

«ПОПС» формуласын пайдаланып, мәтін бойынша өз пікірінді дәлелде.

**Бірінші сөйлем.** «Менің ойымша....».

**Екінші сөйлем.** «Себебі мен оны .... деп түсінемін».

**Үшінші сөйлем.** «Оны мен .... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Соңғы сөйлем.** «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

## ЖАЗЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Тәменде берілген сөйлемдердің бірін тақырып ретінде таңдалап алып, мәтін құра. Мәтінде көмекші есімдерді пайдалан.

«Уақыт — керемет сый», «Уақыт — ағып жатқан су», «Уақыт — ақша», «Бір минут — бір кісінің өмірі», «Уақыт — қазына».

## АЙТЫЛЫМ


### 4 -тапсырма.

«Уақыт — әркімнің өмірлік капиталы» деген тақырыптың төңірегінде пікірталас үйымдастырыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

«Уақыт» сөзіне диаграмма құра. Осы сөздерді пайдаланып, әңгіме құра.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

«Сағаттың өзі — ұры...» деген тақырыпта эссе жаз.

#### Талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
- тақырыптан аудитқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланысты болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көріктеуіш тілдік құралдарды ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 100-150 сөз.

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Абай Құнанбайұлының Жидебайдағы мұражайы туралы фотоколлаж дайында. Абай үйінің әр бөлмесі туралы айтып бер.

#### БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Жұмысың өнсін десен, өткенге өкінгің келмесе, әр минутынды ұқыпты пайдалана біл (М. Әуезов). Минут ұрыс тағдырын шешеді. Сағат шайқас тағдырын шешеді. Күн бүкіл мемлекет тағдырын шешеді (А. В. Суворов).

# Ғаламдық экология маселелері

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Сен Қазақстанның қай аймағында тұрасың?
- Сен тұратын жердің экологиялық жағдайы қандай?
- «Экологиялық қауіпті аймақ» дегенді қалай түсінесің?

### ЖАҢА СӨЗДЕР

*жұқару, тозу, қалдықтар, жойыла бастау, қырылу, алдын алу, айыппұл, сұзгілер, апартты аймақ, тартылу, құрғап қалу, жеселмен тарау*

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Қалай ойлайсың, бірінші бағандағы сөздердің мағынасы қандай? Екінші бағаннан тауып айт. Келесі бағанға сол сөздердің орысша аудармасын жаз.

Сөздер	Мағынасы	Аудармасы
Құндарлы	Бір нәрсенің қалған бөлігі. Мыс., <i>көмірдің ~...зы, мұнайдың ~...зы</i> .	
Айыппұл	1. Сұйық заттарды керексіз қосындылардан тазарту үшін	
Қалдық	Жанды ағзалардың тіршілік ортасымен байланысын зерттейтін биология ғылымының бір саласы.	
Экология	1. Топырағы шүрайлы. Мыс., ~ <i>топырак</i> ; 2. Жұғымды,	
Сұзгі	Қылмыс жасап, жазалы болғанғы үшін заттай төленетін ақы.	

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Сөздерді септеп жаз. Олардың септік жалғауы жалғанған түрімен сөйлем құра.

Қалдық, байлық, айыппұл, таралу, бұзылу, қауіп.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

#### 4 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

Бұғынгі таңда ғаламдық экология мәселелері ғаламдық, аймақтық және ұлттық мәселелер болып бөлінеді. Экологиялық қауіпті мәселелер: табиғи экожүйенің бүлінуі, **озон қабатының жұқаруы**, атмосфераның, әлемдік мұхиттың ластануы, биологиялық әр алуандылықтың азауы, қоршаған орта мен судың ластануы және т.б. Бұл мәселелер тек қана барлық мемлекеттің қатысуымен, БҰҰ-ң (Біріккен Ұлттар Ұйымы) басқаруымен ғана шешіледі.

Қазіргі кезде экологиялық мәселелерге ауаның ластануы, жердің тозуы, **мұнай қалдықтарының** мұхит, теңіз суларың ластауы жатады. Теңіз, мұхит суларының ластануынан ондағы тіршілік көзі **жойылады**. Мәселен, балықтар мен **итбалықтардың қырылуы**. Осы мәселелердің **алдын алу үшін** мұнай өндіру құралдарына арнайы сұзгілер орнатылады. Ауаны тазарту қондырғылары орнатылады. Экологиялық мәселе біздің елімізде де орын алған. Арал теңізінің сүй **тартылып**, экологиялық **апатты аймақта** айналды. Сүй тартылып, теңіздің түбі **құрғап қалды**. Құрғап қалған теңіздің түбіндегі зиянды тұзды шаң **желмен тарайды**. Бұл тұздар ауаны ластап, қышқыл жаңбыр жауады.

Экологияның әлемдік мәселеге айналуы ауаның ластануымен тікелей байланысты. Себебі ауада мемлекеттік шегара жоқ. Сондықтан атмосфера дағы ауаны қорғау ғаламдық мәселеге айналып отыр.

Қазір де экология мәселесіне ерекше көңіл бөлініп, көптеген жұмыс жүргізіліп жатыр. Тіпті экологияны бұзғаны, ластағаны үшін **аяйппұл мөлшері** де тағайындалып, экологияны қалпына келтіруге ерекше назар аударылуда. Сондықтан, досым, өзіңің болашағың үшін, ең алдымен, қоршаған ортандың экологиясына көңіл бөл!

(«Экология» оқулығынан)

## АЙТЫЛЫМ

#### 5 -тапсырма.

Мәтін желісі бойынша суреттердің орналасуын ретімен айт.





## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.  
Жауабыңды дәлелде.

1. Фаламдық экология мәселелеріне не жатады?
2. Неге олар «фаламдық мәселе» деп аталады?
3. Оларды қолға алу үшін не істеліп жатыр?
4. Өз еліңінің немесе туған жеріңінің экологиялық мәселесі қандай?

## ОҚЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Мәтіннен еліміздің экологиялық мәселесі туралы айтылған ой бөлігін тауып оқы.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем күра.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Қажетті сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аяқта.

**Қажетті сөздер:** жұқаруы, тозуы, ластануы, мұнай қалдықтарымен, жойылады, алдын алу үшін, қырылуы, сұзгілер орнатылады.

Бүгінгі күні табиғи экожүйенің бүлінуі, озон қабатының ..., атмосфераның, әлемдік мұхиттың судын, қоршаған ортаның ... үлкен мәселе болып отыр. Экологиялық мәселелерге ауаның ластануы, жердің ..., ... мұхит, теңіз суларының ластануы жатады. Теңіз, мұхит суларының ластануынан ондағы тіршілік көзі .... Мәселен, балықтар мен итбалықтардың .... Осы мәселелердің ... мұнай өндіру құралдарына арнайы .... Ауаны тазарту жұмыстары жүреді.

Үлгі:

Сөз тіркесі	Сөйлем
Табиғатты қорғау	Әр адам өзін қоршаған ортаны, табиғатты қорғауы керек.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Жаңа сөздерді тауып, қандай сөздермен тіркесіп тұрғанын анықта. Мағынасын түсіндір.

**Үлгі:** жердің құнарлылығының жойылуы — жердегі топырақ құрамының өзгеруі, топырақ сапасының төмендеуі.

## ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 11 -тапсырма.

Топтық жұмыс. Қоршаған ортаны қорғаудың қарапайым ережесін дайындаңдар. Сол ережелерді сақтауды талап етіндер.

**Үлгі:** 1. Қоқыс тастама. 2. ... .

## ЖАЗЫЛЫМ

### 12 -тапсырма.

Үш нұсқаның ішінен қажетті сөзді таңдап жаз.

Арал теңізінің сұры (көбейді, құйылды, тартылды). Арал экологиялық (апатты аймаққа, ғулденген аймаққа, әдемі жерге) айналды. Сұры тартылып, теңіздің тубі (жарылды кетті, тесіліп қалды, құрғап қалды). Құрғап қалған теңіздің тубіндегі зиянды тұзды шаңдар (сумен тарайды, желмен тарайды, сөзбен тарайды). Бұл тұздар ауаны ластап, (қышқыл, тәтті, ыстық) жаңбыр жауады.

## АЙТЫЛЫМ

### 13 -тапсырма. Жағдаят:

Теңізді мұнай қалдығымен ластағаны үшін айыппұл төлейтінін айтып, бұйрық бер. Айыппұл мөлшерін теңгемен белгіле. Үлгіні негізге ал.

**Үлгі:** Сіз аулаға қоқыс тастағаныңыз үшін айыппаласыз. Сізге айыппұл салынады. Айыппұл көлемі — 10 000 теңге. Айыппұлды айдың соңына дейін төлеңіз!

### ЕСТЕ САҚТА!

Арал теңізінің сұры тартылды. Ол экологиялық апатты аймаққа айналды. Сұры тартылып, теңіздің тубі құрғап қалды. Құрғап қалған теңіздің тубіндегі зиянды, тұзды шаң желмен тарайды.

# Экологиялық сауаттылық



## МӘТИАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Топтық жұмыс. «Қақпа» ойыны. Айтылған жаңа сөзді кестеге жылдам жазындар. 1 оқушы кестені толтырысын. 1 оқушы сөздікпен жұмыс жасасын. 1 оқушы тақтадағы қақпаға гол салсын.

Сөз	Менің аудармам	Сөздіктегі аударма	Сөйлем

### ЖАҢА СӨЗДЕР

даму, ықпалын тигізу, төмендеуде,  
өзгерістерге ұшырау, шөлейт, топырақ,  
бүлінү, салғырт қаруа

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

«Кептеліс», «ластану», «сауатты», «мәселе» сөздерін түрлендіре отырып, септе.

**Үлгі:** тұтін, тұтіндер.

*Атая септік:* тұтін

*Ілік септік:* тұтіннің

*Барыс септік:* тұтінге

*Табыс септік:* тұтінді

*Жатыс септік:* тұтінде

*Шығыс септік:* тұтіннен

*Көмектес септік:* тұтінмен

### ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Сұраққа жауап бер.

Мен экология туралы шығарма жаздым. Шығармада экологияның зардаптарын мысал арқылы дәлелдей жаздым. Қазақстан экологиясын сақтаудың жолдарын ұсындым.


- Қазақстан экологиясын сақтау үшін ол қандай сөйлемдер жазды деп ойлайсың?
- Өз нұсқаңды жаз.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### 4 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.



**Досым!** Халің қалай? Бұгін теледидардан өте маңызды хабар көрдім. Ол хабар маған ерекше әсер етті. Соңдықтан саған хат жазып отырмын. Сенімен ой бөліскім келді. Өйткені еліміздің болашағы біздің қолымызда.

Біз экологиялық сауаттылық туралы не білеміз? Оны біз «қоқыстарды қалай болса — солай тастамау» деп түсінеді екенбіз. Бұгінгі хабарды көріп, мен өзімнің экологиялық сауаттылығымның тәмен екенін түсіндім. Мен, шын мәнінде, осы мәселе туралы терен ойланбайды екенмін.

Қазіргі кезде ғылым мен техника **дамып келеді**. Бұл даму биосфераға тікелей **ықпалын тигізуде**. Жер шарындағы экологиялық жағдай күн сайын **төмендеуде**.

Байқайсың ба, еліміздің табиғаты да бұрын-соңды болмаған **өзгерістерге ұшырауда**. Көптеген аймақ **шөлейттеніп, топырақ** тозып, су қоры тартылып жатыр, атмосфераның ластанып, ормандар сиреді, табиғат **бұлініп** жатыр. Тіршілігімізге қатер төндіретін қауіпті табиғи құбылыстар мен өнеркәсіп апаттары да жиілей бастады. Улы қалдықтардың жинақталуы қоршаған ортаға зиянын тигізіп отыр.

Қазіргі кезде адамзат алдында тұрған аса күрделі экологиялық мәселе — қоршаған ортаны қалыпты жағдайда ұстау. Осылан біз қаншалықты үлес қосып отырмыз? Иә, анда-санда сенбіліктерге шығамыз. Өзімізге берілген аймақты тазалап, жинаймыз. Кейде мектептің алдындағы гулдерге, ағаштарға қараймыз. Менің ойымша, тек осымен шектелетін сияқтымыз.

Біз күнделікті өмірімізде «қоршаған ортаны қалайша сақтап қаламыз, не істеуіміз керек?» деген мәселеге **салғырт қарап жүрміз**. Экологиялық білім мен тәрбиені қалай беруге болады? Еліміздің табиғатын қалай сақтауымыз керек? Не істеуге болады?

Жауабынды күтемін. Ақылдасайық! Еліміздің ертені біздің қолымызда.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Биосфера да қандай өзгеріс болып жатыр? Мәтінді оқып, санамалап жаз.

1. Биосфераға ықпалын тигізуде;
2. ... , ...

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Қажетті сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтыр.

**Қажсетті сөздер:** дамып келеді, төмендеуде, ықпалын тигізуде, шөлейттеніп, өзгеріске үшширауда, тартылып жатыр, бұлініп жатыр, топырақ.

Қазіргі кезде ғылым мен техника ... . Бұл даму биосфераға тікелей ... . Экологиялық жағдай құн сайын ... . Табиғаты да бұрын-соңды болмаған ... . Көптеген аймақтарымызда техногенді ... , ... тозуда, су қоры ... , атмосфера ластанып, ормандар сиреді, табиғат ... .

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздерді тауып, қандай сөздермен тіркесіп тұрғанын анықта. Мағынасын түсіндір.


**Улгі:** маңызды хабар көрдім — теледидардан өзін қызықтыратын ақпарат көрген; ...

## АЙТЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Суретке қарап, жердің шөлейттенуі, топырақтың тозуы, судың тартылуы туралы әңгімелे.





## МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 10 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды жалғап, сөйлемдерді аяқта.  
Асты сызылған сөздерге сұрақ қой.

Табиғат бұрын-соңды болмаған өзгеріс... ұшырауда. Көптеген аймақтар техногенді шөлейттеніп, топырақ тозуда, су қоры... тартылып жатыр, атмосфера ластанып, ормандар... сиреді, табиғат бұлніп жатыр.

### ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### 11-тапсырма.

Қоршаған ортаны қорғауға байланысты өзінді толғандырып жүрген мәселелерді шешу жөнінде Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне 11-15 сөйлемнен тұратын хат жаз. Мәтінде айтылған идея мен сөздерді пайдалан.

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 12-тапсырма.

Мәтін мазмұны туралы пікірінді «Төрт сөйлем»  
құрылымына салып жаз.

- Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікірінді бір сөйлеммен жаз.
- Дәлел.** Өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.
- Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
- Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаса.

#### ЕСТЕ САҚТА!

Қоршаған ортаны қалай сақтап қаламыз, не істеуіміз керек? Экологиялық білім мен тәрбиені қалай беруге болады? Еліміздің табиғатын қалай сақтауымыз керек?

# Қазақстандағы мұздықтағдың еруі

5 – 6  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Суретте не бейнеленгенін айт.



## ЖАҢА СӨЗДЕР

жоғарылау, тау бөктөрі, мұздықтар,  
қысқарған, жорамалдау, өзендердің ағысы,  
әсер ету, ауа алмасу, шығын



### АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Сен таулы жерде тұрасың ба? Тауда мұздықтар бар ма?
- Әлемдегі экологиялық мәселелер Қазақстанға әсер ете ме?
- Әсер етсе, оған қандай мысал келтіруге болады?

### ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Топтық жұмыс. «Қақпа» ойыны. Айтылған жаңа сөзді кестеге жылдам жазыңдар. 1 оқушы кестені толтырысын. 1 оқушы сөздікпен жұмыс жасасын. 1 оқушы тақтадағы қақпаға гол салсын.

Сөз	Менің аудармам	Сөздіктегі аударма	Сөйлем

## ОҚЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Берілген сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендір.

температура жорамалдайды  
тау бектерінде мұздықтар азайды  
ғалымдар жоғарылаған

мұздықтар әсер етеді  
өзендердің ағысына ая алмасуы  
ауа алмасуы

жүреді  
азайған

## МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС



## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

Қазақстанда ауаның температурасы 1936 жыл мен саластырғанда 2005 жылы біршама жоғарылаған. Ауа температурасы 10 жыл сайын 0,31 С градусқа жылынған. Соңғы 50 жылда Іле Алатауының солтүстік бектеріндегі мұздықтар 41 пайызға азайған. Ғалымдар «күн осылай жылыша берсе, XXI ғасырдың ортасында орташа температура Цельсий бойынша, 6 градусқа көтерілуі мүмкін» деп жорамалдайды. Бұл жорамал шындыққа айналса, Қазақстан үшін үлкен апат болады. Бұғандегі жеріміздің 75%-ы экологиялық өзгеріске ұшыраған. Мұздықтардың азаюы таулы өзендердің ағысына әсер етіп, су қорының тартылуына әкеліп отыр. Соның салдарынан еліміз Қыргызстан, Өзбекстан, Қытайға су мәселесі бойынша тәуелді болып отыр.

Фаламдық жылышын жаңбырдың мөлшеріне, ауыл шаруашылығына көрі әсер етуде. Қазақстан жерінің үштен екі бөлігі шөлейттенген. Полюстердегі, экватордағы температураның әртүрлі болуына байланысты әлемде ауа алмасуы жүреді. Полюстердің жылышы ауа алмасуын төмендетеді. Сондықтан кей жерлерде қатты ыстық болса, кей жерлерде тропикалық жауын жауады.

Қазақстанның климаты мен табиғаты әр алуан. Еліміздің ауыл шаруашылығы, энергетика, су ресурстары метрологиялық болжамдарға байланысты. Ауа райын бақылайтын құралдар табиғат құбылыстарын болжауға мүмкіндік береді. Уақытында айтылған болжам арқылы апаттардың алдын алуға болады. Табиғи апаттардың алдын алу — мемлекетті күшейтудің бір жолы.

(Баспасөз материалдарынан)

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Төмендегі жаңа сөздерді тағы қандай сөздермен тіркестіруге болады?

№	Жаңа сөздер	Ұсынылған сөздер	Қолдануға болатын тіркестер мысалы
1	<b>жоғарылау</b> жоғарылаған	аяу температурасы, тау бөктөрі, оқушылардың үлгерімі, бір қадам, мұнай қалдығы	— аяу температурасы — ..... — .....
2	<b>тау бөктөрі</b> тау бөктөрінде	бұлдірген көп, құрғап қалу, өзен ағады, мұздықтар бар, шәлейттенеді	
3	<b>мұздық</b> мұздықтар	қысқарған, жоғарылаған, тозған, жұқарған, жойыла бастайды	
4	<b>қысқар</b> қысқарған	мұздықтар, итбалық, көйлек, айыппұл, топырақ	
5	<b>жорамалда</b> жорамалдайды	синоптиker, сүзгілер орнату, ғалымдар, өзен ағысы, жұлдызшылар	
6	<b>өзендердің ағысы</b> өзендердің ағысына	әсер етеді, айыппұл салынады, сүзгілер орнатады, қарсы жүреді, құрғап қалады	
7	<b>әсер ету</b> әсер етеді	өзендердің ағысына, желмен тарау, мұнай қалдықтары, шығыны, жердің тозуына	

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына дұрыс нұсқаны таңда.

1. 1936 жылмен салыстырғанда 2005 жылы Қазақстанда аяу температурасы біршама...
  - а) төмендеген
  - ә) жоғарылаған
2. Аяу температурасы 10 жыл сайын
  - а) 0,31 С градусқа жылышынан
  - ә) 0,31 С градусқа сүйінан
3. Соңғы 50 жылда Іле Алатауының солтүстік бөктөріндегі мұздықтар...
  - а) азайған
  - ә) көбейген
4. Ғалымдар «күн осылай жылышына берсе, орташа температура...
  - а) жоғарылайды деп жорамалдайды
  - ә) жоғарыламайды деп жорамалдайды

5. Еліміздің 75% аумағы экологиялық...

- а) өзгеріске үшыраған
- ә) қалпын сақтап тұр

6. Мұздықтардың азауы таулы өзендердің ағысына...

- а) әсер етеді
- ә) жақсартады

7. ... Қазақстан Қыргызстан, Өзбекстан, Қытайға тәуелді

- а) Су мәселесі бойынша
- ә) Жер мәселесі бойынша

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Темендегі  
ойлармен  
келісесің бе,  
келіспейсің бе?

1. Фаламдық жылыну жаңбырдың мөлшеріне және ауыл шаруашылығына көрі әсер етуде.
2. Қазақстан жерінің үштен екі бөлігі шөлейттенген жоқ.
3. Ауа алмасуы полюстер мен экватордағы температуралың әртүрлі болуына байланысты.
4. Полюстердің жылынуы ауа алмасуына әсер етпейді.
5. Кей жерлерде ыстық болуы, кей жерлерде тропикалық жауын жаууы полюстердегі ауа райына байланысты емес.
6. Қазақстанның климаты мен табиғаты әр алуан.
7. Еліміздің ауыл шаруашылығы, энергетика, су ресурстары метрологиялық болжамдарға тәуелді.
8. Уақытында айтылған болжам арқылы апattардың алдын алуға болады.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Мәтінді оқы.  
Көп нұктенің  
орнына  
мәтіннен  
қажетті  
сөздерді тауып,  
сөйлемдерді  
толықтыр.

**Қажетті сөздер:** жоғарылаған, бөктеріндегі мұздықтар,  
жорамалдайды, шындыққа айналса, экологиялық өзгеріске,  
өзендердің ағысына

1. 1936 жылмен салыстырғанда 2005 жылы Қазақстанда ауаның температурасы ... . 2. Соңғы 50 жылда Іле Алатауының солтүстік ... азайған. 3. Ғалымдар «күн жылына берсе, XXI ғасырдың ортасында 6 градусқа жоғарлайды» деп ... . 4. Бұл жорамал ... , Қазақстан үшін үлкен апат болады. 5. Еліміздің 75% аумағы ... үшыраған. 6. Мұздақтардың азауы таулы ... әсер етеді. 7. ... су қорының тартылуына әсер етеді.

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 10 -тапсырма.

Тиісті қосымшаларды жалғап, сөйлемдерді аяқта.

Қосымшалар: -ған/-ген, -қан/-кен.

Елімізде ауаның температурасы жоғарыла... . Ауа температурасы 10 жыл сайын 0,31 С градусқа жылын... . Іле Алатауының солтүстік бөктеріндегі мұздықтар азай... . Ғалымдар «ауа райы жоғарылайды» деп жорамалда... . Қазақстан аумағының 75%-ы экологиялық өзгеріске ұшыра... . Мұздықтардың азауы таулы өзендердің ағысына әсер ет....

### АЙТЫЛЫМ

#### 11- тапсырма.

Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстанда ауаның температурасы қалай өзгерген?
2. Ауа райының өзгерүіне не себеп болды?
3. Қазақстандағы ауаның температурасына байланысты ғалымдар қандай жорамал жасаған?
4. Қазақстанның қанша жері экологиялық өзгеріске ұшыраған?
5. Жердің экологиялық өзгеріске ұшырауына не себеп болуда?
6. Мұздықтардың азауы неге әсер етіп жатыр?
7. Еліміз қай елдерге тәуелді болып отыр?
8. Еліміздің тәуелді болуына не себеп болуда?



#### ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстанда ауа температурасы жоғарылаған. Іле Алатауының солтүстік бөктеріндегі мұздықтар азайған. Ғалымдар «ауа температурасы жоғарлауы мүмкін» деп жорамалдайды. Мұздықтардың азауы таулы өзендердің ағысына әсер етуде.

# Ауызсу қоры не себекі азадайтының білесің де?

7—8  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Суретте не бейнеленген?
2. Судың қандай түрін білесің?
3. Ауызсуды қайдан аласың?
4. Отбасында суды қалай үнемдейсіңдер?



### АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Жаңа сөздерді суреттермен сәйкестендірі.

Осы сөздерді пайдаланып, сөз тіркестерін құра.

Ауызсу, жарамсыз, теңіздең тасқындар, мал жайылымы, көмірқышқыл газы, бу.





4



5



6

## ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Топтық жұмыс. «Қақпа» ойыны. Айтылған жаңа сөзді кестеге жылдам жазындар. 1 оқушы кестені толтырысын. 1 оқушы сөздікпен жұмыс жасасын. 1 оқушы тақтадағы қақпаға гол салсын.

Сөз	Менің аудармам	Сөздіктегі аударма	Сөйлем

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Тыңда. Диалогті рөлге бөліп оқындар.

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Алуа:

— XXI ғасырда су қорына байланысты қандай түйткілді мәселелер бар?

Дана:

— XXI ғасырда су қорына байланысты түйткілді мәселе көп. Соның бірі — ауызсу мәселесі.

Алуа:

— Әлемде таза ауызсу қорының азаюы немен байланысты? Ғалымдар мен мамандар ауызсу қорының азаюын немен байланыстырады?

Дана:

— Жалпы әлемдік деңгейде ауызсу қоры азаюын мамандар теңіздегі тасқындармен байланыстырады.

Алуа:

— Қазақстанда ауызсу мәселесі қалай шешілген? Халық пайдаланатын ауызсудың сапасы қандай?

Дана:

— Біздің елімізде де ауызсу мәселесі қындық тудырып отыр. Қазақстанда халық пайдаланатын ауызсудың 20%-ға жуығы жарамсыз.

Алуа:

— Әлемдік жылышында байланысты Қазақстанда не өзгеруі мүмкін? Табиғи апаттар болуы мүмкін бе?

Дана:

— Әлемдік жылышында болашақта Қазақстанда өзендердің ағысы өзгеруі мүмкін. Табиғи апат көбейіп, табиғи өзгерістер орын алуы мүмкін.

Алуа:

— Ғалымдар су қорының тәмендеуін жердегі температураның жоғарылауымен байланыстырады. Температураның жоғарылауы қалай әсер етеді?

Дана:

— Соңғы кезде атмосферада көмірқышқыл газы көптең бөлінуде. Көмірқышқыл газы көбейген сайын температура жоғарылайды. Жердегі су бу болып ұшады. Ол су қорының тәмендеуіне әсер етеді.

Алуа:

— Су қорының тәмендеуі ауыл шаруашылығына әсер ете ме?

Дана:

— Әрине, Алуа. Су қорының тәмендеуінен мал жайылымдары тозады. Ол ауыл шаруашылығына кері әсер етеді.

Алуа:

— Рақмет. Сенен көп мәлімет алдым. Сонда энергияның көп бөлінуінен жердегі су қоры азаяды екен. Су азайса, жерден өнім шықпайды. Тұрмыста, өнеркәсіпте суды көп пайдалану су қорының азаюына әсер етеді. Сондықтан суды орынды пайдаланып, ауызсуды үнемдеу қажет.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

**Мәтінді оқы. Жаңа сөздерді тауып, қандай сөздермен тіркесіп тұрғанын анықта. Мағынасын түсіндір.**

**Улғи:** ауызсу — адам ішуге пайдаланатын су; ...



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Төмендегі жаңа сөздерді тағы қандай сөздермен тіркестіруге болады?

№	Жаңа сөздер	Ұсынылған сөздер	Қолдануға болатын тіркестер мысалы
1	ауызсу	қоры, тау бектері, тапшылығы, қысқарған, тазалығы	-ластанды - ...
2	жарамсыз	су, мұздықтар, тамақ, жорамал, киім	
3	теңіздегі тасқындар	жиледі, шығыны, көбейді, әсер етеді, дамып келеді	
4	мал жайылымы	шөлейттенді, әдемі болды, тозады, бүлінеді, топырақтанады	
5	көмірқышқыл газы	бөлінеді, әсер етеді, жақсы ықпал етеді, тарайды, атмосфераға ұшады	
6	бу	көтеріледі, қатады, төмендейді, жоғарылайды, болып ұшады	

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Төмендегі ойлармен келісесің бе, келіспейсің бе?

- XXI ғасырда су қорына байланысты түйткілді мәселелер бар.
- Жалпы әлемдік деңгейде таза ауызсу қоры азайып отырғанын мамандар теңіздегі тасқындармен байланыстырады.
- Қазақстанда ауызсу мәселесі қыындық тудырып отырған жоқ.
- Халық пайдаланатын ауызсудың сапасы жақсы.
- Әлемдік жылынуға байланысты болашақта Қазақстандағы өзендердің ағысы өзгеруі мүмкін.
- Бірақ табиғи апат көбеймейді.
- Табиғи өзгерістер орын алуы мүмкін.
- Ғалымдар су қорының төмендеуін жердегі температураның жоғарылауымен байланыстырады.
- Атмосферада көмірқышқыл газы көп бөлінбейді.
- Жердегі су бу болып ұшады.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына жаңа сөздерді қойып жаз.

**Жаңа сөздер:** ауызсу, жарамсыз, теңіздегі тасқындар, жоғарылайды, мал жайылымы, бу, көмірқышқыл газы.

XXI ғасырда ... түйткілді мәселе болып отыр. Әлемде таза ауызсу қоры азайғанын мамандар ... байланыстырады. Қазақстанда да ауызсу мәселесі

қындық тудырып отыр. Халық пайдаланатын ауызсудың 20%-ға жуығы .... Соңғы кезде атмосферада ... көп бөлінуде. Көмірқышқыл газы көбейген сайын температура .... Жердегі су ... болып үшады. Ол су қорының төмендеуіне әсер етеді.

## МӘТИНСОНЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 9 -тапсырма.

Диалогтегі 4 үнқатымды монологқа айналдырып жаз.

**Улгі:** Диалог:

Алуа:

— Су қорының төмендеуі ауыл шаруашылығына әсер етеді мін?

Дана:

— Әрине, Алуа. Су қорының төмендеуінен мал жайылымдары тозады. Ол ауыл шаруашылығына да кері әсер етеді.

Алуа:

— Рақмет. Сенен көп мәлімет алдым. Сонда энергияның көп бөлінуінен жердегі су қоры азаяды екен. Су азайса, жерден өнім шықпайды.

Монолог:

Су қорының төмендеуінен мал жайылымдары тозады. Су қорының төмендеуі ауыл шаруашылығына да кері әсер етеді. Энергияның көп бөлінуінен жердегі су қоры азаяды. Су азайғанда жерден өнім шықпайды

### АЙТЫЛЫМ

#### 10 -тапсырма.

Диалогті оқып, жоспар құр. Жоспарға сүйеніп, өз сөзінмен баянда.

#### ЕСТЕ САҚТА!

Елімізде ауызсу мәселесі қындық тудырып отыр. Пайдаланатын судың 20%-ға жуығы жарамсыз. Атмосфера да көмірқышқыл газы көптеп бөлінуде. Көмірқышқыл газы көбейген сайын температура жоғарылайды.

# Әлем климатының, өзгерүі

9 – 10  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Сен тұратын аймақта дауыл бола ма?
- Жаз айларында жауын жиі жауа ма?
- Сенің туған жерінде орман бар ма?

### ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Топтық жұмыс. «Қақпа» ойыны. Айтылған жаңа сезіді кестеге жылдам жазыңдар. 1 оқушы кестені толтырысын. 1 оқушы сөздікпен жұмыс жасасын. 1 оқушы тақтадағы қақпаға гол салсын.

Сез	Менің аудармам	Сөздіктегі аударма	Сөйлем

### АЙТЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Сөздерді суреттермен сәйкестендір. Осы сөздерді пайдаланып, сез тіркестерін құрастыр.

Дауыл, құрғақшылық, су тасқыны, ормандардың оталуы.



1



2



3



4

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### 4 -тапсырма.

Тында. Мәтінді оқы.

Әлемде климаттың өзгеруі қоршаған ортаны ластаудан туып жатыр. Өндіріс ошақтары қоршаған ортаны ластауда. Жаһандық жылынудың әсерінен Жердегі ауа райы өзгеріп, қатты дауылдар, күшті су тасқындары, **құрғақшылық** болып жатыр. Фалымдар болашақта мұндай апattар жиі болуы мүмкін екенін ескертеді.

Фалымдардың болжауынша, су тасқынынан, әсіресе Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қатты зардап шегуі мүмкін. Ол — Бангкок, Шанхай, Гуанчжоу, Хошимин және Янган қалалары. Бүгінде Қытай, Солтүстік Корея мен Оңтүстік Кореяда су тасқыны көбеюде.

Фалымдар климаттың өзгеруін **ормандардың оталуымен** де байланыстырады. Қазір әлемде ағаштары көптеп оталуда. Өндіріс үшін Амазонка талдары оталып жатыр. Ормандардың оталуы құрғақшылық тудырудада. 2005 жылы құрғақшылықтан өзендер кеүіп, орманның 30 пайызы қураған. Бұл — соңғы 60 жылдағы ең үлкен апattың бірі. Фалымдар құрғақшылықты Атлант мұхиты сүйнің температурасымен байланыстырады. Мұхит сүйнің қызыу Жер бетіндегі ылғалға әсер етеді екен.

Жауын аз болғандықтан, жердің **құнарлы қабаты** желмен ұшып кетеді. Одан кейін құм мен топырақтан дауыл болады. 2003 жылы Еуропада жаз өте ыстық болған. Фалымдар оны сирек кездесетін құбылыс ретінде бағалаған. Мұндай құбылыс 200 жылда бір рет болады екен. Алайда фалымдар болашақта жазда екі есе ыстық болуы мүмкін екенін айтады. 2040 жылы әрбір екінші жаз осылай ыстық болады екен.

Поляк фалымдары «мұздықтардың азауы мен су температурасының көтерілуі **aуа айналымын** өзгерткен» деген болжам айтады. Зор қуаты бар су ауаны жылдытып, ол жоғары көтеріледі. Қалыпты жағдайда солтүстік теңіздер мұз құрсанып, оған жол бермейтін.

Болашақта адамзатты не күтіп тұрғаны белгісіз. Сондықтан табиғатпен санасу керек.

А. Тұrapбайұлынан «Егемен Қазақстан»

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Дүрыс жауабын таңда.

1. Қоршаған ортаның ластануынан  
а) климат өзгеруде  
ә) жер өзгеруде
2. Өндіріс ошақтары қоршаған  
а) ортаны ластауда  
ә) үйді ластауда
3. Жер климаты өзгеріп  
а) қатты дауылдар болуда  
ә) балалар ойнауда
4. Әлемде  
а) құрғақшылық болуда  
ә) қызық болуда
5. Ғалымдар болашақта мұндай апattар  
а) жиі болуы мүмкін екенін айтады  
ә) ешқашан болмайтынын ескертеді

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Қажетті сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аяқта.

*Қажетті сөздер: ластануынан, дауыл, құрғақшылық, ормандастырылған, өндіріс ошақтары, қураган, ағаштары.*

Қоршаған ортаның ... климат өзгеруде. ... қоршаған ортаны ластауда. Жер климаты өзгеріп, қатты ... , қүшті су тасқындары мен ... болып жатыр.

Ғалымдар климаттың өзгеруін ... байланыстырады. Қазір әлемде орман ... көптеп оталуда. Ормандастырылған құрғақшылық тудыруды. Құрғақшылықтан орманың 30 пайзы ... .

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Мәтінге жоспар құр. Жоспар бойынша мәтін мазмұнын айт.

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### ЕСТЕ САҚТА!

Жер климаты өзгеріп, қатты дауыл, су тасқыны, құрғақшылық болуда. Климаттың өзгеруі ормандастырылған құрғақшылықтың оталуымен байланысты. Мұздықтардың азаюынан, су температурасының көтерілуінен ауа айналымы өзгерді.

# Д. Дефо «Робинзон Крузо» (ұзғанды)



## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ


#### 1 -тапсырма.

Мәтінді оқып әр сөйлемге бірнеше нұсқада сұрақ құрастырып.

Ағылшын жазушысы Даниэл Дефо «Робинзон Крузо» деп аталатын жалғыз романымен әлемге әйгілі болды. Д. Дефо адам аяғы баспаған аралда жалғыз өзі өмір сүрген адамның тіршілігі туралы жазады. Робинзон Крузо өмір сүру үшін неше түрлі айла жасайды.

Кеме теңізде апатқа ұшырап, Р. Крузо белгісіз аралда жалғыз қалады. Сол аралда 28 жыл бойы жалғыз болады.

Даниэл Дефоның «Робинзон Крузо» романы әлем әдебиетінің ең озық ұлгілерінің біріне айналды.



### ОҚЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Берілген сөздің мағынасын есіңе сақта.

Арал — түгелдей сумен қоршалған құрлықтың бір бөлігі. Құрлыққа қарағанда, аралдың ауданы шағын келеді.

### АЙТЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- |   |   |
|---|---|
| <p>Сен Дефоның орнында болсан, шығарманы қалай атар едің?</p> | <p>Елсіз аралға тап болсан, қандай сезімде болар едің? Алғашқы әрекетің не болар еді?</p> |
|---|---|

## ЖАЗЫЛЫМ

**4** -тапсырма.  
Суретке қарап,  
мәтін құра.



## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**5** -тапсырма.  
Тыңда. Мәтінді оқы. Құрмалас сөйлемдерді тап.

Тағдыр мені көз көріп, құлақ естімеген, адам жүрмеген түкпірдегі бір аралға әкеліп тастады. Құтыламын деген сенімім жоқ.

Мен дүниеден қол үзіп, айдалада қалдым. Арылмас қайғыға ұшырадым.

Мен бүкіл адамзат баласынан алыс қалдым. Мен қоғамнан қылған жәндікпін.

Киім-кешегім аз. Біраз уақыт өткен соң киетін киімім де қалмайды.

Мен аңнан, адамнан қалай сақтанамын? Менде сақтанатын қару жоқ. Менімен сөйлесетін, маған ақыл айтатын, жұбататын ешкім жоқ.

Барлық жолдасым суға кетіп, апат болғанда, мен тірі қалдым.

Мен ғана кемедегі адамдардан бөлініп, жалғыз қалдым. Ажал тек мені есіркеді. Мені ажалдан құтқарған нәрсе, мүмкін, бұдан да құтқарар.

Бірақ мен аштан өлген жоқпын. Адам баласы тамақ таба алмайтын, ел жоқ, күн жоқ жапан далада өмір сүріп жатырмын.

Мен киімсіз өмір сүретін жерде тұрамын.

Мен тұрған аралда Африканың аралдарындағыдай адам жоқ. Әлі күнге дейін жыртқыш аң да кездеспеді. Африка аралдарының бірінде қалсам, қайтер едім?

Құдайдың құдіреті шөккен кемені жиекке жақындағып әкелді. Кемеден өзіме күнделікті керекті заттарды алып үлгердім. Өле-өлгенше тамақ тауып ішүіме болатында мүмкіндік берді.

Дүниежүзінде адам баласының мұнан ауыр жағдайға тап болуы екіталай. Бірақ мұнда тұрмыстың жаман жағы ғана емес, жақсы жағы да бар.

Аралдағы тұрмысыма үйрене бастадым. Бұрын минут сайын: «Кеме көріне ме?» — деп теңізге қарайтынмын. Енді үмітімнен қудер үздім. Өз тіршілігімді женілдетуге тырысып жүрмін.

Даниэль Дефоның “Робинзон Крузо” романынан

## ОҚЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Жаңа сөздерді тауып, қандай сөздермен тіркесіп тұрғанын анықта. Мағынасын түсіндір.


**Үлгі:** адамның сыртқы бейнесі — адамның киім күісі, киім киу әдебі;...

## ОҚЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Төмендегі ойлармен келісесің бе, келіспейсің бе?

1. Тағдыр мені көз көріп, құлақ естімеген, адам жүрмеген түкпірдегі бір аралға әкелді.
2. Мен дүниеден қол үзген жоқпын.
3. Арылмас қайғыға ұшырадым.
4. Мен бүкіл адамзат баласына жақындағым.
5. Мен қофамнан құылған жоқпын.
6. Менің киім-кешегім көп.
7. Менде сақтанатын қару бар.
8. Менімен сөйлесетін, маған ақыл айтатын адам жоқ.
9. Жұбататын адам бар.
10. Барлық жолдасым суға кетті.
11. Мен тірі қалдым.



## АЙЫЛЫМ

### 8 -тапсырма. Жағдаят:

Сен автордың орнында болсаң, романды қалай аяқтайтын едің? Робинзон Круzonың орнында болсаң, 28 жыл белгісіз аралда шыдай алар ма едің? Қазіргі заманда белгісіз аралда өмір сүрудің жолдарын ұсына аласың ба?


## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Мәтінді екінші жақтан жаз. Етістіктерді тауып, астын сыйз.

Кемедегі бүкіл адамнан бөлініп жалғыз қалдым. Ажал тек мені есіркеді. Мені ажалдан құтқарған нәрсе, мүмкін, бұдан да құтқарар.

Бірақ мен аштан өлген жоқпын. Адам баласы тамақ таба алмайтын, ел жоқ, күн жоқ жапан далада өмір сүріп жатырмын.



## АЙТЫЛЫМ

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### 10 -тапсырма.

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жазып, сөйлемді толықтыр.

**Қажетті сөздер:** Жерде, аңдар, аралдарының, кемені, адам, заттарды, мүмкіндік.

Мен киімсіз өмір суретін ... тұрамын. Мен түрған аралда Африканың аралдарындағыдай ... жоқ. Элі қүнге дейін жыртқыш ... кездеспеді. Африканың ... бірінде қалсам қайтер едім?

Бірақ Құдайдың құдіреті шөккен ... жиекке жақындағы әкелді. Кемеден өзіме қунделікті керекті ... алып үлгердім. Өле-өлгенше тамақ тауып ішүіме болатында ... берді.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 11 -тапсырма.

«Кейіпкерге хат»  
оыйны. Робинзон  
Крузоға 12 сөйлемнен  
туратын хат жаз.

#### ЕСТЕ САҚТА!

Тағдыр Робинзонды көз көріп, құлақ естімеген аралға әкеп тастанды. Ол дүниеден қол үзіп, аралда қалды.

Жан Гранвильдің «Робинзон Крузо» романына салынған суреттері пайдаланылған. Франция. 1840 г.



# Нәмиже сабак. Мен не үйрендім?



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 1 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Бір сөйлемге бірнеше нұсқада сұрақ дайындаңдар. Сұрақтарды келесі жүппен алмасып, диалог үйымдастырыңдар.

**Улғи:** Галамдық жылдыну жаңбырдың мөлшеріне, ауыл шаруашылығына кері әсер етуде.

**Сұрақтар нұсқасы:**

1. Галамдық жылдынудың жаңбырдың мөлшері мен ауыл шаруашылығына қандай әсері бар?
2. Галамдық жылдыну жаңбырдың мөлшеріне және ауыл шаруашылығына әсер ете ме?
3. Жаңбырдың мөлшері мен ауыл шаруашылығына ғаламдық жылдыну қалай әсер етеді?

Қазақстан жерінің үштен екі бөлігі шөлейттенген. Полюстер мен экватордағы температураның әртүрлі болуына байланысты әлемде ауа алмасады. Полюстердің жылдынуы ауа алмасуын төмендетеді. Сондықтан кей жерлерде қатты ыстық болады, кей жерлерде тропикалық жауын жауады. Еліміздің ауыл шаруашылығы, энергетика, су қоры метрологиялық болжамдарға тәуелді.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 2 -тапсырма. Жағдаят:

Сен аралға тап болдың.  
Суретті пайдаланып, 8-12 сөйлемнен тұратын мәтін құрастыр.



## АЙТЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

««Экологиялық сауаттылық» дегеніміз не?»  
тақырыбында ойбөліс үйымдастырыңдар.

# Ұлы дала оркениеті

1—2  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**1** -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Ежелгі сақтар туралы не білесің?
- Ежелгі сақтар, көшпелілер мәдениеті туралы айтылған қандай ғалымдардың сөзін білесің?
- Геродот — кім? Оның сақтар туралы айтқан пікірін білесің бе?
- Суретке қара. Суреттердің ежелгі сақ мәдениетіне қандай қатысы бар? Ғаламторды, өзге де дереккөздерді пайдаланып, осы заттар туралы ақпарат жина. Заттардың атауларын, қай ғасырға жататынын анықта, жаз. Сабак тақырыбымен қандай байланысы бар деп ойлайсың?

### ЖАҢА СӨЗДЕР

ғасыр, отырықшы, бірегей,  
өркениет, өңдеу

## ЖАЗЫЛЫМ

### 2 -тапсырма.

«Орысша-қазақша сөздікті» пайдаланып, орыс зерттеушісі Л. П. Окладниковтың ежелгі түркі мәдениеті туралы айтқан сөзін қазақ тіліне аударып жаз. Ғалым айтып отырған «Древняя тюркская Сибирь» Жер шарының қай бөлігі екенін әлем картасынан тап.

«Древняя тюркская Сибирь оказалась теснее связанной с западом, чем с востоком. Её культура много богаче и ярче, чем можно было полагать ранее. У берегов Байкала, на Ангаре, Лене сходились и расходились пути древних культур Востока и Запада, существовали мощные по тем временам самобытные культурные очаги, без которых история Евразии не может быть полностью понятой. Как мы видим по находкам от крепостей тюрков в Прибайкалье ведет их путь на Дон и на Дунай».

## ТІЛДІК БАҒДАР

### Метафора

**Метафора** (грек *metaphora* — ауыстыру) — құбылыстар мен заттардың үқастық белгілері негізінде астарлы мағынада қолданылуы. «Метафораның табиғатында жұмбақ бар» (*Аристотель*). Метафоралар: жан азығы, табиғат — ана, өмір — өзен, өмір сыбағасы, асау толқын т.б. Метафора ойды әсерлі жеткізу мақсатында қолданылады:

- Қолына алып шашақты сан мың найза, Жауынгер **Күн** келеді жалаулатып.
- Қасқа бұлақ, қасыңнан неге кеттім?! Не деген жел айдаған **көбелекпін?** (*M. Мақатаев*).

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

«Жарнама». Жұптық жұмыс. Өздеріңе ұнайтын кітаптың біріне жарнама жасаңдар. Талаптар: кітаптың қысқаша мазмұны; кітаптың маңызы; оқудың пайдасы; оның бағасы; женілдіктер; автордың тұрақты оқырманы болып сөйлеу; метафора сөздерді қолдану: өмір азығы, білім қазығы, жарық ой, терең мағына, сырлы әлем және т.б.

Ежелгі Қазақстан мәдениеті немесе Ұлы дала өркениеті — Еуразия өркениетінің басы, **жалпыадамзаттық** өркениеттің **құрамадас бөлігі**. «Дала» деген ұғымды «шөл» деп ұғуға болмайды. Бұғынгі Қазақ жерінде 45000 өзен, 85000 көл бар. Алтай, Ұлытау, Қаратая, Мұғаджар, Алатау, Орал таулары да осы далада орналасқан. Алтайдан Дунайға дейінгі Дешті Қыпшақ жері — әрі далалы, әрі таулы, әрі өзен-сұлы, **нұлы өлкө**. Осы Ұлы далада өркениеттің орнауына себеп болған бірнеше фактор бар:



Біріншіден, Алтайдан Донға дейін созылған Ұлы Даға екі **құрлықтың** басын қости. Ол — Еуропа мен Азияның қақпасы болды.

Екіншіден, Даға өркениеті біздің жыл санауымыздан 1000 жыл бұрын пайда болды. 7000 км жер **қамтылды**. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы IV мыңыншы жылдың соңында **түркі жұрты** ең жүйрік аң — жылқыны қолға үйретті.

Үшіншіден, Ұлы даға Әмудария мен Сыр арқылы Қытай-парсы, Үнді, Араб өркениеттерімен **тоғысты**.

Төртіншіден, Даға баласы табиғи ортамен толық гармонияда өмір сүрді. Оған **шығармашылық** эволюция тән болды.

Бесіншіден, Ұлы даға арқылы өтетін «Ұлы Жібек жолы» — **сауда жолы** ғана емес, мәдениеттердің тоғысу жолы еді. Бір ғана Сырдарияның бойында 300-ге жуық қала мен елдімекен болды. Яғни **сахарада** көшпенді даға мен қала өркениеті қатар дамыды.

Алтыншыдан, «аң стиліндегі» **танғажайып** зергерлік өнер дамыды.

Жетіншіден, осы Ұлы далада салтанат құрған Түркі елі (Түркі қағанаты 551-744 ж.) — Еуразия сахарасындағы тұңғыш империя еді. Сол дәуірде түркі жазуы пайда болды.

Сегізіншіден, біздің жыл санауымызben 545 жылы Бумын қағанның ордасына Қытай **елшісі** келді. Сол кезден бастап Түркі елі халықаралық **мәртебеге** ие болды.

(Баспасөз материалдарынан)

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Төмендегі сөздерді орыс тіліндегі аудармасымен сәйкестендіріп жаз.  
Ретінде қарай метафоралы сөздермен тіркестіріп жаз.

Улгі: кәрі құрлық,

қазақша	орысша
жалпыадамзаттық	зеленый край
құрамдас бөлігі	охвачен
нұлы өлкे	тюрки
құрлық	общечеловеческий
қамтылды	континент
түркі жұрты	статус
тоғысу	составная часть
шығармашылық	стыковка
сауда жолы	творчество
елші	посол
мәртебе	торговый путь

## АЙЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Ежелгі Қазақстан мәдениеті – қандай өркениеттің құрамдас бөлігі?
- Бүгінгі қазақ жерінде қанша өзен-көл бар?
- Ұлы дала қандай құрлықтардың басын қости?
- Түркі жұрты жылқыны қашан қолға үйретті?
- Сырдарияның бойында қанша қала мен елді мекен болды?
- Қандай зергерлік өнер дамыды?
- Ұлы далада қандай империя салтанат құрды?
- Түркі жазуы қай ғасырда пайда болды?
- Бумын қағанның ордасына Қытай елшісі қай жылы келді?
- Түркі елі қандай мәртебеге ие болды?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Жоспар бойынша мәтін бөлімдеріндегі тірек сөздерді анықта. Мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша баянда. Сан есімдерді қолдан.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

«Дала өркениетінің даму факторлары» тақырыбында сызбаны толықтырып жаз.

### Ұлы дала өркениетінің даму факторлары

1.

2.

3.

4.

5.

6.

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

«Сандар сөйлейді». Қоржын ішінен мәтінде айтылған деректер жазылған қағаздарды алып, бірден жауап берген оқушы жеңімпаз болады.

## АЙТЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Диалог. «Тарихшымен сұхбат». Рөлдік ойын. Мәтіннің мазмұны бойынша тележурналист пен тарихшы ғалымның шағын сұхбатын көрсетіңдер. Метафора сөздерді алдын ала жазып алып, диалогте қолданыңдар. Үстен сөздерді пайдаланыңдар.

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Қазақстан картасын алып, аталған жерлерді белгілеңдер. Олардың ішінен біреуін таңdap, дереккөздерден соған қатысты ақпарат жинаңдар. Ақпараттарды Ұлы дала өркениетімен сабактастырып, шағын мәтін құrap жазыңдар.

Есік, Шілікті, Берел, Бесшатыр, Тасмола т.б. обалары; Жалаулы көмбесі (б.з.д. V – III f.), Қарғалы көмбесі (б.з.д I f. – б.з. I f.), Шілікті обасы (б.з.д. VI – V f.), Берел (б.з.д. V – III f.), Покровка (б.з.д. – V f.), Тарасу (б.з.д. VI – V f.) ескерткіштерінен табылған көне археологиялық алтындар қамтылады.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 11 -тапсырма.

Ұлы даланың ежелгі мәдениетіне қатысты сәулет ескерткіштерінің каталогін жаса. Каталогте сәулет өнерінің суреті, атауы, орны, уақыты, қазіргі жайы туралы қысқаша мәлімет көрсетілсін. Сан есімдерді қолдан.



## АЙТЫЛЫМ

### 12 -тапсырма.

Нұр-Сұлтандағы «Ұлттық мұражайда» Ұлы дала өркениетіне қатысты қандай экспонаттар бар екенін анықта. Мұражай сайтына кіріп, олармен таныс. Өзіңе қызықты болған деректерді жазып ал. Ұлттық мұражайдың өзің қалаған залында өткізілетін қазақ тарихшысымен кездесу туралы хабарландыру жаз. Хабарландыру мәтінінде метафораларды қолдан.



### ЕСТЕ САҚТА!

Ұлы дала өркениеті — жалпыадамзаттық тарихтың құрамdas бөлігі.

# Отыраф – оркенишет ордасты

3 – 4  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Элемдегі ең үлкен кітапхана туралы не білесін?
2. Қазақстанның қай ежелгі қаласында әлемдегі ең атақты кітапхана болған?
3. Отырар қаласы қайда орналасқан?
4. Төмөндегі қазба жұмыстарына қатысты қандай мәлімет білесін?

### ЖАҢА СӨЗДЕР

танымал, жазба дерек,  
кеңіл, өгіз терісі, жауапкер,  
уағызыши, тақуа




## ЖАЗЫЛЫМ

### 2 -тапсырма.

Төмендегі сөзжүмбақты шешсөн, ортадағы бір бағанда ортағасырдағы рухани орталық болған қаланың аты шығады.

1. Ең қасиетті сөз
2. Ең құнды сыйлық
3. Кітапханада отыратын адам
4. Отырарға жақын өзен
5. Отырардың көне атауы
6. «Мекен», «үй» сөзінің синонимі



## ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Мәтінді тында. Оқы.

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Ежелгі Қазақстан қалаларының ішінде Отырардың аты екі жайтқа байланысты ерекше айтылады: 1) ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби туған қала ретінде көнінен **тәнімал**; 2) әлемдегі ең ірі кітапхана орналасқан мәдени орталық ретінде белгілі. Алғаш рет «Отырар» және «Фараб» атаулары біздің заманымыздың IX ғасырындағы **жазба деректерде** кездеседі.

Отырар XIII ғасырдың ортасында Батыс пен Шығыс арасындағы жолда ірі сауда орталығына айналды. Себебі Ұлы дала арқылы өткен Ұлы Жібек жолы — өркениеттің **кеңілі** болды. Түркі қағанаттары жалпыадамзаттық өркениетті ұштастыра айтты. Батыс пен Шығыстан өздері де үйренді, өзгелерге де үлгі көрсетті. Алтын мен күміс **бұйымдарға**, «Мәңгілік тастарға», **өгіз терісіне**, қағазға басылған жазулар, теңгелердегі таңбалар — соның дәлелі.

«Шығыстың гүлдену дәүірі» түсінде христиан **уағызшылары мен тақуалары** өртеген Александрия кітапханасын қайта түлету мақсатында араб халифаттары Харун әл-Рашид (786-809) пен Мамун (813-833) **«Даналық үйін»** («Байт әл-Хикма») ашады. Аса бай кітапхана, расытхана ашады. Ғылымның барлық саласына арналған кітаптарды бір орталыққа жинап, ғылыми-зерттеу, аударма, кітап шығару істерімен белсене айналысады. Бұл ислам **ықпалына көшкен** Орта Азиядағы Хорезм, Бұқара, Самарқан, Отырар шаһарына да тікелей әсер етті. Әр қалада өз «Даналық үйлер» ашылды. Жібек жолының бойымен керуен бастаған көпестер ең құнды сыйлық ретінде Отырар әкіміне кітап сыйлауды **дәстүрге айналдырыды**. Тіпті, бұл мемлекеттік рәсім ретінде қабылданып, ресми сипат алды. Отырар кітапханасындағы қолжазба кітаптарды қала тұрғындары ғана емес, **шалғайдағы** басқа қаланың тұрғындары да пайдаланды.

Отырар қаласына Мимун халиф ерекше көніл аударған. Ол араб ғылымы мен мәдениетінің ең озық үлгілері мен **ғұламаларын, сахабаларын** Отырарға аттандырыды, кітапханалар мен мектептер, медреселер мен мешіттер салдырыды. Сондай «Даналық үйінен» Әбу Насыр әл-Фараби де дәріс алды.

(Т. Жүртбай)

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Мәтінде қою қаріппен жазылған сөздерді аудармасымен қоса дәптерге жаз.

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Өзің жазған конспектіге сүйеніп, мәтіннің мазмұнын айт.


## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтін бойынша конспект жаз.

Конспект жазудың талаптары:

- 1) мәтін мазмұнының сақталуы;
- 2) ойдың қысқаша түжырым түрінде жазылуы;
- 3) жазбаның түсінікті болуы.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Мәтіндегі метафора сөздерді тіркесіп түрған сөзбен бірге көшіріп жаз. Мағынасын түсіндір, синонимдерін тауып айт.

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Жағдаят: Теледидарда тікелей эфир арқылы Отырады зерттеуші ғалыммен сұхбат жүріп жатыр. Мәтін мазмұнымен байланыстырып, оған қандай сұрақ қояр едің? Үш сұрақ дайында. Ол не деп жауап беруі мүмкін?

## АЙТЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

«Аквариум». Диалог. Шетелдік досың сенен Қазақ жеріндегі ежелгі мәдени ошақтар туралы сүрады. Сен оған Отырап туралы айтып бер. Сынып ең үздік сұхбат иелерін анықтасын.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 10 -тапсырма. Жағдаят:


Жас археологтер үйірмесінің мүшесісіндер. Үйірменің бір жобасы «Отырар кешені» деп аталады. Осы үйірме жұмысын жандандыру жөнінде мектеп басшысына өтініш-хат жазындар. Хатта төмендегі мәліметтерді қамтындар.

- Отырардағы алғашқы қазбаны 1904 жылы Ресейдегі Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшелері — А. К. Кларе мен А. А. Черкасов жүргізді. Олар траншеялар салып, материал жинақтады.
- Одан кейінгі зерттеулер XX ғасырдың 40-жылдары профессор А. Н. Бернштамның басшылығымен жалғасты.
- 1969 жылы Отырар археологиялық экспедициясы ұйымдастырылып, оны К. А. Ақышев басқарды.
- 1991 жылдан К. М. Байпақов басқарып келеді.
- 2001 жылы ЮНЕСКО-Қазақстан-Жапония бастауымен «Ежелгі Отырар қала жүртүн консервациялап, сақтау» қорының халықаралық жобасы өз жұмысын бастады.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 11 -тапсырма.

«Ассоциограмма». «Отырар — ....» Диаграмманы толтырындар. Сөздеріңің ішінен өзің қалаған екі сөздің синонимін, антонимін жазындар. Оларды кірістіріп, сөйлем құраңдар.



#### ЕСТЕ САҚТА!

Отырарда әлемдегі ең үлкен кітапхана болды. Оның дамуына Ұлы Жібек жолының ықпалы зор болды.

# Ұлы Жібек жолы

5—6  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

1 -тапсырма.

Картаға қарап, Ұлы Жібек жолының бойындағы қалалардың атын жаз. Осы қалалардың қайсысы туралы не білесің? Ол неге «Ұлы Жібек жолы» деп аталған?

### ЖАҢА СӨЗДЕР

тасымалдау, жалғасу, өндіру, жетістік, мүмкіндік, өркендеу



### ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2 -тапсырма.

Оқы. Мәтін бойынша шағын конспект жаз.

**Біздің заманымызға дейінгі** II ғасырдан біздің заманымыздың V ғасырына дейінгі кезеңде Қазақстанды мекендеген тайпалар — сақ-савромат, ғұн-сармат, үйсін, қанұлайлар отырықшы, жартылай көшпелі тіршілік кешкен. Көшпелі тұрмыста әлемде теңдесі жоқ **баспана** — киіз үйді ойлап тапқан ежелгі халықтың қалалық мәдениет жағынан да адамзаттық өркениетінде өз орны, үлесі бар. Соңғы жарты ғасырда жүргізілген археологиялық қазбалар Қазақстан жерінде қалалық мәдениеттің **өркендегенін дәлелдеп отыр**.

## ТІЛДІК БАҒДАР

### ТЕҢЕУ

**Теңеу** — затты, нәрсені, құбылысты немесе заттың, нәрсенің, құбылыстың белгісін, қасиетін, сапасын екінші бір нәрсемен салыстыру арқылы көрсететін көркемдік үғым. Теңеулер көбінде — *-дай/-дей, -тай/-тей*

жүрнақтары арқылы жасалады. **Мысалы:** Өзендей күркірекен дауыс шықты. Арманы асқар таудай биік. Алтындау асыл сөзің бізге мұра. Жүйткіді жел жүйрік аттай. Аппақ қар әйнектей жарқырады.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Берілген сөздерді қатыстырып, Ұлы дала мәдениетіне байланысты 5 сөйлем жаз.

Мәдениет, тарих, өнер, қала, құрлық, қақпа, елші.

## ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Мәтінді тында. Оқы.

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС



## Ұлы Жібек жолы

I. Біздің заманымызға дейінгі II ғасырдың ортасында Еуропа мен Азияны **біріктірген Ұлы Жібек жолы** пайда болды. Ұлы Жібек жолы — Қытай мен Еуропаны байланыстырған **сауда жолы**. Осы уақытқа дейін негізінен, «лазурит жолы», «нефрит жолы» және «құндыз жолындағы» сауда **қызып тұрды**. «Лазурит жолы» — Мысыр, Иран, Вавилон елдерінде Памир тауларында **өндірілген** лазурит тасы **тасымалданған** жол. «Нефрит жолымен» Қытай патшалары мен бай-шонжарларына арналып жасалатын зергерлік бұйымдарға қажетті гаунар тас, нефрит Қашқардан Қытайға тасымалданған. «Құндыз жолымен» бағалы **аң терілері** әртүрлі елдерге таралған.

**II.** Біздің заманымызға дейінгі I мыңжылдықтың ортасында «Дала жолы» іске қосылды. «Дала жолы» арқылы Қытай жібегі мен Иран кілемі жеткіzlіp тұрды.

Ұлы Жібек жолы Еуропа мен Азия елдерінің бір-бірімен қарым-қатынас жасауына **мүмкіндік туғызып**, ондағы халықтарды біріктірді. Жолдың бұлай аталуына сауданың негізгі заты — Қытайдан шығарылатын жібек мата себеп болды.

Еуропа мен Азияны біріктірген бұл жол адамзатты ғажайып **жетістіктерге** жеткізді. Дамыған елдердің саудамен айналысуына, ғылымның дамуына, **дін** мен мәдениеттің **қалыптасуына** ықпал етті.

**III.** Ұлы Жібек жолы ежелгі Қазақстан жерімен де өткен. Ең негізгі сауда жолы Сырдария, Талас, Шу, Іле арқылы Қытайға **ұласқан**, Жолдың ендігі бір бөлігі «Яқсарт», «Сейхун» деп аталған Сырдария, Орал (Жайық) өзендерін **жағалап**, ары қарай Қара теңіз маңы, Византия мен Батыс Еуропа жерлеріне дейін **созылып жатты**.

Жібек жолы Орталық Қазақстан далаларына, Сарыарқа мен Ертіске, Алтай мен Монголияға қарай жалғасты. Осы жолдардың бойында Испиджаб, Усбаникент, Отырар, Түркістан, Тараз, Сауран, Сығанақ, Сарайшық, Жаңакент сияқты ірі қалалар болған. Бұл қалалардың өркендеуіне Ұлы Жібек жолының тигізген әсері мол.

(«Сен білесің бе?» энциклопедиясынан)

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен белгіленген сөздерді орыс тіліндегі аудармасымен жаз. Зат есімдерді өзің білетін теңеу сөздермен тіркестір. Үлгі: мамықтай жұмсақ аң төрілері. Мәтінде қолданылған көмекші есімдерді анықта.

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтіндегі ақпараттардың дұрыстығын тексер.

№	Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
1	Ұлы Жібек жолы Еуропа мен Азия елдерінің арасын ғана байланыстырыды.		
2	Ұлы Жібек жолы бойында тек қытай жібектері сатылды.		
3	Ұлы Жібек жолы Қазақстан жерімен де өтті.		
4	Ұлы Жібек жолы Батыс Еуропаға жетпеді.		
5	Ұлы Жібек жолы Монголияға да тарап алды.		
6	Ұлы Жібек жолының ежелгі қалалардың өркендеуіне ықпалы болмады.		

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

«Жигсо». «Бөлшекте, бүтінде!» Шарты: сынып 3 топқа бөлінеді. Топ мүшелері №1, №2, №3 болып белгіленеді. 1-кезеңде топтағы оқушылар мәтінді 4-ке бөліп оқиды (№1 — 1-бөлікті; №2 — 2-бөлікті; №3 — 3-бөлікті). 2-кезеңде әр топтағы балалар нөмірлері бойынша бір топқа бірігеді. Олар өздері оқыған бөліктің мазмұнын, тілдік құралдарды бірігіп талдайды. Оны өздері білетін өзге де мағлұматтармен толықтыруға болады. Нәтижесінде өздері қалаған тәсілмен (тірек сөздер кестесі, кластер, диаграмма, сурет, карта және т.б.) мәтіннің сол бөлігінің мазмұнын жинақтайды. 3-кезеңде сыныптың алдында өздерінің жұмысын қорғайды.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

Аударма сөздікті пайдаланып, Мұрад Аджидің сөзін қазақ тіліне аудар.  
Фалым сөзінің мағынасын өз ойынмен толықтырып айт.

И как бы не называли эту культуру — половецкая, печенежская, булгарская или иная, — корень её был один, потому что степи на одном языке — на тюркском. Жили под одним культурным традициям — по тюркским. Исповедовали одни духовные ценности — тюркские.

(Мұрад Аджи)

## АЙТЫЛЫМ

### 11 -тапсырма.

Берілген сөйлемдерге сұрақ қойып, диалогті жалғастырыңдар.



Аида Сапарбаева «Ұлы Жібек жолы»

- Біз жазғы демалыста отбасымызben Ұлы Жібек жолы экспедициясына қатыстық.
- ... ?
- Арнайы автобуспен араладық.
- ... ?
- Көне қалалардың орындарына бардық. Олардың өркениетіне таңғалдық.
- ... ?
- Отырар қаласы маған ерекше әсер етті.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 12 -тапсырма.

«Синектика». Көне қалалардың орнынан табылған күміс ақшаның атынан қазіргі үрпаққа хат жаз. Өз тарихыңды айтып, өзіңе деген он қөзқарас қалыптастыр. Хатқа керекті ақпараттарды қосымша дереккөздерден тап.

#### Талаптар:

- көлемі — 150—170 сөз;
- сапалық және қатыстық сын есімдерді көбірек қолдану;
- метафора, теңеу сөздерді қолдану.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 13 -тапсырма.

«Ұлы Жібек жолы» тақырыбында өтілген материалдарды INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Ақпаратты немесе тапсырмаға төмендегі белгілерді қойындар. Өз ойларыңды қорытынып жазындар.

«V»	«—»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағанымама қайшы, керағар	Мен үшін жаңа ақпарат	Білгім келеді

#### ЕСТЕ САҚТА!

Ұлы Жібек жолы Қазақ жерімен өткен. Түркілер өзгеден үйренді, өзінің жақсысын үлгі етіп таратты.

# Тараздың бойтұмараты

7—8  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Төменде берілген сұрақтар бойынша диалог құрындар.

#### ЖАҢА СӨЗДЕР

бойтұмар, жаугершілік, күмбез, шайқас, неке қиу, балғын

1. Қазақстан аумағындағы тарихи қалалар қай жерде орналасқан? Не себепті?
2. Осы аймақта қандай ескерткіштер бар?
3. Тараз қаласының басқа қалалардан қандай ерекшелігі бар?
4. Ежелгі қалаларда қандай өндіріс орындары жұмыс істеді?



### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Диалогтегі көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Көне Тараз

- Әлібек, сен ... жайлы не білесің?
  - Ұлы Жібек жолы елшілік пен сауда-саттықтың жолы ретінде маңызды қызмет атқарған.
  - Ондағы басты тауар не болды?
  - ...
  - Ұлы Жібек жолының кітапханаға қатысы бар ма?
  - ...
- Ұлы Жібек жолының бойындағы Қарахан хан күмбезі туралы не білесің?
- ...

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### 3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы.

#### Тараздың бойтұмараты

Тараз — Талас өзені бойында орналасқан **тариҳи қала**. Ол V ғасырға дейін салынған. 2000 мың жылдық тарихы бар Тараздың өзіндік тарихы бар. Оның даму жолдарының құпиясы мен **сыры көп**.

Әр қаланың өзінің ерекше **бойтұмараты** болады. Тараздың бойтұмараты — Қарахан мен Айша Бибі **күмбездері**. Аңыз бойынша, Айша Бибі Туркістанда жас батыр Қараханмен кездеседі. Бірін бірі ұнатқан екі жас үйленуге келіседі.

**Жаугершілік** заман болғандықтан, елін, жерін қорғап **шайқаста** жүрген Қарахан **уәделі мерзімде** Айша Бибіге бара алмай қалады.

Арада біраз уақыт өтеді. Айша Бибі Қараханның мекені — Тараз қаласына бару үшін қасына құтушісін ертіп, жолға шығады. Бірнеше күн жол жүріп, Таразға жетеді.

Қаланың төбесі көрінгеннен кейін өзеннің жағасына тоқтап, сол арада суға түсіп, біраз демалмақ болады. Құтушісі ас әзірлеуге кіріседі. Салқын суға шомылып, денесі сергіп шыққан Айша Бибі жұмсақ **төсөнішке** келіп жатады. Ұзақ жолдан шаршаған жас ару **маужырап үйқыга кетеді**. Осы кезде оны даланың улы жыланы шағып алады.

Денесін у жайлап, тынысы тарылған Айша Бибі дереу Қараханға хабар бергізеді. Қарахан емші мен молданы алып жеткенде, ару қызы **есінен танып** жатыр екен. Қарахан молдаға Айша екеуінің некесін қызызады. Содан кейін ол қызды қолына алып, жаны үзіліп бара жатқан Айшаның құлағына: «Айша, сен енді **Бибі** болдың!» — деп үш рет айқайлапты.


Ханның өлі қызбен неке қиғаны басқа еш халықтың тарихынан кездеспейді. Қайғырып, қан жұтқан Қарахан сүйген жарының денесін **жерлеп**, басына әсем күмбез орнатады. Қанша уақыт өтсе де, сол күмбез екі ғашықтың махаббатының өшпес белгісі болып Тараз қаласының **іргесінде** әлі тұр.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен белгіленген сөздерді орыс тіліндегі аудармасымен жаз. Мәтіндегі метафоралы тіркестерді теріп жаз. Мәтінде қолданылған сын есімдерді анықта.

Үлгі: самал жел.



## ЖАЗЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Диалог. Мәтіннің мазмұны бойынша 4 сұрақтан жазып, өзара диалог құрындар. Онда курсивпен жазылған тұрақты тіркестерді қолданындар.

## АЙЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтіндегі Айша Бибі мен Қарахан туралы аңызды әңгімелे.

## ОҚЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Суретке қара. Ұлттық саулет өнерінің ерекшелігі туралы түсінгеніңді айт.

Айша Бибі кесенесі — өзінің аңызға толы рухани құндылығымен қатар сәулет өнеріндегі ғажайып, әлемде тенденсі жоқ ескерткіш. Ескерткішті қалаған кірпіштердің әртурлілігінің өзі таңғалдырады. Оның алғашқы қалпы біздің уақытымызға дейін тек батыс қабырғасында сақталған.


2001 – 2004 жылдар аралығында қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Кесенені қайта қалпына келтіру үшін Түркістан Реставрация филиалының қайта жасаушы шеберлері үш жыл бойы ізденіп, оның кірпішінің жасалу технологиясын зерттеді. Ескі технологиялы пештерді қолдану арқылы 72 түрлі белгі салынған плиткалар дайындалды. Сондай-ақ кесененің іргетасын қатайту, қабырғаларын көтеру, ішкі және сыртқы желкендерін жөндеу секілді қыын жұмыстар жүргізілді.

## АЙЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Айша Бибі кесенесі туралы постер дайында. Сыныпта қорға.

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС



## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Дереккөзді пайдаланып, Қазақстан жерінде бой көтерген ғашықтар кесенелерінің бірі туралы материал жинаңдар. Оны слайд арқылы көрсетіп, махаббат туралы аңыз бен ақиқат жайлы тұсаукесер жасаңдар.

## АЙТЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

«Қазір Қарахан мен Айшаның махаббаты бар ма?» тақырыбында пікірталас өткізіндер.



### ЕСТЕ САҚТА!

Көне Тараздың бойтұмары — Айша Бибі мен Қараханның күмбезі. Олар некесін қиғызады. Күмбез қаланың іргесінде орналасқан.

# Б. Ұзаков «Жантаза»



## МЕТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Аңыздарға сенесің бе?
- Неге аңыздың бірнеше нұсқасы болады? Мысалы, Айша Бибі мен Қарахан туралы аңыздың 21 нұсқасы бар.
- Жын-перілер мен тылсым кейіпкерлер туралы әңгімелерге қызығасың ба? Олар туралы қандай фильмдер көрдің?
- Теледидардағы паранормальді құбылыстар жайлы деректі фильмдерді көресің бе? Олар туралы ұстанымың қандай?
- Бүгінгі сабактың тақырыбы не туралы деп ойлайсыңдар?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Оқыған ертегілерің мен көрген кинофильмдердегі кейіпкерлердің аттарын жаз. Олардың біріне мінездеме жаз. Деректі, дерексіз зат есімдерді, сын есімнің шырайларын қолдан.



### ЖАҢА СӨЗДЕР

ақсдаға, мақұлық, айбат, инабаттылық, пері, жантаза, періште, адалдық, іргелі ел

### АЙТЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Мына кейіпкерлерді ата. Олар туралы қандай шығармаларды білесің? Жын туралы әңгімелे.



## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### 4 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Оқы.

**I.** — Ауылды **аждаһа** аралағанына бір жұма болды. Әр күні түстен кейін қой-қозы, бота, тайды жұтады да жоқ боп кетеді. Атқан оқ дарымайды. Әзірге адамға ауыз салған жоқ. Кейін қайтерін кім білсін? — деді садақ ұстаған жігіт. — *Шарасын таппай да болдық...* — Ойбай... Әнен... Тағы келді, — деп сөзін жалғастырды жігіт. — Аждаһа Құлән деген... жесір әйелдің... үйінің жанындағы... сұы тартылып кеткен... ескі құдықтан шығады.

Жанқожа қылышын алып, солай қарай жүрді. Қасындағы адамдар жан-жаққа қашты. Ауыл ақсақалы, жасақ басшысы, **сауыт, дулыға** киіп қару асынған бес-алты жігіт амалсыздан *ізіне ерді*. **Мақұлық** үйдің арт жағында тұрған құлышында алып жұтқалы тұр екен. Жанқожа жылдам «Құран» оқыды да **ақырып**, қасына жетіп барды. Тез қылышын көтерді.

Лезде **айбатынан** айырылған мақұлықтың көзінен пора-пора жас ағып, сылқ етіп алдына жата кетті. Оның бейшара халін көрген Жанқожа қылышын түсірді.

— *Ағарған* әкеліңдер! — деді сосын одан отты жанарын алмастан...

Жасақ басшысы жүгіріп қараша үйге кірді де *ентелей жетті*. Артына қарамастан қолын созған Жанқожа одан зерен кеседегі сүтті мақұлықтың басына шашып жіберді.

Мақұлық көзінен жас тамшылаған күйі Жанқожаға бір қарады да **көрі бұрылып**, ақырын-ақырын жоқ боп кетті. **Сұсты** мақұлықтан құтылғанына қуанған адамдар қатты қуанды.

**II.** Жанқожа екі күн ақсақалдың үйінде жатты. Аждаһа қайта оралмады. Ауыл адамдары *үрейден арылып, тасаттық берді*. Үшінші күні еліне қайтты. Үлкендер *батасын жаудырып* ауыл іргесіне дейін шығарып салды. Ауылдан ұзап шыққан соң тізгінді босатты...

Тұн. Жұлдыздар жымындейді. Шалқалай туған айдың жарығынан жол бедері анық байқалады. Қызылқұмның ішінде торы атты **құстай ұшырып** келеді. Кенет алдынан ақ отау көрінді. Айналасында қаз-қатар тізілген сансыз шам жанып тұр. Бұл жер таныс сияқты. Анадай жердегі сексеуілге көзі түскенде барып, мұның жылқының өлекесі жатқан жер екенін бірден сезе қойды. Демек, торы ат **жүйткіген** екен. Әйтпесе, бұл жерге ертең түске тарта жетуі тиіс еді. *Он сегіз мың ғаламның тылсымын* кім түсінер дейсің?! Өз көзімен көріп өткен жазық далаға айналасында әскері жоқ демесен, хан ордасы көшіп келгендей. Әдемі ақ отаудың жанына барғанда іштен ханшадай киінген сұңғақ бойлы қыз шықты. **Инабаттылықпен** басын сәл иіп сәлем берді:

— Жолаушы, алған бағытыңыз алыс көрінеді. Бір тұн қонақ боп тынығып алыңыз!

Жанқожа *ізет сақтап* қызбен амандасты. Астындағы торысы аман болса, ауылының алыстығы білінбейді. Айдаладағы ақ отаудан шыққан қыздың қолқасынан гөрі бұл жерде қандай сыр бар екендігі көбірек қызықтырған тәрізді. Құранды ердің басына байлаулы тұрған сусын құятын ыдысын алған соң, атын қоя берді. Үйдистағы суға жуынып алды. Қыздың соңынан үйге кірді де *төрге озды*. Дастанқан жайнап тұр екен. «Мынадай таңсық тағамдар елдің дастанқанында болса ғой» деп ойлап отырды.

(Б. Ұзақов)

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен және курсивпен жазылған сөздерді екі бөлек бағанға аудармасымен жазып алыңдар.  
Курсивпен жазылған сөздерді тұрақты тіркес екеніне назар аударыңдар.  
Сондықтан олардың аудармасын жасауда оны ескеріңдер.

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Полилог. Шығарма неге «Жантаза» деп аталған? Ой бөлісіндер.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

«Жигсо». «Бөлшекте, бүтінде!» Шарты: сынып 2 топқа бөлінеді. Топ мүшелері №1, №2, болып белгіленеді. 1-кезенде Топтағы оқушылар мәтінді 2-ке бөліп оқиды (№1 — 1-бөлікті; №2 — 2-бөлікті). 2-кезенде әр топтағы балалар нөмірлері бойынша бір топқа бірігеді. Олар өздері оқыған бөліктің мазмұнын, тілдік құралдарды бірігіп талдайды. Оны өздері билетін өзге де мағлұматтармен толықтыруға болады. Нәтижесінде өздері қалаған тәсілмен (тірек сөздер кестесі, класстер, диаграмма, сурет, карта және т. б.) мәтіннің сол бөлігінің мазмұнын жинақтайды. 3-кезенде сынныптың алдында өздерінің жұмысын қорғайды.

## МӘТИНСОНЫ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Әртүрлі қара күштер туралы жазылған бір шығарманы оқы. Оның сюжетін шағын мәтін түрінде жинақтап жаз. Оның кейіпкерлері туралы айт.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Өзің білетін ертегі кейіпкерлерінің қайсысына қандай метафоралар мен теңеу сөздер сәйкес келеді деп ойласың? Бағанға жаз.

Кейіпкер	Тән белгілер
«Аладдин» мультфильміндегі Жын	
«Қар ханым» ертегісіндегі Қар ханым	
«Құйыршық» мультфильміндегі Құйыршық	
«Қаңбақ шал» мультфильміндегі Дәү	
«Алтын сақа» ертегісіндегі Мыстан кемпір	



# Нәтиже сабак. Мен не үйреноңдім?

11  
САБАҚ

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 1 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Дереккөзден Ұлы Жібек жолындағы өзің қалаған көне қалалардың біріне қатысты ақпарат жинап, «Көне қала сыр шертеді...» тақырыбында тұсауқесер өткізіңдер.

### Талаптар:

- сөйлеу уақыты — 5-7 минуттан аспасын;
- 0-12 слайд болсын;
- көркем безендірлісін;
- сызбалар, диаграммалар, суреттер қолданылсын;
- стилі тұсауқесерге сай болсын;
- тақырып бойынша игерген жаңа сөздер қамтылсын.

## АЙТЫЛЫМ

### 2 -тапсырма.

Пікірлерінді «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтыңдар.

**Пікір.** «Қазақстанның ежелгі қалалары. Ұлы Жібек жолы» тақырыбы бойынша өз пікірінді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

### БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

1. Көненің көзі — өнеге сөзі.
2. Тегін білмеген түбін білмейді.
3. Откенге топырақ шашсаң, болашақ саған оқ атады.



## Футбол ойнаймыз

### МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

#### АЙТЫЛЫМ

##### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Футбол ойнағанды ұнатастың ба?
- Футболға соңғы рет қашан бардың?
- Үйде футболды кім көп ойнайды?
- Футбол ойнағанда сен гол соқтың ба?

- Саған қай команда үнайды?
- Сен қандай атақты футболшыны білесің?

#### ЖАҢА СӨЗДЕР

*қақпаза тұру, ұпай алу, денсаулық кепілі*

#### ЖАЗЫЛЫМ

##### 2 -тапсырма.

Сурет бойынша мәтін құра.



## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### 3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Рөлге бөліп оқы.

- Сәлем, Нұрасыл!
- Сәлем, Толя!
- Нұрасыл, сен футбол ойнағанды жақсы көресің бе?
- Әрине, футбол — **әлемге танымал** ойындардың бірі.
- Мен де футбол ойнағанды **жақсы көремін**.
- Ертең футбол ойнаймыз. Сен де кел.
- Кімдермен ойнаймыз?
- Көрші мектептің балаларымен ойнаймыз.
- **Қай жерде** ойнаймыз?
- Біздің мектептің футбол алаңында ойнаймыз.
- **Төреші** кім болады?
- Дене шынықтырудан сабак беретін Асхат ағай төреші болады.
- Сен допты жақсы тебесің бе?
- **Жақсы** ойнауға тырысамын.
- Футбол — **қыын** әрі **қызықты** ойын. Әр ойыншының атқаратын рөлі бар. Топ **үйімшыл** болғанда ғана женіске жетуге болады.
- Иә, дұрыс айтасың. Оны бәрі билетін шығар.
- Мен қақпада тұрамын.
- Жарайды, қақпада **тұру** өте қыын. Допты қақпаға кіргізбеуге тырысасың ғой.
- Әрине, бар **күшімді** салып ойнаймын. Біз көп ұпай жинаймыз. Біз женеміз!
- Рақмет, айтқаның келсін!
- Ертең кездескенше! Сау бол!

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің синонимін тап. Сол сөздермен сөйлем құра. Сөйлемнің мағынасы өзгерді ме? Түсіндір.



## АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Топтау сан есімдерін қолданып, сурет бойынша диалог құрыңдар.



## ЖАЗЫЛЫМ

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### 6 -тапсырма.

Кестені толтыр.

Жаңа сез	Бұрынғы атауы
Ұшақ	самолет
Тікүшақ	
Фарыш	
Үнтаспа	
Фаламтор	
Талапкер	
Сынып	
Тінтуір	

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Суретті пайдаланып, әңгіме құра.



## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

**Жағдай:** Сен кеше досыңмен бірге футбол ойнауға бардың.  
Ол қақпаға бірнеше гол соқты. Сен мүлде гол соға алмадың.  
Не істейсің?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.


«Спорт — денсаулық кепілі» деген тақырыпта әссе жаз.

### ЕСТЕ САҚТА!

Мен досыммен футбол ойнаймын. Мен қақпада тұрамын. Біз көп ұпай жинадық.

### Талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
- тақырыптан аудитқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланысты болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлер көлтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көріктеуіш тілдік құралдар мен сан есімдерді, құрмалас сөйлемдерді ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 100-150 сөз.



# Женіл атлетикаға қатысамын

3—4  
САБАҚ

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сен спорттың қай түрін, қандай спортшыларды білесің? Кестені толтыр.

### ЖАҢА СӨЗДЕР

денені шынықтыру,  
мектепішілік, дене бітімі,  
аударыспақ, икемді

### Спорт түрі

### Спортшылар

Ауыр атлетика	Илья Ильин
Женіл атлетика	Әмен Тұяқов

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Сурет бойынша мәтін құра.



## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### 3 -тапсырма.

**Мәтінді тыңда. Оқы. Мәтіндеңі негізгі ақпаратты анықта.**

Спорт — денсаулық кепілі. Ал мықты денсаулық — адамның еңбекке, қоғамдық іс-әрекетке белсенді қатысуының кепілі. Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерте кезден көңіл бөлген. Баланың ақыл-ойының, дene бітімінің дұрыс қалыптасуына айрықша мән берген. Халқымыздың спорттың ойындары — осының бірден-бір дәлелі. Ежелден садақ тарту, бәйге, құрес, аударыспақ сияқты спорт түрлерімен айналысқан қазақ халқы спорттың басқа да түрлерімен шүғылдану арқылы өздерінің рухани байлықтарын жетілдіріп отырған. Халық өзіне лайықты деп санаған ұлттық спорт түрлері мен әртүрлі дene жаттығуларымен айналысқан. Әр өнірдің, әр аймақтың өз мергені, өз сәйгүлігі болған.

Атқа мініп, асық атып, бәйгеге шауып, теңге іліп өскен балалар шымыр, епті де икемді болып өседі. Дене шынықтыру мен спорт мәселесі қай елдің болсын, негізгі стратегиялық бағыты саналады. Өйткені болашақты ойламай, келешекте қуатты мемлекетке айналу мүмкін емес. Спорт дегеніміз — адамдардың денсаулығы, еңбекке дайындығы. Сонымен бірге спорт жасөспірімдерді әскери қызметке даярлауға, тәртіпке, ерлік пен батырлыққа тәрбиелеуге көмектеседі.

Балалар мен жасөспірімдер арасында спортты дамыту — бірінші кезекте түрған мәселе. Осыған орай мектептерде, жоғары оқу орындарында көптеген спорт секциялары, үйірмелер жұмыс істеуде. Жылдан-жылға спорт базалары көбейіп келеді. Ұлттық спорт түрлері де жақсы жолға қойылған. Атап айтсақ, қазақша құрес, тоғызқұмалақ, аударыспақ, бәйге, көкпар, қызыңғызу, асық ату, бестас сияқты спорт түрлерінен арнайы федерациялар құрылған. Ресми жарыстар өткізіліп тұрады.

(«Ана тілі» газетінен).

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

**«ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндеңі ақпарат бойынша өз пікірінді дәлелде.**

**Бірінші сөйлем.** «Менің ойымша....».

**Екінші сөйлем.** «Себебі мен оны .... деп түсінемін».

**Үшінші сөйлем.** «Оны мен .... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Соңғы сөйлем.** «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтіндегі қате жазылған сөздерді тап. Себебін түсіндір.

Спорт денсаулықті жақсартады. Спорттың барлық түрі денсаулыққа пайдалы. Спортның ең көп тараған түрі — женіл атлетика. Оған әртурлі қашықтықта жүгіру мен жұру, ұзындық пен биіктікке секіру, спорттық снарядларды лақтыру жатады. Женіл атлетикаден жарыс ашық және жабық (манеж) алаңдарда өтеді. Жарыс жеке, командалық және эстафеталық болып бөлінеді. Мен мектепте жүгіруге қатысамыз. Мектепішілік жарыста 100 метрге жүгіруден бірінші орын алдың. Ертөре биіктікке секіруден екінші орын алдыңыз. Ал Толя ұзындыққа секіруден үшінші орынды иеленді. Менің достарың спортпен айналысқанды жақсы көреді.

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құрап айт.

1	қазақ	а	кепілі	1	дене	а	міну
2	бала	ә	қалыптасу	2	жетілдіріп	ә	ату
3	денсаулық	б	бітімі	3	әр	б	бағыт
4	дене	в	тарту	4	атқа	в	көмектеседі
5	дұрыс	ғ	халқы	5	асық	ғ	секциялар
6	садақ	ғ	түрлері	6	стратегиялық	ғ	жаттығулары
7	спорт	д	байлық	7	тәрбиеуге	д	өнір
8	рухани	ж	тәрбиесі	8	спортық	ж	отырған

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Сөйлемге үш нұсқада сұрақ қой.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерте кезден көніл бөлген.	Kім бала тәрбиесіне ерте кезден көніл бөлген?
	Қазақ халқы неге көніл бөлген?
	Қазақ халқы кімдердің тәрбиесіне көніл бөлген?
Баланың ақыл-оїйының, дene бітімінің дұрыс қалыптасуына айрықша мән берген.	
Халық өзіне лайықты деп санаған үлттық спорт түрлері мен әртурлі дene жаттығуларымен айналысқан.	

## МЕТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

Эр өңірдің, әр аймақтың өз мергені, өз сәйгүлігі болған.	
Атқа мініп, асық атып, бәйгеге шауып, тенге іліп өскен балалар шымыр, епті де икемді болып өседі.	
Дене шынықтыру мен спорт мәселесі қай елдің болсын, негізгі стратегиялық бағыты саналады.	
Спорт дегеніміз — адамдардың денсаулығы, еңбекке дайындығы.	

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Суреттер бойынша әңгімелесіңдер.




## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Жұмбақты шешіп, суретпен сәйкестендір.

1. Жып-жылтыр, жалпақ бір  
Жатыр көк айна.  
Жүгіріп, жығылып,  
Жұлнынып, сонда ойнап,  
Тек тайма!
2. Тепсек-ақ, секіріп,  
Ұстаптай қашады.  
Бір жерге бекініп  
Тұра алмай сасады.
3. Даңғыл жол етемін,  
Тілгілеп ақ қарды.  
Шарықтап кетемін  
Қапталды,  
Шатқалды.
4. Табанға қанжар байладым,  
Бетінде айна ойнадым.



## АЙТЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

«Кім тапқыр?» ойыны. Екі топқа бөлініңдер. Мұғалім берген суреттегі спорт түрлерін құмылмен көрсетіңдер. Екінші топ оның қандай спорт түрі екенін тапсын.

#### ЕСТЕ САҚТА!

денені шынықтыру, мектепішілік жарыс, дene бітімінің дұрыс қалыптасуы, аударыспақ ойнау, икемді болу

## ЖАЗЫЛЫМ

### 11 -тапсырма.

Ольга Рыпакова туралы ақпарат жинап, фотоколлаж дайында. Оны сыныпта қорға.



# Еңбек – деңсаулық, кепілі



## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Сен спорт, еңбек туралы қандай шығармаларды білесін?
- Балаларға арналған қандай шығармаларды оқыдың?
- Сен қай кітапты сүйіп оқысың? Не себепті?

### ЖАҢА СӨЗДЕР

құрметті азамат, нәзік сезім, жасандылық, кесіп-пішу, қобалжыу

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Еңбек пен спорт туралы шығармаларды кластер түрінде көрсет.



### ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Түсінгенінді баянда.

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

Тынымбай Нұрмамбетов 1945 жылы 10 маусымда Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Қосу耶ңкі ауылында туған.

1968 жылы Қызылорда қаласындағы Н. В. Гоголь атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі және әдебиеті факультетін бітірген. Еңбек жолын **көп** тиражды «Су құрылышшысы» газетінен бастаған. Қызылорда облыстық радио комитетінде істеген. «Жазушы» баспасында редактор қызметін атқарған. 1981 жылы М. Горький атындағы **Жоғары** әдебиет курсын бітірген. Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының сценарийлік коллегиясында, «Қазақ елі» газетінде редактордың орынбасары болып қызмет еткен.

**Алғашқы** әңгімелер жинағы 1971 жылы «Қауын ісі» деген атпен шыққан. 1979 жылы осы жинақтың орыс тіліндегі нұсқасы үшін Бүкілодақтық М. Горький атындағы жастар сыйлығын алған.

Жазушының бірнеше шығармасы орыс тіліне аударылып, **жеке** кітап болып басылды. 1972 жылы «Қош бол, ата», 1975 жылы «Қарлығаштың ұясы», 1977 жылы «Атақоныс»,

1979 жылды «Запах дыни», 1980 жылды «Тұнық су», 1982 жылды «Там где горел очаг», 1984 жылды «Талисман», 1987 жылды «Бәйтеректер», 1989 жылды «Тұған аүыл тұтіні», 1995 жылды «Балалық шақтың әуендері», 1997 жылды «Таңдамалы», 2001 жылды «Айқай» және т.б. кітаптары жарияланған. Сонымен қатар «Табалдырығыңа табын», «Жоғалған көл», «Кемпірлер үкімі» пьесаларының, «Тырналар ұшып барады» фильмі сценарийінің авторы. Жазушының көп шығармасы еңбек тақырыбына арналған. «Еңбек арқылы адам деңсаулығын сақтайды» деген идеяны ұстанады. Жаңақорған ауданының **құрметті** азаматы. Халықаралық Қазақ ПЕН клубы сыйлығын алған (2000). «Құрмет» орденінің иегері (2006).

(Ғаламтор материалдарынан)

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Тынымбай Нұрмамбетов 1947 жылды 10 маусымда Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Қосүйеңкі ауылында туған.		
1968 жылды Қызылорда қаласындағы Н. В. Гоголь атындағы педагогикалық институтының орыс тілі және әдебиеті факультетін бітірген.		
1981 жылды М. Горький атындағы Жоғары әдебиет курсын бітірген.		
Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының сценарийлік коллегиясында, «Қазақ халқы» газетінде редактордың орынбасары болып қызмет еткен.		
1979 жылды осы жинақтың орыс тіліндегі нұсқасы үшін Бүкілодақтық М. Горький атындағы жастар сыйлығын алған.		
Жазушының бірнеше шығармасы ағылшын тіліне аударылып, жеке кітап болып басылды.		
Жаңақорған ауданының құрметті азаматы.		
«Парасат» орденінің иегері (2006).		

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтіндегі ақпараттарды кестеге түсір.

Үлгі: 1945 жылды 10 маусым	Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Қосүйеңкі ауылында туған.

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Берілген мақал-мәтелдің мағынасын түсіндір.

- Еңбегі аздың өнбекі аз.
- Еңбегіне қарай — құрмет, Жасына қарай — ізет.
- Еңбек — адамның екінші анысы.
- Қимыл шынықтырады.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің синонимін тауып, құрмалас сөйлем құра.

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, диалог құрындар.



## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

Т. Нұрмажамбетовтың шығармаларында нәзік лиризм басым. Оның кез келген туындысында кейіпкерлермен іштей сырласып, жүздесіп, сейлескендей сезімде боласың. Жазушы өз кейіпкерлерінің жан дүниесін, нәзік сезімін, сырын ашуда жасандылықта бой алдырмайды. Олар туралы кесіп-пішіп ештеңе айтпайды. Олардың іс-қимылы, сейлекен сөздері, монологтері арқылы бар болмысын танытады. Оқырман сол арқылы қай кейіпкердің қандай екенімен таныс болып, өз бағасын береді. Шығарма кейіпкерімен бірге қуанып, бірге жылап, бірге қобалжып, уайымдап отырады.

(C. Ержанова)

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Тынымбай Нұрмажамбетов туралы ақпарат жина. Ол — кім? Оның қандай шығармалары бар? Жазушы туралы кімдер қандай пікірлер айтты?

## ЕСТЕ САҚТА!

құрметті азамат, нәзік сезімге толы, жасандылықта бой алдырмау, кесіп-пішіп ештеңе айтпау, бірге қобалжу

# Еңбек етсек, ерінбей...

7 – 8  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Спорт адам денсаулығына пайдалы ма?
- Спортын айналысу үшін адамда қандай қасиет болу керек?
- Спорт адамның мінезіне қалай әсер етеді?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Суреттерді пайдаланып, шағын әңгіме құра.



### ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Мәтінді тында. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықта. Түсінгенінді баянда. Жоспар құр. Мәтіндегі синонимдерді тауып жаз.

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### Он төрт жасар жігіт (үзінді)

... Қияс егіс басына келгенде күннің де алқызыл шапағы жер бетіне тарай бастаған еді. Бала әуелі көженің суы құйылған қауақты арықтың жиегіндегі ыза жерге ернеулете көміп қойды. Бұл — әкесінен үйренгені еді. Бала кетпенін иығына салып, арықты жағалай жүріп кеше ғана дәнін сеуіп, тырмалап кеткен атыздарға көз жүгіртті. Тарылыштың қанша гектар екенін де Қияс

әлі білмейді. Әйтеүір Айбол шалдың қолдан жасаған өлшегіш таяғымен әрі-бері өлшеп келіп, «алты гектар» дегені есінде. Дәл осындай көлемдегі жерге бұлар жыл сайын тары егіп, колхозға жинап беруші еді. Бірақ ол кезде Қиястың жынында әкесі болатын. Енді, міне, әкесі майданға кетті. Шешесі ауру. Бала осыны ойлағанда іштей күрсініп те алды.

«Алдымен құлақ арықтың шығыс бетіндегі атыздарды суарамын» деп ойлады ол. — Сонан соң суды батыс, ылди беттегі атыздарға жыға салу ондай».

... Көтерменің бір жағын орып, сарылдап далаға кетіп жатқан суды көргенде баланың көзі шарасынан шығап, қорқыныштан тұла бойы қалтырап кетті. Не істерін де білмей сасқандықтан, бала судың құлап жатқан жеріне барып, талтайып тұра қалды. ... Құлаған жердің көлемі үш-төрт қадамдай. Дәл қазір осынша жерді бітемек түгілі, бала судың ағысына да қалт-құлт етіп әзер шыдап тұр. ... Ұзалағаны соншалық, баланың көзінен бырт-бырт жас шықты. ... Қияс өкси жылаған қүйі үстінің сұзы сүмектеп, орнынан тұрды. Біраз жерге ағыспен ілесіп кеткен кетпенін үстады.

Ол енді бойын кернеген ашу-ызадан бірте-бірте арыла бастады. Жылағанын да қойды. Қайта бойын бір қайсарлық сезім билеп алғандай. «Бұл жерді менің қалай да бітеуім керек» деп ойлады ол іштей...

(Т. Нұрмагамбетов)

## АЙЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Әңгіме кім туралы?
- Қиястың әкесі қайда?
- Ол тарылықтың неше гектар жеріне жауап береді?
- Ол тарылықты суаруды кімнен үйренді?
- Ол су аққан жерді бітей алды ма?
- Оның орнында сен болсан, не істер едің?

## АЙЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікірінді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## ОҚЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

**Қияс пен оның інісі — Сауыттың диалогін оқы. Аға мен іні арасында қандай сыйластық бар? Айтып бер.**

Сауыт бетінің терін алақанымен сүрткіштеп біразға дейін ұнсіз отырды да ағасы тамақтанып болған соң барып сөйлей бастады:

- Өзің шаршадың ба?
  - Аздап қана.
  - Көтерме құлап қапты ғой.
- Қияс бұл жолы ұндеғен жоқ.
- Бүгін сиырды қойнауға арқандадым.
  - Аударып арқандадың ба?

— Аудардым. Сосын қайтып келіп, апама шай қойып бердім. Шай ішіп, апам борша-борша боп терледі. «Кешегіден тәуірмін» — дейді.

Шешесі туралы айтқанда Сауыт өзінше байсалды сөйлеп, ағасын жұбатпақ болған ниет танытты.

Қияс оның тершіген басынан жайлап сипап қойды.

- Енді үйге қайтасың ғой?
- Қайтайын.

(Т. Нұрмагамбетов)

## АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

**Сенің інің/қарындастың/сіңлің бар ма? Сен оларға қандай қамқорлық жасайсың? Сауыт пен Қияс сияқты бір-бірлеріңе көмектесесіңдер ме?**

Көршіңмен осы тақырыпта диалог құрындар.

## МЕТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

**Т. Нұрмагамбетовтың «Он төрт жасар жігіт» әңгімесінің толық нұсқасын оқы. «Еңбекқор Қияс» деген тақырыпта эссе жаз.**

### Талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланыс болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көріктеуіш тілдік құралдарды ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 100-150 сөз.

### ЕСТЕ САҚТА!

қауак, атыз, ернеулете көміп қою, тырмалау, талтайып тұру, күрсіну.

# Еңбеккін келген женіс



## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Қазақстанның қандай олимпиада женімпаздарын білесің?
- Олардың ішінде кімді ерекше жақсы көресің? Неге?
- Ол қандай спорт түрінен чемпион атанған?
- Ол қазір қайда жұмыс істейді?



### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

«Мениң сүйікті спортшым» деген тақырыпта кластер құра.



### ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Мәтінді тында. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықта. Мәтін бойынша жоспар құр.

Қазақ халқының кеңінен танымал болған спортшыларының бірі — грек-рим күресінен Олимпиада ойындарының женімпазы, балуан — Жақсылық Үшкемпіров. Ол 1951 жылы 6 мамырда Жамбыл облысы Байзақ ауданы Тегістік ауылында дүниеге келген. Бапкерлері — Р. Ильматов, В. Псарев, В. Угренинов. Жақсылық Үшкемпіров Семей мемлекеттік университетін, Қазақ мемлекеттік спорт және туризм академиясын бітірген. Қазақстан және халықаралық турнирлердің женімпазы. КСРО чемпионатының алтын, күміс және қола жүлдегері.

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС



КСРО халықтары спартакиадасының жеңімпазы. 1980 жылы Еуропа чемпионатының күміс жүлдесін, 1981 жылы «Әлем чемпионы» атағын жеңіп алды. 1980 жылы Мәскеуде өткен Олимпиада ойындарының жеңімпазы болды. Қазақ КСР мемлекеттік спорт комитетінде нұсқаушы, Республикалық кәсіподдақтардың Ерікті дene шынықтыру, Спорт Одағы мектебінің директоры қызметін атқарды. 1993 жылдан «Жақсылық» спорт клубының директоры. Спорттағы жетістіктері үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

(«Сен білесің бе?» энциклопедиясынан).

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Жақсылық Үшкемпіров — кім?
- Ол қашан, қай жерде туған?
- Ол қандай оқу орнын бітірді?
- Ол спортта қандай жетістіктерге жетті?
- Спорттағы жетіктіктері қалай бағаланды?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Ғаламтордан Жақсылық Үшкемпіров туралы ақпаратты жинап, «Атақты палуан» деген тақырыпта әңгіме жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтінге тақырып қой. Мәтіндегі құрмалас сөйлемдерді тауып, талда.

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

Даңқты балуан, қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы — Жақсылық Үшкемпіров 5 бірдей медалін жергілікті өлкетану мұражайына табыс етті. Әлем және Мәскеу Олимпиадасының чемпионы — Жақсылық Үшкемпіров 1968 жылы Семейдегі малдәрігерлік институтына оқуға түсіп, алғашқы жаттығуларын осында бастаған. 6 жыл осы қалада тұрып, отбасылы болды. Айта кетейік, бір ғасырдан артық тарихы бар бүл мұражайға кезінде хакім Абай да өз заттарын сыйға тартқан.

«Осы жерден өсіп-өніп, үлкен шыңға шыққаныма, Олимпиада деңгейінің алтын медалін алуға киелі жерден шығып, соншама атақты жерге жеткеніме мен мың да бір рақмет айтамын! Бүгінгі менің тапсырып отырған медальдарымның барлығы да осы жерге, кейінгі үрпаққа үлгі болса, осындей біз сияқты әлемнің, Олимпиаданың чемпионы шығып, қазақ елінің кім екенін дүниежүзіне танытса, одан артық бақыт жоқ!», — дейді Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіров.

(«Қазақ үні» газетінен)

## АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.


**Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.**

**Пікір.** Оқыған мәтін бойынша өз пікірінді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

**«Қазақфильм»**

киностудиясында режиссер Тоқтар Қарсақбаев түсірген Жақсылық Үшкемпіровтің өмірі мен спорттағы жолы туралы «Женіске деген жігер» деректі фильм жайлы ақпарат жинап, тұсаукесер дайында.

### ЕСТЕ САҚТА!

спорт шебері, оның бапкерлері, кәсіподак мүшесі, өлкетану мұражайы

# Ұлттық команда

11 – 12  
САБАҚ

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Сен спорт дүкеніне барып көрдің бе?
- Спорт дүкенінен не сатып алдың?
- Онда қандай заттар сатады?
- Ұлттық команданың киімі туралы не білесің?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Суретке қарап, мәтін құра. Мәтінде сын есімдерді пайдалан.

## ЖАҢА СӨЗДЕР

ұлттық нақыш, жсанқүйер,  
өлшем, шақ келді/шақ емес,  
жарасу/ жараспау



## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

### 3 -тапсырма.

**Мәтінді тыңда. Мәтінге тақырып қой. Мәтін бойынша жоспар құра. Сұрақтарға жауап бер.**

2014 жылы **қысқы олимпиада** ойындары Сочи қаласында өтті. Оған әлемнің 88 елінен **ұлттық командалар** қатысты. Олимпиаданың ашылу салтанатында барлық ұлттық құрамалар өздерінің **спорт киімдерімен** шықты. Қысқы олимпиадаға әлемнің 88 елінен келген шетелдік жаттықтырушылармен қоса, **спорт жанкүйерлері** Қазақстан құрама командасының спорттық киім үлгісін **ең тамаша спорттық киім** ретінде бағалады. Қазақстандық спортшыларға арналған спорт киімдерін Алматыдағы «Zibrro» фирмасы дайындауды.

**Киім жиынтығы:** олимпиаданың ашылу салтанатына арналған киім, қыстық және жеңіл күртке, баскіім, бөкебай, қолғап, спорттық жаттығу киімі, спорт шалбары, кроссовка, **шұлық, жылы ішкіім, жылы жемпір,** спорт сөмкесі және басқа да спорттық киімдерден тұрады.

Ұлттық команданың киімін тігу барысында **дизайнерлер** еліміздің әр аймағындағы ежелгі тарихи ескерткіштердегі жазбалармен танысып шықты. Дизайнерлер ұлттық спорт киімін жасауда сан түрлі **көне петроглифтердің** кескінін пайдаланып, ұлттық нақышта тікті.

Қазақстан құрама командасының спорттық киіміне **барыстын, салт атты адамның** және тағы басқа да **жануарлардың кескіндері** салынды. Бұл кескіндердің барлығы да **қазақ халқының** өткен тарихын баяндайды.

### Тапсырмалар:

- Қысқы олимпиада ойындары қайда өтті?
- Оған неше ұлттық команда қатысты?
- Қазақстан құрама командасының спорттық киім үлгісі қалай бағаланды?
- Киім жиынтығы нeden тұрады?
- Ұлттық спорт киімінде не бейнеленді?

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

**Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерді пайдаланып, көршінмен сұхбат құра.**



## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Спорт түріне байланысты спортшылар қандай спорт киімдерін киеді? Кестені толтыр.

Спорт түрлері	Спорт киімдері
Бокс	Қолғап

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Көп нұктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз.

1. 2014 жылы қысқы олимпиада ойын ... Сочи қала ... өтті. 2. Қазақстандық спортшы ... арналған спорт киім ... Алматыдағы «Zibrro» фирмасы дайындады. 3. Қазақстан құрама команда ... спорттық киім барыс ..., салт атты адам ... және тағы басқа да жануар ... кескін ... салынды.

## АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Айналысатын спорт түріне қарай спортшылардың аты-жөнін кестеге жаз. Досыңмен диалог құр.

Жақсылық. Ушкемпіров, Шәміл Серіков, Серік Қонақбаев, Әмен Тұяқов, Дәулет Тұрлыханов, Ольга Шишигина, Ермакан Ибраимов, Василий Жиров, Бекзат Саттархан, Бақтияр Артаев.


Балуандар	Боксшылар	Футболшылар	Женіл атлетика

## ОҚЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Сұхбатты рөлге бөліп оқы.

- Сәлеметсіз бе! Келіңіздер, көріңіздер! Қандай спорттық костюм керек еді?
- Сәлеметсіз бе! Маған әдемі, жаңа үлгідегі спорттық костюм қажет еді.
- Қандай өлшем керек?
- Қырық төртінші өлшем.
- Түсі қандай болу керек?
- Жасыл түсі бар ма?
- Қазір тауып беремін. Міне, алыңыз, қырық төртінші өлшем.
- Киіп көруге бола ма?
- Әрине, киіп көріңіз.
- Маған үлгісі қатты ұнап тұр. Түсі де тамаша екен.
- Иә, сізге әдемі жарасып тұр. Сатып алуыңызға болады.
- Ал бағасы қанша болады?
- 10 000 теңге.
- Жақсы. Маған ұнады. Осы костюмді аламын.
- Жарайды. Қазір орап берейін. Ақшасын кассаға төлейсіз.
- Рақмет. Сау болыңыз!
- Мархабат. Тағы да келіңіз!



## АЙТЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Жағдаяттық тапсырма. Сен кеше анаңмен спорт дүкеніне бардың. Дүкеннен жаңа спорттық костюм сатып алдың. Бірақ үйге келген соң, саған костюм ұнамай қалды. Не істейсің?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10

#### -тапсырма.

«Қазақстан спортшылары» тақырыбында коллаж дайында.



#### ЕСТЕ САҚТА!

Ұлттық нақышта тігілген, спорт жанкүйерлері, нешінші өлшем?, шақ келді/ шақ емес, маған жарасады/ жараспайды

# Нәтиже сабак. Мен не үйрендім?



## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 1 -тапсырма.

Мәтінді тыңда. Хат жазған кездегі Қияс пен Сауыттың көңіл қүйі туралы айтып бер.

Басқадан артық көруші, көкеміз Қайыпбек, қалай аман-есен жүрсін бе? Фашистерді шетінен қырып жатырсындар ма? Сенің солай болуыңа бұл жақтан апам — Төржан, соナン соң біз — Сауыт екеуміз тілектеспіз. Көке, хатынды алдық. Көке, хатты неге жиі жазбайсың? Апам тәуір болып келе жатыр. Айтпақшы, мен бүгін сағаның түбіндегі көтермені қайта соқтым. Ертең тарының бірінші сүйн беріп боламын.

Сауыт та аман-сау жүр. Бетімен ойнап кетпейді. Апам екеуімізге шай қойып, көже істеп береді. Қубіні де өзі пісіре беретін болды.

Көке, өздеріңнің жағдайларың қалай? Фашистерді біраз қырған шығарсындар. ... Айтпақшы, Саянның ағасы — Жанарабекті жау өлтіріп кетіпті ғой. Көке... Қалайша байқамай қалдындар, а?!

Көке Саянның өзі: «жақында соғысқа барамын», — деп жүр. Жібермесе — қашып кетемін, әйтеуір, кетемін дейді. Ол бар ғой, көке... Ол барады. Соナン соң немістерге көресіні көрсетеді. Ол бар ғой, ол жеңіп келеді.

Көке, біз сені әбден сағындық. Қалайда аман-есен келші! Көке, мен хат жазып отырғанда мына Сауыттың су шашып жібергенін қараши!

Көке, ертеңнен бастап жұмысқа сенің кетпеніңді алып шығамын.

Қош бол, көке! Мен, Сауыт және апам.

(Т. Нұрмагамбетов «Он тәрт жасар жігіт» повесінен)

## АЙТЫЛЫМ

### 2 -тапсырма.

«Көке, мен хат жазып отырғанда мына Сауыттың су шашып жібергенін қараши!» — деп Қиястың жазғаны шын ба? Сауыт шынымен су шашып жіберді ме? Ойынды дәлелдеп айт.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Қазақстанның үздік футболшысы — Самат Смақовтан қалай сұхбат аласындар? Досынмен ақылдасып, футболшы мен тілші арасындағы сұхбатты дайында. Спорттың адамның денсаулығына әсері туралы мағлұматты қамтындар.

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Суретті пайдаланып, диалог құрыңдар.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтіннен бес есімдікті теріп жазып, жіктеңіз.

**Улғи:** жүр

Мен жүремін  
Сен жүресің  
Сіз жүресіз  
Ол жүреді.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Шетелдік досыңа Қазақстанның атақты спортшылары туралы хат жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Берілген сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құра.

Хат алу, киіп көру, әкесін сағыну, соғысқа бару, танымал болу, ұлттық команда, киім тігу, данқты балуан.

## АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Досыңмен «Спорт дүкенінде» деген тақырыпта сұхбат құр.

## БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

### Мақал-мәтөл

- Еңбегінен ел таныр.
- Ердің атын еңбек шығарады.
- Кімнің ісі көп болса, соның күші көп.

## Киім қио мәдениеті

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

## 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Сен киімді өзің таңдайсың ба, әлде ата-анаңмен бірге таңдайсың ба?
- Ата-анаңмен киім таңдаудағы талғамың сәйкес келе ме?
- Киім таңдағанда қандай ерекшелігіне қарайсың?

## ЖАЗЫЛЫМ

## 2 -тапсырма.

А. П. Чеховтің сөзін қазақ тіліне аударып, түсіндір.

«В человеке должно быть все прекрасно: и лицо, и одежда, и душа, и мысли».

## ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## 3 -тапсырма.

Берілген сөздерге сұрақ қой. Осы сөздерді қатыстырып, сөз тіркесін құра.

сыртқы бейне

ішкі дүние

киім киісі

бойға қонымды

ой тумауы керек

таңдайды

үйлесімді

қорғайды

сенімді

## ЖАҢА СӨЗДЕР

сыртқы бейне, ішкі жсан-дүниесі,  
киім киісі, бойға қонымды, ой ту-  
мауы керек, үйлесімді, қорғайды



## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### 4 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

### Киім кию мәдениеті

Адамның сыртқы бейнесі оның ішкі дүниесінен хабар береді. Өзін ортасына сай, мәдениетті, сыпайы ұстаған, айналасына сыйласымды қарым-қатынаста болған адамның ішкі дүниесі де әдемі болады. Ишкі мәдениет адамның қоғамда өзін ұстауы мен киім киісі арқылы да көрінеді. Адам өзінің сыртқы бейнесімен де халыққа өнеге көрсетуі керек. Қонымыды киім киу әдебі — адамдардың ақыл-ойы, эстетикалық талғамы мен еңбегінің жемісі. Адам ортасына қарай киім таңдайды. Тойға киетін киімді жұмысқа киіп бармайды. «Киіміне қарап қарсы алады, ақылына қарап шығарып салады» деген нақыл бар. Адам туралы алғашқы пікір оның сыртқы бейнесіне байланысты туатыны рас. Бірақ «қымбат киім киген адам ғана жақсы болып көрінеді» деген ой тумауы керек. Бұл жерде бойға қонымыды, үйлесімді, жинақы киім туралы айтылып тұр.

Киім адамның болмысын, ерекшелігін көрсетеді. Киім кейде адамның мәртебесін көтереді, кейде адамды әдепсіз етіп көрсетеді, кейде талғамсыз етіп көрсетеді. Жарасымды, қонымыды киім киген адам қашан да өз-өзіне сенімді болып көрінеді.

Киім адамды суықтан, ыстықтан, жауын-шашыннан қорғайды. Киіміне қарап адамның жасын, жынысын, қайда жұмыс істейтінін білуге болады. Тігіншілер мен дизайнерлер жылда мындаған киім үлгісін ойлап шығарады. Соның арқасында әр адам өзінің даралығын сақтайды, басқа адамдармен біркелкі болмауына мүмкіндік туады. Киімнің түрі көп болса, әр адамның өзіне тән стиль таңдауына мүмкіндік туады. Стиль әр адамның мінезі мен қызығушылығына байланысты болады.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Жаңа сөздерді тауып, қандай сөздермен тіркесіп түрғанын анықта. Мағынасын түсіндір.

**Улғі:** адамның сыртқы бейнесі — адамның киім киісі, киім киу әдебі.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Төмендегі ойлармен келісесің бе, әлде келіспейсің бе?

- Адамның сыртқы бейнесі оның ішкі дүниесінен хабар береді.
- Өзін ортасына сай, мәдениетті, сыпайы ұстаған адамның ішкі дүниесі де әдемі болады.
- Айналасына сыйласымды қарым-қатынаста болған адамның ішкі дүниесі де әдемі болады.
- Ішкі мәдениет адамның қоғамда өзін ұстауы мен киім киісі арқылы да көрінбейді.
- Адам өзінің сыртқы бейнесімен де халыққа өнеге көрсетуі керек емес.
- Қонызды киім кию әдебі адамдардың эстетикалық талғамына байланысты.
- Адам ортасына қарай киім тандамайды.
- Тойға киетін киімді жұмысқа киіп баруға болады.
- Адам туралы алғашқы пікір оның сыртқы бейнесіне байланысты тумайды.
- Қымбат киім киген адам ғана жақсы болып көрінеді.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Дұрыс нұсқаны таңда.

- Киім адамның болмысын, ерекшелігін...
    - көрсетеді
    - көрсетпейді
  - Киім кейде адамның мәртебесін...
    - көтереді
    - көтермейді
  - Киім кейде адамды әдепсіз етіп...
    - көрсетеді
    - көрсетпейді
  - Жарасымды, қонызды киім киген адам қашанда өз-өзіне...
    - сенімді болып көрінеді
    - сенімді болып көрінбейді
  - Киім адамды сұықтан, ыстықтан, жауын-шашыннан...
    - қорғайды
    - қорғамайды
  - Конызды киім кию әдебі —
- адамдардың ақыл-ойы мен эстетикалық талғамының, еңбегінің...
- жемісі
  - жемісі емес
- Киіміне қарап адамның жасын, жынысын, қайда жұмыс істейтінін...
    - білуге болады
    - білуге болмайды
  - Тігіншілер мен дизайнерлер жылда мыңдаған киім үлгілерін...
    - ойлап шығарады
    - ойлап шығармайды
  - Киімнің түрі көп болса, әр адамның өзіне тән стиль таңдауына...
    - мүмкіндік туады
    - мүмкіндік тумайды
  - Стиль әр адамның мінезі мен қызығушылығына...
    - байланысты болады
    - байланысты болмайды

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Қажетті сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аяқта.

*Қажетті сөздер:* өнеге, сыртқы бейнесі, ішкі дүниесі, киім киісі

Адамның ... оның ішкі дүниесінен хабар береді. Өзін ортасына сай, мәдениетті, сырпайы ұстаған адамның ... де әдемі болады. Ишкі мәдениет адамның қоғамда өзін ұстаяу мен ... арқылы да көрінеді. Адам өзінің сыртқы бейнесімен де халықта ... көрсетуі керек.

## АЙТЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

«Киіміне қарап қарсы алады, ақылына қарап шығарып салады» деген нақылды орыс тіліне аудар, мәнін түсіндір.

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

Мәтіннен жаңа сөздерді тап. Тиісті қосымшаларды жалғап, сөйлемдерді аяқта.

Қонымды киім киу әдебі — адамдар... ақыл-ойы мен эстетикалық талғамы..., еңбегі... жемісі. Адам ортасына қарай киім таңдай... . Тойға киетін киімді жұмысқа киіп бармай... . «Киіміне қарап қарсы алады, ақылына қарап шығарып салады» деген нақыл бар. Адам туралы алғашқы пікір оның сыртқы бейнесі... байланысты туатыны рас. Бірақ «қымбат киім киген адам ғана жақсы болып көріне...» деген ой тумауы керек. Бұл жерде бой... қонымды, үйлесімді, жинақы киім туралы айтылып тұр.

## АЙТЫЛЫМ

### 11 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

1. Киім адамды неден қорғайды?
2. Қонымды киім киу әдебі — ненің жемісі?
3. Киіміне қарап адамның несін білуге болады?
4. Тігіншілер мен дизайнерлер жылда нені ойлап шығарады?
5. Әр адам өзінің даралығын қалай сақтайды?
6. Әр адамның өзіне тән стиль таңдауына не себеп болады?
7. Стиль әр адамның қандай қасиетіне байланысты болады?

## ЕСТЕ САҚТА!

Адамның сыртқы бейнесі оның ішкі дүниесінен хабар береді. Киім адамның болмысын, ерекшелігін көрсетеді. Жарасымды, қонымды киім киген адам қашанда өз-өзіне сенімді болып көрінеді.

# Еркін киңемін

3 – 4  
САБАҚ

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- «Сәнмен киіну» дегенді қалай түсінесін?
- Киім кио әдебі жайлы не айтасың?
- Қандай үлгідегі киімді кигенде өзінді еркін сезінесін?

### ЖАҢА СӨЗДЕР

еркін сезіну, ыңғайлы, ауа жібереді,  
ылғал өткізбейді, дененәді қыспайды,  
қимылыңды шектемейді, қанық ашық  
түсті

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Киім туралы қандай мақал-мәтел білесің? Білетін нақыл сөзінді дәптерге жазып, оның мағынасын түсіндір.

**Улғі:** Киім адамның көркін ашады. Киімі өзіне жарасымды болса, адам әдемі көрінеді.

### АЙТЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Суреттегі адам қандай киім үлгісін киген? Сипаттап айт.



## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### 4 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

«Адам көркі — шүберек» демекші, кейбір адамдар киімге қарап бағалайды. Қалтасындағы қаражаттың көбін киімге жұмсайтын, қатарынан қалғысы келмейтін адамдар қазір ете көп.

Мен көбіне спорттық киім кигенді ұнатамын. Спорттық киім жүргуге, отырып-түрүға ете ыңғайлы. Осы стильдегі киімде өзінді еркін сезінесің. Спорттық киімденді қыспайды, қымылышы шектемейді. Спорттық киімдер жоғары технологиялы материалдардан жасалады. Олар денеге ауа жібереді, ылғал өткізбейді. Бұл киімдер — спортпен шұғылдансан да, жай қыдыруға кисен де, ыңғайлы. Спорттық киімдер көбіне қанық ашық түсті матадан тігіледі. Ал ашық түстер көніл қуйімді көтеріп, күні бойы сергек жүруіме әсер етеді.

Қазақстан құрамасының спорттық киімі көк түсті. Маған біздің құраманың осы түсті таңдағаны қатты ұнайды. Аспан түстес көк адамның көнілін бірден көтереді. Бірақ олардың дизайнны жыл сайын өзгеріп отырады. Ол дизайнды өз талғамыңа қарай таңдауға мүмкіндік береді.

Аяқниім таңдауда сән мен ыңғайлышына ерекше көніл бөлемін. Адам сол аяқниімде өзін сәнді әрі ыңғайлыш сезінгісі келеді. Мен өзімді спорттық киімде ыңғайлыш, еркін сезінемін. Спорттық аяқниімді спорт киімімен бірге достарыммен ойнағанда, көкке шыққанда, отбасымен серуенге шыққанда киемін.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендір.

1	сергек	а	шектемейді
2	жұмысқа	ә	жібереді
3	дененді	б	киім
4	көніл қуйім	в	түстер
5	ылғал	ғ	таңдау
6	ауа	ғ	қолайлы
7	қымылышы	е	жүру
8	спорттық	и	тигізбейді
9	ашық	қ	көтеріледі
10	аяқниім	қ	қыспайды

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

- Спорттық киім несімен қолайлы?
- Спорттық киімнің басқа киім үлгілерінен ерекшелігі қандай?
- Қазақстан құрамасының спорттық киімі қандай түсті?
- Аспан түстес көк не себепті адамның көңіл қүйін көтереді деп ойлайсың?

## МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Үш нұсқаның ішінен тиісті сөзді таңдап жаз.

Спорттық киім жүргуге, отырып-тұруға өте (ыңғайсыз, ыңғайлы, әдемі). Осы стильдегі киімде өзінді (дұрыс сезінбейсің, еркін сезінесің, қызық сезінесің). Спорттық киім дененді (жылжытпайды, қызықтырмайды, қыспайды), қимылынды (шектемейді, тарылтады, шектейді). Спорттық киімдер жоғары технологиялы материалдардан жасалады. Олар денеге (бояу жібереді, ауа жібереді, көз жібереді), (ылғал өткізбейді, ылғалданырады, суландырмайды). Бұл киімдер — спортпен шұғылдансан да, жай қыдыруға кисең де, (ыңғайлы, ыңғайсыз, әдемі).

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Сөз тіркестерін қатыстырып бірнеше сөйлем құра.

Өзінді еркін сезіну, өте ыңғайлы, денеге ауа жібереді, ылғал тигізбейді, дененді қыспайды, қимылынды шектемейді, спорттық киім, спорттық аяқкиім, ашық тұс, көнілінді көтереді.

## ОҚЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Жағдаят: Досыңмен бірге киім-кешек дүкеніне бардың. Дүкеннен өзіңе ыңғайлы, еркін сезінетін киімдер ал. Сатып алған киімдерінді суреттеп (түсі, ұзындығы, өлшемі) жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

Сыныптастыңмен бірге киім кио үлгілерің жайлы диалог құр.

## ЕСТЕ САҚТА!

Спорттық киім ыңғайлы, өзінді еркін сезінесің. Спорттық киім дененді қыспайды, қимылынды шектемейді. Олар денеге ауа жібереді, ылғал өткізбейді.

# Сән алемі

5—6  
САБАҚ

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Мектептегі киім кио үлгісі мен әдебін суреттеп айт (мектеп формасының түсі, пішіні).

### ЖАҢА СӨЗДЕР

белдеміше, қалпақ,  
топтамалар көрсетілімі

### ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Мамандық иелерінің киім кио үлгісін суреттеп жаз.

• Спортшы




• Әртіс



• Мұғалім



• Менеджер



### АЙТЫЛЫМ

#### 3 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Мектеп киімінің үлгісі, түсі саған ұнай ма?
- Саған еркіндік берсе, мектепке қандай киіммен келер едің?

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### 4 -тапсырма. Тыңда. Мәтінді оқы.

Қазақстанда Құралай Нұрқаділова, Берік Үсмайылов, Айгүл Қасымова, Аида Қауменова, Камила Құrbани, Мая Қуандықова және т.б. заманауи сәнгерлер киім кию үлгісін жасайды. Олар Қазақстандағы сән өнерінің дамуына зор үлес қосты. Түрлі сәндік үлгілердегі киімдерді ойлап тауып, халықта ұсынды. Бұл сәнгерлердің қолынан шыққан сәнді киімдерді көбінесе сахнада жүрген өнер адамдары киеді. Сәнгерлер өнер адамдарының сұранысы бойынша арнайы киім үлгілерін дайындаиды.

Қазір сәнді киімдерді тігумен айналысатын аттары елімізге танымал «Сымбат», «Ерке-Нұр», «Фортуна», «Сара», «Нұр әсем», «Роза», «Дэва» сияқты сән ательелері бар.

«Сымбат» сән академиясы 1947 жылдың 19-шында зертханасы болып құрылған. Қазір әлемге танымал холдингке айналды. 1972 жылдың 19-шында мамандарының сән үлгілері алғаш рет шетелге шығарылды. Шетелдегі сән майталмандарының сынынан өтті. 1988 жылдың 19-шында «Сымбат» сән үйі «Золотая лента» бас жүлдесіне ие болды. Ол Қазақстандағы «Must industries» (АҚШ Нью-Йорк) секілді танымал компаниялар үшін аты әлемге әйгілі «Chico's», «White and black», «Victoria secrets» атты сауда маркаларымен киім үлгілерінің айрықша дизайннің жасап шығарады. Компанияның топтамалары халықаралық подиумдарда жылына екі рет көрсетіліп тұрады.

1987 жылдың 19-шында «Сымбат» сән театрының негізі қаланды. Сән театры көптеген шетелдік сән жәрмеңкелеріне қатысқан. «Сымбат» сән театры Қазақстандың атынан 30-дан астам елде өз топтамаларын көрсетіп келеді. Франция, Англия, Италия, Канада, Корея Республикасы, Ресей және т.б. елдерде танылды. Онда қазақ халқының үлттық ерекшеліктері мен мәдениеті негізге алынып, ою-өрнекпен өрнектелген 700-ге жуық киім үлгісі жинақталған.

«Сымбат» сән журналы 1958 жылдан бастап жарық көре бастады. Бүгінгі таңда мұндағы сән журналдарының саны көбейді. Олар: «Burda», «Сәулелі сән» (қыз-келіншектерге арналған мұсылмандық сән журналы). «Ерке-Нұр» компаниясының жанынан 2007 жылдан бері «Ерке-Нұр» атты қыз-келіншектерге арналған әдеби-танымдық сән журналы шығып келеді.

(«Қазақстан» энциклопедиясынан)

## АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма. Төменде берілген сөйлемдердің қайсысы мәтіннің тақырыбы болады?

Сөйлемдердің дұрыс нұсқасын әрі қарай жалғастырып жаз.

Мәтіннің тақырыбы — сәнгерлерді таныту, себебі ...

Мәтіннің тақырыбы — сән әлемінен хабардар ету, себебі ...

Мәтіннің тақырыбы — «Сымбат» сән үйін таныту, себебі ...

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Мәтінді оқы. Мәтін мазмұнына қарай ойбөліктерін дұрыс орналастыр. Ретін сандармен белгіле.

- Сән журналдары
- «Сымбат» сән үйінің жетістіктері
- «Сымбат» сән үйінің тарихы
- Сәнгерлердің қызметі
- Сән ательелері
- Қазақстандық танымал сәнгерлері
- «Сымбат» сән театры туралы



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Етістіктерді үш шақта жаз.

етістіктер	осы шақ	келер шақ	өткен шақ
үлес қосу	үлес қосып жатыр	үлес қоспақ	үлес қосты
ойлап табу			
қызмет ету			
құрылу			
жасап шығару			
өткізіліп тұру			
қатысу			
жинақталу			
көбею			

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Қою қаріппен берілген болымсыз етістіктерді болымды етістікке айналдырып жаз.

Сәнгерлер Қазақстандағы сән өнерінің дамуына үлкен үлес **косқан жоқ**. Түрлі сәнді киімдерді ойлап **тапқан жоқ**. Оны халықта **ұсынған жоқ**. Бұл сәнгерлердің қолынан шыққан сәнді киімдерді өнер адамдары **киген жоқ**. Сәнгерлер өнер адамдарының сұранысы бойынша арнайы киім үлгілерін **дайындаған жоқ**.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Мәтінге сүйеніп, сөйлемдерді аяқта.

1947 жылы ...

1972 жылы ...

1988 жылы ...

1987 жылы ...

1958 жылы ...

2007 жылы ...

## МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10 -тапсырма.

Берілген сұрақтарға жауап жаз.

«Сымбат» сән журналы қай жылдан бастап жарық көрді? Бүгінгі таңда қанша сән журналы шығады? «Ерке-Нұр» компаниясының жанынан қандай журнал шығады? Ол қай жылдан бастап шығады?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 11 -тапсырма.

Мәтіннен теріп жаз.

Сәнгерлердің аты-жөні:

Сән ательелерінің атауы:

Мемлекет атаулары:

Маралат атаулары:

Сән журналдарының атаулары:

Компания, фирма атаулары:



## АЙТЫЛЫМ

### 12 -тапсырма.

Жағдаят: Анаңмен киім дүкеніне келдің.

Сатушыдан өзіңе шақ келетін, кешкі салтанатқа қажетті қандай киім бар екенін, оның түрі мен түсін, матасын, қай елдің өнімі екенін, киімнің өлшемін сұра. Өзіңе қажетті киімді суреттеп бер.

## ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстан сәнгерлері сән өнерінің дамуына зор үлес қосты. Сәнгерлер арнайы киім үлгілерін дайындайды.

# Жігіт сипаты Ақан Сері Қорамсаұлы

## МЕТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1 -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

- Сенің сыныптастарыңың, достарыңың мінездері қандай?
- Олардың бойынан қандай жақсы қасиеттерді көргің келеді?

### АЙТЫЛЫМ

#### 2 -тапсырма.

Суретке қарап,  
батырлардың  
бойында қандай  
қасиет болатынын  
айт.



Қазақтың батыры



Кенесары хан



Екі дүркін Кенес Одағының  
Батыры Талғат Бигелдинов



Кенес Одағының Батыры  
Бауыржан Момышұлы



Кенес Одағының Батыры  
Қасым Қайсенов

7—8  
САБАҚ

### ЖАҢА СӨЗДЕР

gauhar тас, кілең, тәүір, соқыр,  
масыл, жорға, шамшырақ,  
өсімет, залал

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

#### Ақан сері Қорамсаұлы

Қорамсаұлы Ақан сері (1843—1913) — қазақ халқының әйгілі әнші-композиторы, ақын. Ақан сері Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданында туған. Әкесі — Қорамса, шешесі — Жаңыл қарапайым шаруа адамдары болған. Алғашқыда ауыл молдасынан сауат ашып, кейін (1856—1859) Қызылжардағы Уәли (Ахметуәли) медресесінде оқыған.

Ақан сері өмірін өнер жолына арнаған. Халық Ақанның бойындағы қайталанбас биік өнерді жоғары бағалаған. Халық ақынның өлеңдерін сүйіп орындаиды.



## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы.

#### МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

#### Жігіт сыны (Ақан сері Қорамсаұлы)

Жігіт боп, гауһар тастай асыл болса,  
Әлсізге жаңы кілең ашыр болса.  
Әрқашан жігіт сондай тәуір болмас,  
Не пайда шүберектей жасыл болса?!  
Көзі де, көңілі де соқыр қараңғының,  
Несі адам түк білмейтін масыл болса?!  
Наркескен қайрылмайтын қылыш болса,  
Мінез, ақыл, өнері дұрыс болса!  
Бір сырлы, сегіз қырлы болса жігіт,  
Жорғадай тілі майды жүріс болса!  
«Ақылды, сабырлы ер!» деп соны айтамыз:

Еткені берекелі жұмыс болса!  
Бұл айтқан ақылымда жалған бар ма?  
Көріңдер миға салып, бұрыс болса.  
Бозбала шамшырақтай жанар болса,  
Ішінде қалың топтың жанар болса.  
Ақиқат адамдықтың белгісі сол:  
Су берсөң, балдай көріп қанар болса.  
Ақылсыз кейбіреудің мінезі сол:  
Бір сөзді екі қылып жамар болса.  
Бұл саған айтқан, досым, өситетім,  
Жүре бер тыңдамай-ақ залал болса.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Берілген сұрақтарға  
өлең жолдарынан  
жауп тауып оқы.

1. Асыл жігіт қандай болады?
2. Масыл жігіт қандай?
3. Бір сырлы, сегіз қырлы жігіт қандай болады?
4. Ақылды, сабырлы жігіт қандай болады?
5. Адамдығы бар жігіт қандай болады?
6. Ақылсыз жігіт қандай болады?

## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Сұрақтарды жауаптарымен сәйкестендір.

1. Элсізге жаны кілең ашыр жігіт қандай болады?	a. Масыл жігіт
2. Көзі де, көңілі де соқыр қаранғы жігіт қандай болады?	ә. Асыл жігіт
3. Мінезі, ақылы, өнері дұрыс қандай жігіт болады?	б. Ақылды, сабырлы жігіт
4. Қандай жігіттің еткені берекелі жұмыс болады?	в. Бір сырлы, сегіз қырлы
5. Қандай жігіт қалың топтың ішінде жанар болады?	г. Ақылсыз жігіт
6. Қандай жігіт бір сөзді екі қылып жамар болады?	ғ. Адамдығы бар жігіт

## АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Ағаларыңың қандай болғанын қалайтыныңды суреттерден көрсетіп бағынап бер.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Кестені толтыр.

Тарихи тұлғалардың бойындағы ізгі қасиеттер	Қазіргі жігіттердің бойындағы өзің байқаған қасиеттер	Жігіттерде болуы керек қасиеттер

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Өзің білетін ер адам туралы (атан, әкең, аға, інің, досың) мәтін жаз. Мәтінде ол адамның жақсы қасиеттері, мінезі, түрі сипатталсын. Өзің жазған сипаттау мәтініндегі кейіпкер мен Ақан сері Қорамсаұлы жырлаған «Жігіт сипатындағы» ер азаматтың қандай үқсастығы мен айырмашылығы бар?



### ЕСТЕ САҚТА!

Асыл жігіт ақылды, сабырлы, өнерлі болады. Жұмысы берекелі болады. Жаман жігіт екі сөзді, көзі де, көңілі де соқыр болады.

# Қызы сипаты



## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**1** -тапсырма.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Әдемі қыз қандай болуы керек?
2. Қыз бала әдемі болуы үшін бет-әлпетінің сұлулығы жеткілікті ме?

### ЖАҢА СӨЗДЕР

ақша маңдай, дана, жауға бермес, шаһбаз, жұмак, хор қызы

### ЖАЗЫЛЫМ

**2** -тапсырма.

Түсіндірме сөздікten «ақша маңдай», «ақша бет», «шаһбаз», «хор қызы» деген сөздерді қарап, мағынасын түсініңдер. Сол сөздерді пайдаланып, сөз тіркесін құрандар.

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**3** -тапсырма.

Тыңда. Мәтінді оқы. Өзің қалаған екі шумақты жатта.

Бірінші бір қыз келер ақша маңдай,  
Жамағат — үлкен-кіші мақтағандай.  
Анадан туғаннан-ақ болып дана,  
Әлінше жақсыларды жақтағандай

Құрбысын жауға бермес ол шаһыбаз,  
Жолдасын сары алтындаі сақтағандай.  
Жүреді теңін тауып ойнап-куліп,  
Сыны жоқ жұмысының ақсағандай.

Екінші бір қыз келер тілі жорға,  
Ұқсаған жұмақтағы бейне хорға.  
Ажары, ақша беті сағымданып,  
Жарасар құлағына алтын сырға.

Үшінші бір қыз келер қара шашты,  
Құлім көз, оймақ ауыз, қиғаш қасты.  
Шомылған айдын көлдің аққуындей,  
Отырар «Ағажан!» деп кәрі-жасты.



Сарiev Шаймардан  
Қыз Жібек

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Берілген сұрақтарға өлең жолдарынан жауап тауып, оқы.

1. Бірінші қыз қандай?
2. Екінші қыз қандай?
3. Үшінші қыз қандай?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

Өлеңнен әр қыздың сипаттамасын тауып, сызбаны толтыр.



## АЙТЫЛЫМ

### 6 -тапсырма.

Өлеңді оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тілі жорға, жұмақтағы хор қызына үқсайтын — қай қыз?
2. Құрбысын жауға бермейтін — қай қыз?
3. Құлім көз, оймақ ауыз — қай қыз?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7 -тапсырма.

Суреттерді өлеңдегі қыздардың сипаттамасымен салыстырып айт.



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 8 -тапсырма.

Өлеңдегі әр қызға ат қой.

Ол қызды екінші жақтан сипатта.



**Улгі:** Бірінші қыздың аты — Айсулу. Ол ... .

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9 -тапсырма.

Кестені толтыр. Өз ойынды жаз.

Қызы Жібек, Мәншүк, Әлияның бойындағы қасиеттер	Қазіргі қыздардың бойындағы өзің байқаған жақсы қасиеттер	Қызда болуы керек қасиеттер

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма.

Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қой.

**Қажетті сөздер:** ақша маңдай, дана, тілі жорға, оймақ ауызды.

Бірінші бір қыз... , құрбысын жауға бермейді. Ол ... , құрбысын жауға бермейді.

Екінші қыздың ... , хор қызына ұқсайтын сұлу. Құлағында алтын сырғасы бар.

Үшінші қыздың шашы қара, ... , қиғаш қасты.

### ЕСТЕ САҚТА!

Ақ маңдайлыш, хор қызы. Даның қызы. Құрбысын жауға бермейді. Тілі жорға. Құлім көз, оймақ ауыз, қиғаш қасты.



# Нәмиже сабак. Мен не үйрендім?



## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 1 -тапсырма.

Тында.  
Мәтінді  
оқы.

Берік Үсмайылов — халықаралық дәрежеде кең танылған сәнгер. Қазақ жігіттерінің арасында мұндағы өнермен айналысатындар сирек. Ол — модельер-конструктор. Ол «Берік Үсмайылов» авторлық сән салонының директоры. Омбы политехникалық институтының, Мәскеудегі «Любовь Красникова-Аксенева» авторлық мектебін бітірген.

Берік Үсмайыловтың әкесі де өнерлі адам болған. Өнер әкесінен дарыған. Оның дизайнер-конструкторлық өнері балалық шақтан басталған.

Берік Үсмайылов тоқыма бұйымдарды шығарғысы келеді. Ұлттық дәстүрді жалғастырығысы келеді. Көрмеге ұлттық дәстүрде жасалған заттарды апарғысы келеді.

(<http://www.azattyq.mobi> сайтынан)

## АЙТЫЛЫМ

### 2 -тапсырма.

Мәтін мазмұнына сай сұрақтардың ретін анықта.

1. Берік Үсмайылов — кім?
2. Сәнгерге өнер кімнен дарыған?
3. Сәнгердің дизайнер-конструкторлар дайындастырын мектебі қалай аталады?
4. Ісмер жігіттің алға қойған мақсаты қандай?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 3 -тапсырма.

Жағдаят: Мектеп киімінің үлгісін жасауың керек. Мектеп киіміне қандай үлгі ұсынар едің? Киімің түсі, үлгісі, матасы қандай болады? Киімің суретін сал. Оны сипаттап жаз.

## АЙТЫЛЫМ

### 4 -тапсырма.

Жұптық жұмыс. Қазақстан ұлттық құрамасының спорттық киім үлгісін суреттеңдер. Ол киім үлгісі қай жылы дайындалды, дизайнери кім болғанын анықтаңдар. Жиналған ақпарат бойынша жұпқа бөлініп, диалог құрындар.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. тақырыпқа қатысты бір зат есім;
2. бірінші зат есімге қатысты екі сын есім;
3. бірінші зат есімге қатысты үш етістік;
4. бірінші зат есімді суреттеп толықтыратын төрт кілт сөз;
5. тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім).

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5 -тапсырма.

«Жастар киімі» тақырыбына синквейн (бес жолды тақпақ) дайында.

# Мазмұны

## 1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ – ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫП ҮЙРЕНЕМІЗ. ҮШ ТІЛДІ БІЛУ – ҮЛКЕН ӨНЕР

1-2 сабақ. Көп тіл білгім келеді .....	4
3-4 сабақ. Талаптыға нұр жауар .....	10
5-6 сабақ. «Қазақ тілі» өлеңі .....	14
7-8 сабақ. Біз отбасымызбен мемлекеттік тілде сөйлейміз .....	18
9-10 сабақ. Бүгіннен бастаймын.....	24
11-12 сабақ. Тіл табысу – өнер .....	28
13-14 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	32

## 2. УАҚЫТ – ҰЛЫ ҚУШ. АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ «САҒАТТЫҢ ШЫҚЫЛДАҒЫ – ЕМЕС ЕРМЕК»

1-2 сабақ. Уақыт – сый .....	34
3-4 сабақ. Уақыттың бос өткені...	37
5-6 сабақ. Уақытты бағалайсың ба? .....	40
7-8 сабақ. «Өмір», «дүние» дегенің – ағып жатқан су екен.....	44
9-10 сабақ. Бір минут бір кісінің өмірі .....	48
11-12 сабақ. Уақыт – өмір .....	51
13-14 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	54

## 3. ЖЕРДЕГІ КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

1-2 сабақ. Фаламдық экология мәселелері .....	56
3-4 сабақ. Экологиялық сауаттылық .....	60
5-6 сабақ. Қазақстандағы мұздардың еруі ....	64
7-8 сабақ. Ауызсу қорының азаю себебін білесің бе? .....	69
9-10 сабақ. Әлем климатының өзгеруі .....	74
11-12 сабақ. Д. Дефо «Робинзон Крузо» (үзінді) .....	77

13-14 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	81
--	----

## 4. ҚАЗАҚСТАННЫң ЕЖЕЛГІ ҚАЛАЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

1-2 сабақ. Ұлы дағала өркениеті.....	82
3-4 сабақ. Отырар — өркениет ордасы .....	88
5-6 сабақ. Ұлы жібек жолы .....	92
7-8 сабақ. Тараздың бойтұмары .....	97
9-10 сабақ. Б. Ұзақов «Жантаза» .....	101
11-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	105

## 5. СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ КҮТИМІ. Т. НҰРМАҒАМБЕТОВ «ОН ТӨРТ ЖАСАР ЖІГІТ»

1-2 сабақ. Футбол ойнаймыз .....	106
3-4 сабақ. Жеңіл атлетикаға қатысамын ....	110
5-6 сабақ. Еңбек — денсаулық кепілі .....	115
7-8 сабақ. Еңбек етсең ерінбей.....	118
9-10 сабақ. Еңбекпен келген жеңіс .....	121
11-12 сабақ. Ұлттық команда .....	124
13-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	128

## 6. ҰҚСАТЫМ. СӘН. ТАЛҒАМ.

1-2 сабақ. Киім килю мәдениеті .....	130
3-4 сабақ. Еркін киінемін .....	134
5-6 сабақ. Сән әлемі .....	137
7-8 сабақ. Жігіт сипаты. Ақан Сері Қорамсаұлы .....	141
9-10 сабақ. Қызы сипаты .....	145
11-12 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	149

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Көкжиеқ-Горизонт"/зашщищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя" (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Көкжиеқ-Горизонт"/зашщищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя" (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Көкжиеқ-Горизонт"/зашщищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя" (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Көкжиеқ-Горизонт"/зашщищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя" (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

<p><b>Оқу басылымы</b></p> <p>Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даuletбекова, Р. С. Раҳметова, А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мукеева</p> <p>Қазақ тілі мен әдебиеті: Бәйшешек. Оқулық 1-бөлім</p> <p>Қазақ тілінен басқа тілде оқытылатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған</p> <p>Әдіскер Б. Қ. Мукеева Редактор Г. Қ. Омарбекова Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова, М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина Фотосуретші П. Михеев Мұқаба әрленімі Д. Н. Буксикова Техникалық редактор Д. К. Тынбаев Беттеуші Д. К. Тынбаев, С. Қыдырбай</p> <p>03.06.20 басылымға жіберілді. 60×90 ½ форматы. Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі. Офсетті қағаз. Шартты баспа табағы 14.5 Қосымша таралымы 7 000 «Реформа» ЖШС-нде басылған.</p> <p>«Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 050022, Алматы қ., Сейфуллина даңғылы, 597 А үй тел. +7 (727) 220 76 60 <a href="http://www.kokziek-gorisont.com">www.kokziek-gorisont.com</a></p>	<p><b>Учебное издание</b></p> <p>Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даулетбекова, Р. С. Раҳметова, А. К. Рауандина, Б. К. Мукеева</p> <p>Қазақ тілі мен әдебиеті: Бәйшешек. Учебник Часть 1</p> <p>Для 7 класса 11-летней общеобразовательной школы с неказахским языком обучения</p> <p>Методист Б. К. Мукеева Редактор Г. К. Омарбекова Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова, М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина Фотограф П. Михеев Дизайн обложки Д. Н. Буксикова Технический редактор Д. К. Тынбаев Компьютерная верстка Д. К. Тынбаев, С. Кыдырбай</p> <p>Подписано в печать 03.06.20. Формат 60×90 ½. Печать офсетная. Гарнитура «DIN». Бумага офсетная. Усл. печ. л. 14.5 Дополнительный тираж 7 000 Отпечатано ТОО «Реформа»</p> <p>ТОО «Көкжиек-Горизонт», 050022, г. Алматы, проспект Сейфуллина, дом 597 А тел. +7 (727) 220 76 60 <a href="http://www.kokziek-gorisont.com">www.kokziek-gorisont.com</a></p>
---	--